

ЗАҢҒЕР

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚ ЖАРШЫСЫ
ВЕСТНИК ПРАВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

Байбатыров Серік Кәтенұлы

Қазақстан Республикасы Судьялар одағының
төрағасы, Председатель Союза судей Республики
Казахстан

Дауылбаев Асқат Қайзоллаұлы

Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры
Генеральный Прокурор Республики Казахстан

Имашев Берік Мәжитұлы

Қазақстан Республикасының Әділет министрі
Министр юстиции Республики Казахстан

Қасымов Қалмұханбет Нұрмұханбетұлы

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі
Министр внутренних дел Республики Казахстан

Мәми Қайрат Әбдразақұлы

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы
Председатель Верховного Суда РК

Рогов Игорь Иванович

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің
Төрағасы
Председатель Конституционного Совета РК

Сәрінжіпов Аслан Бәкенұлы

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым
министрі
Министр образования и науки Республики Казахстан

Сыдықов Ерлан Бәтташұлы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық
университетінің ректоры
Ректор Евразийского национального университета
им. Л.Н. Гумилева

Ударцев Сергей Федорович

ҒЗИ «Құқықтық саясат және конституциялық
заңнама» директоры, з.ғ.д., профессор
Директор НИИ «Правовой политики и конституцион-
ного законодательства», д.ю.н., профессор

ВЕРХОВНЫЙ СУД РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КОНСТИТУЦИОННЫЙ СОВЕТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ГЕНЕРАЛЬНАЯ ПРОКУРАТУРА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
МИНИСТЕРСТВО ВНУТРЕННИХ ДЕЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
СОЮЗ СУДЕБНЫХ ИСПОЛНИТЕЛЕЙ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КАЗАХСКИЙ ГУМАНИТАРНО-ЮРИДИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Борчашвили Исидор Шамилович

з.ғ.д, проф./ д.ю.н., проф. «Қылмыстық құқық» бөлімінің
жауапты редакторы
Ответственный редактор раздела «Уголовное право»

Қаудыров Төлеш Ерденұлы

з.ғ.д, проф./ д.ю.н., проф. «Зияткерлік меншік» бөлімінің
жауапты редакторы
Ответственный редактор раздела
«Интеллектуальная собственность»

Қоғамов Марат Шекішұлы

з.ғ.д, проф./ д.ю.н., проф. «Қылмыстық іс жүргізу»
бөлімінің жауапты редакторы
Ответственный редактор раздела «Уголовный процесс»

Мороз Светлана Павловна

з.ғ.д, проф./ д.ю.н., проф. «Жеке құқық»
бөлімінің жауапты редакторы
Ответственный редактор раздела «Частное право»

Подопригора Роман Анатольевич

з.ғ.д, проф./ д.ю.н., проф. «Әкімшілік құқық»,
«Салық құқығы» бөлімдерінің жауапты редакторы
Ответственный редактор разделов «Административное
право», «Налоговое право»

Порохов Евгений Викторович

з.ғ.к./ к.ю.н. «Қаржы құқығы», «Салық құқығы»
бөлімдерінің жауапты редакторы
Ответственный редактор разделов «Финансовое
право», «Налоговое право»

Сүлейменов Майдан Күнтуарұлы

з.ғ.д, проф./ д.ю.н., проф. «Жеке құқық» бөлімінің бас
редакторы
Главный редактор раздела «Частное право»

Тлепина Шолпан Валерьевна

з.ғ.д, проф./д.ю.н., проф. «Құқық тарихы»
бөлімінің жауапты редакторы
Ответственный редактор раздела «История права»

Решением коллегии Комитета по надзору и аттестации в
сфере образования и науки МОН РК № 14 от 30 декабря
2006 г. журнал «ЗАҢҒЕР» включен в Перечень научных
изданий, рекомендуемых для публикации основных
результатов диссертаций по юридическим наукам.

Мнения и взгляды, содержащиеся в данном журнале,
могут не совпадать с официальной позицией редакционной
коллегии журнала и отражают авторскую точку зрения.

Материалы присылать по адресу:
zanger-press@mail.ru

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген. Тіркеуге қою туралы куәлік №2158-Ж, 2001 жылы 25 шілдеде берілді.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ

«Қазақстан Республикасы Судьялар Одағы» РҚБ

ШЫҒУЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Бөлімнің жауапты редакторы

А. Беркимбаева

Журналистер: Т. Миrows,

Ш. Рахимов, А. Сатыбалдиева

Әрлемші: И. Брюханова

Редакцияның мекен-жайы: Алматы

қ., Шалыпин к-сі, 13/19

«VEDA PRESS»

баспаханасында басылды

Алматы қаласы,

Абай даңғ., 68/74, 202 оф.

тел. +7(727) 277 54 54

Теруге берілген күні

10.01.2015 ж.

А-4 форматы

қағазы мелованный,

офсеттік басылыс,

таралымы 3931 дана

№ 11 заказы

Журнал зарегистрирован
в Министерстве культуры,
информации и

общественного согласия

Республики Казахстан.

Свидетельство о постановке

на учет № 2158-Ж

от 25 июля 2001 г.

УЧРЕДИТЕЛЬ

РОО «Союз судей

Республики Казахстан»

ВЫХОДНЫЕ ДАННЫЕ

Ответственный редактор

А. Беркимбаева.

Журналисты: Т. Миrows,

Ш. Рахимов, А. Сатыбалдиева

Дизайн и верстка

И. Брюханова.

Адрес редакции: 050050

Республика Казахстан.

г. Алматы, ул. Шалыпина д.13/19

Тел. (727) 330-88-29,

8-701-785-19-61, 8-705-201-68-73.

Материалы присылать

по адресу: zanger-press@mail.ru

Отпечатано в типографии

ТОО «VEDA PRESS».

Адрес: пр. Абая 68/74, оф. 202,

тел. +7(727) 277 54 54

Сдано в печать: 10.02.2015

Формат А-4

Бумага мелованная,

печать офсетная, 5,5 п.л.

Тираж: 3931 экз.

Заказ № 11

Содержание

Сот төрелігі

Қайрат МӘМИ

«Сот төрелігінің мінсіз жүйесі – құқық үстемдігін қамтамасыз етудің негізі»4

В Верховном суде

Борьба с коррупцией: непримиримо, жестко, в пределах закона 10

Меже

Тәуелсіз сот – мемлекеттің алтын діңгегі.....16

Официальный отдел.....19, 20

Проводили в почетную отставку21

Лучший суд - 2014

Мұратғали ӘКЕТАЙ

«Счастье – жить в эпоху перемен»22

Ақан ДЖУМАГУЛОВ

Семей қалалық соты – республикадағы аудандық соттардың ішіндегі ең үздігі!.....27

Тұғыр

Нұрғазы ӘБДІҚАНОВ

Тарихты тұлғалар жасайды31

Құқықтық саясат

Нұрлан ҚАЙЫРБЕКОВ

Жаңа кодекстердің мінсіз орындалатынына шүбә жоқ35

Уголовно-процессуальный кодекс РК

Булытбай МАМЫТОВ

Проблемные вопросы по применению нового УПК РК39

Гражданское законодательство

Роза ЕРТАЕВА

О применении обстоятельств непреодолимой силы (форс-мажор)43

Коллизии права

Светлана БАЙМУХАНОВА

Закон РК «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью» нуждается в изменении и дополнении46

Содержание

Заң айнасы

Бақыт ҚОНАҚБАЕВ Құқықтық реформа саласындағы жаңа белестер	50
--	----

Әкімшілік заңнама

Ермек МАХМЕТОВ Әкімшілік заңнаманы оңтайландыру заман талабы	52
--	----

Талқы

А. АҚПАНОВА Құқықтық құжат жазаны ізгілендіруді мақсат еткен	58
--	----

Неке және отбасы кодексі

Нұргүлсім БЕСБАЕВА Шағын мемлекеттің шаттығы шайқалмасын	61
--	----

Медиация

Сәуле БАЛТАБАЕВА Дала заңынан дара заңға дейін	64
---	----

Процессуальное производство

Мадина СИСЕНОВА Свидетель, имеющий право на защиту	68
---	----

Обсуждаем проект ГПК РК

Динара КУЙКАБАЕВА Оставление иска без движения как помощь истцу в реализации его права на судебную защиту	72
--	----

Процессуальное производство

Геннадий НАМ Суду - свою систему регистрации	75
---	----

Клуб молодого судьи

Инесса КУАНОВА Факты - упрямая вещь	78
--	----

Теория права

Григорий ВЕРДИЯН Пределы судейского усмотрения при реализации добросовестности и иных оценочных категорий в гражданском праве России	82
--	----





Сот төрелігі



Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының Төрағасы
Қайрат Мәми:



*«Сот әділдігінің
мінсіз жүйесі –
құқық үстемдігін
қамтамасыз
етудің негізі»*



- Қайрат Әбдіразақұлы, республика соттарының 2014 жылы жүзеге асырған сот әділдігінің қорытындылары туралы айтып өтсеңіз. Қандай бағытта жұмысты күшейту қажет деп есептейсіз және 2015 жылы ел азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын одан әрі қорғау бағытында қандай жұмыстар атқарылатын болады?

- Жалпы алғанда, республика соттары өткен жылы сот әділдігін жүзеге асыруда барынша объективті, ашық әрі жариялы түрде қызмет етті деп айта аламын. Бұған тұрғындардың сотқа жүгіну санының артуы, жоғарғы сатыда күші жойылған және өзгертілген сот актілерінің үлес салмағының азаюы, жүргізілген әлеуметтік зерттеулердің нәтижелері дәлел бола алады.

Соттардың 2014 жылғы қызметіне жүргізілген талдау елдегі сот әділдігін жүзеге асыру сапасының біршама жақсарғанын көрсетті. Сот әділдігін жүзеге асырудың сапалық және сандық көрсеткіштері жақында Президент жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте жарияланды. Бұқаралық ақпарат құралдарына да тиісті мәліметтер берілді. Сондықтан, ең негізгі көрсеткіштерге ғана тоқталып өтуді жөн санап отырмын.

Өткен жылы соттарға бір миллион екі жүз мыңнан астам арыз және іс келіп түсті. Бұл 2013 жылмен салыстырғанда 8,7%-ға артық. Шешім шығарылған азаматтық істер санының шамамен 450 мыңды құрауы Қазақстан азаматтарының сот жүйесіне деген сенімінің артқандығын айғақтайды. Былтыр соттарға 43 794 қылмыстық іс келіп түсті. Ал 20 573 қылмыстық іс бойынша 25 557 адамға қатысты үкім шығарылып, 478 адам ақталды.

Жалпы алғанда, республика бойынша қабылданған сот актілерінің 98,7%-ы заңды әрі негізді болып табылады.

Өзіңізге мәлім, Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Судьялардың VI съезінде судьялар қауымдастығына бірқатар іргелі тапсырма берген болатын. Олар: соттар қызметінің заңнамалық және іс жүргізу нормаларын жүйелі түрде жетілдіру; сот құрылымын әрі қарай дамыту; әлеуметтік саладағы даулар мен қақтығыстарды шешудің баламалы жолдарын енгізу; сот әділдігіне азаматтардың қолжетімділігін қамтамасыз ету және судьялар корпусының кәсіби деңгейін арттыру.

Міне, осы аталған тапсырмаларды орындау мақсатында сот органдары жүйелі жұмыстарды қолға алды.

Өткен жылдың шілдесінде Қылмыстық, Қылмыстық-процестік, Қылмыстық атқару және Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекстер қабылданды. Жыл басынан бері республика соттары азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау кепілдігін нығайтуға бағытталған осы жаңа қылмыстық заңнама аясында жұмыс істеуде.

Өткен жылғы қарашада «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық заңы мен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот төрелігін іске асыруды одан әрі жеңілдету, төрешілдік рәсімдерді азайту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы да қабылданды.

Конституциялық заңға енгізілген өзгертулер сот жүйесін одан әрі жетілдіруге бағытталса, ілесіп Заңға енгізілген өзгертулер сот істерін қараудың жеделдігі мен ыңғайлы болуын, сондай-ақ ақпараттық технологияларды қолдану саласын кеңейтуді көздейді.

Азаматтық істер жүргізу кодексінің жобасы өткен жылдың желтоқсанында Пар-

ламент Мәжілісінің қарауына енгізілді. Аталған кодекстің жаңа жобасы күрделі емес санаттағы істер бойынша бұйрық арқылы іс жүргізуді қолдану салаларын кеңейтуді, сондай-ақ істердің жекелеген санаттары бойынша сот ісін жүргізудің жеңілдетілген тәртібін енгізуді қарастырады.

Жоғарғы Сот судьяларынан құралған жұмыс тобы қазіргі таңда Әкімшілік процесстік кодекс жобасын өзірлеуде. Жаңа Кодексте мемлекет пен азаматтың (ұйымдардың) арасындағы көпшілік-құқықтық қатынастардан туындайтын дауларды шешуге негізделген әкімшілік әділет жүйесінің мәселелері қарастырылған.

2014 жылы сот жүйесінде электронды сот өндірісін енгізу жұмыстары қарқын алды. Осы орайда, «Сот кабинеті», «Сот құжаттарымен танысу» сервисі, сот процестерін аудио және бейнетіркеу жүйесі, СМС және электронды хабарламалар тарату секілді жобалар жүзеге асырылуда.

Міне, осы аталған жұмыстардың барлығы биыл да жалғасын тауып, ел азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың тиімділігін арттыруға ықпал етеді деп сенемін.

- Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің халыққа арнаған кезекті Жолдауында Қазақстанның жаңа экономикалық «Нұрлы жол» саясатын іске асыруды және соның шеңберінде шағын және орта бизнес субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды тапсырды. Осы бағытта сот жүйесінде қандай іргелі істер қолға алынауда?

- Мемлекет басшысы 2014 жылғы 11 қарашада өзінің кезекті «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауында әлемдік экономика дамуының қазіргі ахуалына шолу жасап, Қазақстанның жаңа экономикалық саясатын жария-

лап, таяу келешекке бағытталған негізгі басымдықтарды айқындап берді.

Сөз жоқ, сот жүйесінің үйлесімді жұмысы азаматтардың мемлекеттік институттарға деген сенімін арттыруға ықпал ететін негізгі фактор болып табылады. Қазіргі экономикалық жағдайда сот жүйесінің алдында кәсіпкерлік субъектілері қатысатын сот істерінің қаралуын жеделдету, сот өндірісін жеңілдету және төрешілдік рәсімдерді азайту маңызды болып табылады. Осыған орай, Жоғарғы Сот өз құзыретінің аясында еліміздің бірыңғай инвестициялық саясатын іске асыру жөніндегі жүйелі шараларды қабылдауда. Қолданыстағы заңнама негізінде бизнестің мүддесін сотта лайықты қорғауды жүзеге асыру мақсатында мамандандырылған экономикалық соттарда қаралатын істердің сапасын барынша арттыруға зор мән беріп отырмыз.

Қазіргі кезде шетелдік инвесторлардың қатысуымен дауларды қарайтын дербес сот құру мәселесі қарастырылуда. Оны Жоғарғы Соттың мамандандырылған алқасы ретінде құру жолы да талқылануда. Бұл дауларды неғұрлым жоғары деңгейде шешуге және жергілікті билік органдарының сотқа ықпал етуінің әлеуетті мүмкіндігін болдырмауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Жоғарғы Сот Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, «Төрелік сот туралы» заң жобасын әзірлеуге де белсенді түрде қатысуда.

Бүкіләлемдік банкпен өзара ынтымақтастық шеңберінде сот әділдігін институционалдық тұрғыдан нығайтуға бағытталған бағдарламалық құжат бекітілді. Аталған жоба бойынша судьялардың біліктілігін арттыру және мамандандырылған экономикалық соттардың қызметін оңтайландыру, осы бағыттағы сот ісін жүргізудің тетіктерін жетілдіру бойынша бірқатар нақты шараларды жүзеге асыру жоспарлануда.

- Соңғы жылдары кейбір судьялар (К.Өтемісова, И.Пугаев, Н.Маркашова және т.б.) тарапынан жіберілген қателіктер қоғамның өткір сынына ұшырады. Мұндай жағдайлар биліктің бір тармағы ретінде сот жүйесіне үлкен зардабын тигізетіні және қоғамның сенімсіздігін туғызатыны белгілі. Осындай келеңсіздіктер алдағы уақытта қайталанбас үшін қандай шаралар қолға алыну-да?

- Судья – мәртебесі Конституциямен ерекше белгіленген мемлекеттік лауазымды тұлға. Оның өкілеттігі тек заңда белгіленген негіздер бойынша ғана тоқтатылуы, тәуелсіздігі мен оған ешкімнің тиіспеуі сот билігі дербестігінің кепілі болып табылады. Судьяның осындай биік мәртебесі оған зор жауапкершілік жүктейді. Оның шығарған шешімі адамның тағдырына, елдегі заңдылық пен құқықтық тәртіптің жағдайына ықпал етеді. Сондықтан, мемлекет нақты адамға осындай жоғарғы жауапкершілікті арта отырып, соған лайықты биік мәртебе беріп, одан кәсібилікті, іскерлік қасиеттердің болуын, өзінің жұмысын ұйымдастыра білуді талап етеді, сондай-ақ оған жоғары моральдік-этикалық міндеттер жүктейді.

Судья кәсіби қызметінде тәуелсіз болып, сот әділдігін жүзеге асыру кезінде заңға ғана сүйенуі тиіс, шешім шығарған кезде адал әрі әділетті болуға міндетті. Судья әдебінің кодексінде судья қоғам өкілдерінің сот жүйесіне деген сенімін нығайту мақсатында тәртіптің жоғары әдептік стандарттарын ұстануға және жетілдіріп отыруға міндетті деп көрсетілген. Мұның өзі жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қорғаудың үйлесімді ұштасуын қамтамасыз ететін тәуелсіз сот әділдігін жүзеге асырудың негізгі қағидаларының бірі болып табылады.

Судьяға сот әділдігін жүзеге

асыру барысында заңдылықтың бұзылуына жол бергені, судья әдебіне қайшы теріс қылық жасағаны үшін оның құқықтық салдарына қарай түрлі шаралар қолданылады.

Өткен жылы судьялардың қызметіне қатысты азаматтар тарапынан түскен шағымдардың саны 253-ке немесе 5%-ға азайды. Сот Жюриінің судьяларға қатысты қараған істер саны 20%-ға, ал тәртіптік шара қолдану жөнінде іс қозғау жағдайларының саны 14,3%-ға азайды. Мәселен, 2013 жылы сегіз, былтыр үш судья қылмыстық жауапкершілікке тартылды.

Сот жүйесінде сыбайлас жемқорлықпен күрес шаралары күшейтілуде. Мәселен, жақында өткен кеңейтілген кеңес «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын» іске асыру аясында сот органдарында сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың негізгі бағыттарына арналды.

Мемлекет басшысы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Партиялық бағдарламаны бекіте отырып, жемқорлық – ұлттық қауіпсіздікке төнген жойқын қатер екендігін айта келе, қоғам назарын осы мәселеге аударған болатын. Жемқорлықпен күрес – барша Қазақстан қоғамының маңызды міндеті. Сот әділдігінің мінсіз жүйесі мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді саясатының шешуші құралы – құқық үстемдігін қамтамасыз етудің негізі болып табылады.

Президент Әкімшілігінің, Қауіпсіздік кеңесінің, құқық қорғау және арнаулы органдар басшыларының, жетекші партия басшылығының, облыстық және оған теңестірілген соттар төрағаларының, БАҚ өкілдерінің қатысуымен 23 қаңтарда өткен алқалы жиында Сот жүйесіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың 2015 жылға

арналған кешенді жоспарының жобасы талқыланып, жемқорлыққа қарсы күресті сегіз бағыт бойынша күшейту жөнінде шешім қабылданды. Солардың қатарында соттар қызметінің ашықтығын арттыру, инновациялық технологияларды енгізу, судьяларды іріктеу жұмыстарын күшейту, тұрақты әлеуметтік зерттеулермен қамту және басқа да нақты шаралар бар.

- **Дүниежүзілік экономикалық форумның Бәсекеге қабілеттілік рейтингінде Қазақстанның сот жүйесі «Сот тәуелсіздігі» индикаторы бойынша 86-орынға тұрақтап, өзінің беделін біршама жақсартты. Алайда, Мемлекет басшысы дамыған 30 елдің қатарына кіруде сот жүйесін одан әрі дамытуды тапсырды. Осы бағыттағы жұмыс қалай өрбитін болады?**

- Мемлекет басшысы соттардың тәуелсіздігін нығайту қажеттігін әрдайым айтып келеді.

Әлемдік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі рейтингінде «Соттардың тәуелсіздігі» көрсеткіші бойынша Қазақстан Республикасы позициясының жақсаруы қазақстандық сот жүйесінің жетістіктерін білдіреді. Қазақстандық сот жүйесі тәуелсіздігінің индексі одан әрі артыру мақсатында Жоғарғы Сот арнайы Жол картасын әзірледі. Онда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімділігін арттыру, соттардың тәуелсіздігі индексінің жақсарту жөніндегі жұмыстың халықаралық тәжірибесін зерделеу, бизнес субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау тетіктерін жетілдіру, сот жүйесінің тәуелсіздігін нығайту жөнінде бірқатар іс-шаралар қарастырылған.

Жол картасын орындау шеңберінде республиканың барлық мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттарында процеске қатысқан шағын және

орта бизнес субъектілері арасында 2014 жылдың шілде және желтоқсан айлары аралығында әлеуметтік сауалнама жүргізілді. Осы іс-шара Бүкіләлемдік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі рейтингінде сот билігі тәуелсіздігінің индексі артыру бойынша атқарылды. Сауалнама аталған соттар қызметінің сапасын анықтауға арналды.

Сауалнамаға барлығы 6 878 респондент қатысты. Оның 3 780-і (55%) – шағын кәсіпкерлік субъектілерінің, 2 130-ы (31%) – орта бизнес, 968-і (14%) – ірі кәсіпкерлік субъектілерінің өкілдері.

Сауалнама нәтижесінде респонденттердің 86,4%-ы экономикалық сот судьяларының кәсіби деңгейіне көңілдері толатынын білдірді. Жалпы алғанда, талдау қорытындысы мамандандырылған экономикалық соттар қызметінің жағымды бағаланатындығын көрсетті.

жинақтаған білім мен шетелдік озық тәжірибенің негізінде ұлттық сот мониторингі жүйесін жетілдіруіміз қажет. Осы мақсатта қаңтар айында біздер Сот органдарымен ынтымақтастық жөніндегі Халықаралық консорциумның сарапшысы Пим Альберстің қатысуымен «Соттар қызметінің тиімділігіне мониторинг жүргізу және оны бағалау» атты тақырыпта семинар-тренинг өткіздік.

Тренинг шеңберінде соттар қызметінің тиімділігін бағалаудың халықаралық тәжірибесі, атап айтқанда, Нидерланды, Сингапур, АҚШ, Финляндия секілді дамыған елдердің тәжірибесі зерделенді. Сонымен қатар, соттар қызметін бағалаудың қазақстандық моделі таныстырылды. Осы семинар қорытындысы бойынша әзірленген ұсынымдар алдағы уақытта тәжірибеге енгізілетін болады.

Сіз экономикалық соттар судьяларының кәсіби біліктілік деңгейіне қанағаттанасыз ба?



Кез келген ұлттық құқықтық жүйенің алдында сот әділдігін халықаралық стандарттарға сәйкестендіру және оның сапасын бақылаудың тиісті жүйесін қалыптастыру секілді іргелі міндеттердің туындайтыны белгілі. Осы саладағы

- **Оқырмандар еліміздің сот жүйесінде кешенді реформалар жүргізілгенінен молынан хабардар. Дегенмен, жекелеген журналдардың тарапынан судьялардың біліктілігіне қатысты сыни пікірлер жоқ емес. Осыған орай, алдағы**

уақытта кәсіби судьялар корпусын жасақтауға талап қатаятын болар?

- Бүгінгі күні республика судьялары корпусының кәсібилігін арттыру сот жүйесі алдында тұрған басым міндеттердің бірі болып табылады.

Соттарда жыл сайын жұмыс жүктемесінің артып отырғандығын ескерсек, судья болып қызмет атқарудың оңай еместігін түсінуге болады. Судья жұмысының ең негізгі қиындығы әрдайым моральдік, психологиялық жүктеме жағдайында адам тағдырына ықпал ететін сот шешімін шығару жауапкершілігінде болса керек. Себебі, әрбір судья сот әділдігін мемлекет атынан жүргізеді, шешімді мемлекет атынан қабылдайды. Сондықтан да азаматтардың сот жүйесіне деген сенімі судьяның әділдігіне, бейтараптығы мен заңды басшылыққа алу деңгейіне байланысты болып табылады.

Осы орайда, біз Жоғары Сот Кеңесімен бірлесіп, судьяларды іріктеу тетіктерін жетілдіру мәселелеріне, судьялар корпусына «кездейсоқ» адамдардың енуіне жол бермеуге ерекше мән беріп келеміз. Мәселен, 2014 жылы толықтырылған «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңға сәйкес, судья лауазымына үміткерлерді іріктеуде қоғам өкілдерінің рөлі күшейтілді. Облыстық соттар жанынан құрылған Қоғамдық кеңестер судьялыққа үміткерлердің моральдік-адамгершілік болмысына баға береді. Кеңес құрамында отставкадағы судьялар, адвокаттар, үкіметтік емес ұйымдардың, мемлекеттік органдар мен БАҚ өкілдері де бар.

Жоғарғы Сот Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Сот төрелігі институтымен, облыстық және оған теңестірілген соттардың оқу орталықтарымен бірлесіп, судьяларға арналған біліктілік

арттыру курстарын, жоғары тұрған сот сатыларында тағылымдамадан өткізу, оқу семинарларына, тренингтерге, дәрістерге қатысу сияқты іс-шараларды тұрақты түрде жүргізіп келеді.

Жоғарғы Сот судьялары мен сот жүйесі қызметкерлерінің жоғары білікті құрамын қалыптастыру, олардың кәсіби мәдениетін арттыру мақсатында Сот жүйесіндегі кадр саясатының тұжырымдамалық негіздері әзірленді. Онда судьяларды қайта даярлау және біліктілігін арттыру жүйесін жетілдіру жолдары қарастырылды.

Сонымен қатар, судья лауазымына біліктілік емтиханын тапсыруға қойылатын талаптар күшейтіліп, үміткерлерді психологиялық тестілеуден өткізу және олардың соттарда тұрақты түрде тағылымдамадан өту мәселелері пысықталуда.

- Жоғарғы Соттың бастамасымен азаматтық сот өндірісіне медиация рәсімін енгізу жөніндегі пилоттық жоба аяқталғаны белгілі. Осы жұмыстың алғашқы қорытындыларын айтып өтсеңіз.

- «Медиация туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2011 жылғы 28 қаңтарда қабылданып, сол жылы 5 тамызда күшіне енді.

Жобаны іске асыру мақсатында елімізде медиация институтын енгізу және дамыту бағдарламасы әзірленді. Соның негізінде 300-ден астам медиатор оқытылды. Сонымен қатар, судьяларға арналған оқыту семинарлары, тұрғындар арасында медиацияны насихаттау жөнінде іс-шаралар ұйымдастырылуда.

Кәсіби емес медиаторларды оқыту бағдарламасын әзірлеу, оқу бағдарламаларын жақсарту жөніндегі ұсыныстар дайындау, медиаторларды аккредитациялау және аттестациялау, дауларды соттан тыс шешудің мүмкіндіктері туралы жұртшылықты хабардар

ету және медиация институтын дамыту сынды бірқатар іс-шаралардан тұратын кешенді жұмыстың бастапқы кезеңі аяқталды.

Азаматтық сот өндірісіне сот медиациясын (бітімгершілік рәсімдерді) енгізу жөніндегі пилоттық жоба 2014 жылдың мамыр және желтоқсан айлары аралығында республика соттарында жүзеге асырылды.

Пилоттық жобаның шеңберінде сот медиациясы қолданыла отырып, барлығы 3 939 іс аяқталды. Соның ішінде, аудандық соттарда – 3 816 іс, апелляциялық тәртіппен облыстық соттарда – 123 іс қаралды. Осы істердің жалпы санының басым бөлігі Шығыс Қазақстан (18,4%), Оңтүстік Қазақстан (18%), Батыс Қазақстан (16,1%) және Қостанай (8,8%) облыстық соттарында қаралған.

Талдау көрсеткендей, сот медиациясы, негізінен, берешекті өндіру, соның ішінде, коммуналдық төлемдер, кәметтік жасқа толмаған балаларға алимент өндіру және некені бұзу туралы істер бойынша қолданылған.

Аталған жобаны жүзеге асыру барысында келіп түскен ұсынымдар осы институтты заңнамалық тұрғыда реттеу мәселесін шешу үшін Азаматтық процестік кодекс жобасын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобына жолданды.

Пилоттық жобаның нәтижелері судьяның қатысуымен сотта татуластыру рәсімдерін қолдану мәселелері бойынша дәлелді заңнамалық түзетулер енгізудің қажеттілігін айқындап берді. Тұтастай алғанда, халықаралық тәжірибені ескере отырып, медиация институтын одан әрі жетілдіруге, сот әділдігін жүзеге асыруды дамытуға, соттардың жүктемелерін азайтуға, іскерлік белсенділікті арттыруға және елде қолайлы инвестициялық ахуал құруға ықпал етеді.

- Соңғы жылдары елімізде орын алған резонансты сот

істерін бұқаралық ақпарат құралдарында дұрыс жариялау, жалпы сот жүйесінің имидждік саясатын күшейту мақсатында қандай шаралар қолға алынууда?

- Құқықтық мемлекеттің ең басты көрсеткіштерінің бірі – сот қызметінің ашықтығы. Осы қағидатты басшылыққа алған Жоғарғы Сот бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз байланыс орнатуға барынша мән беріп келеді.

Сот тақырыбына арналған жарияланымдардың сапасы, кәсіби деңгейі, ақпараттардың шынайы болуы сот жүйесі үшін өте маңызды. Өйткені, сот жүйесінің қызметі туралы қоғамдық пікір бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қалыптасады. Осыған орай, соттардың жұртшылықпен және бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара байланысын қамтамасыз ету жергілікті соттар қызметін бағалау өлшемдерінің бірі ретінде енгізілді.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Судьялардың алтыншы съезінде: «Бұқаралық ақпарат құралдарының күшжігері арқылы қоғамда сот билігіне жағымды және ілтипатты көзқарас қалыптастыру керек», - деп атап өтті. Осы мақсатта Жоғарғы Сот бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара байланыстың стратегиялық тұжырымдамасын қабылдауды жоспарлап отыр.

Бұл бағдарламалық құжат біздің бірлескен жұмысымызды жаңа деңгейге көтеріп, азаматтардың құқықтық сауатын арттыруға ықпал етеді. Тұжырымдамада сот жүйесінің ашықтығын және сот жүйесі мен журналистер арасындағы өзара байланыстың тиімді тәсілдерін іске асыру көзделген. Осы рет-

те, азаматтардың сот жүйесіне деген сенімін нығайтуға бағытталған мақалалар, теле және радиобағдарламалар саны жыл санап артып келеді.

Сот актісі мазмұнының бұрмалануына жол бермеу және судьялардың күрделі жұмысын дұрыс насихаттауда сот репортерлерінің гильдиясын құру мәселесін қарастырудамыз.


Мемлекет басшысының еліміздегі сот жүйесінің ақпараттық-имидждік қамту жұмыстарын күшейту жөнінде берген тапсырмасын орындау барысында өткен жылы «Сот төрелігі» («Правосудие») атты телевизиялық бағдарламалар циклы әзірленіп, республикалық телеарналар эфирінен көрсетілді. Тележоба сот билігінің имиджін, азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыруға, сондай-ақ, соттардың қызметі туралы жұртшылықтың ақпараттану деңгейін күшейтуге бағытталды.

Жоғарғы Сот өзінің интернет ресурстарын заман талабына сай өзгертіп, пайдаланушыларға қолайлы жағдай туғызып келеді. Сот саласына қатысты ақпараттар, фотосуреттер мен бейнежазбалар ресми сайтқа күн сайын жедел орналастырылып, интернеттегі әлеуметтік желілерге таратылады.

Жүйелі жүргізілген жұмыстың нәтижесінде Жоғарғы Соттың ресми сайты «Қазконтент» акционерлік қоғамы жүргізген рейтингте 2014 жылы 30 мемлекеттік органның ішінде бірінші орын иеленді. Бұл көрсеткіш – сот жүйесінің ашықтық пен жариялылық қағидаттарын берік ұстанып отырғандығының бір ғана дәлелі.

- **Өңгімеңізге рахмет!**

АСТАНА.
3.02.2015 ж.



Борьба с коррупцией: непримиримо, жестко, в пределах закона

Открывая расширенное совещание судей «Об основных направлениях предупреждения коррупции в судебных органах в рамках реализации «Антикоррупционной стратегии Республики Казахстан на 2015-2025 годы», председатель Верховного Суда Кайрат Маами отметил: «Утвердив Антикоррупционную стратегию и партийную Программу противодействия коррупции, Глава государства дал посыл обществу и подтвердил, что коррупция - серьезнейшая угроза национальной безопасности. Борьба с нею - важнейшая задача всего казахстанского общества».

Ключевыми факторами повышения эффективности антикоррупционной работы в судебной системе были названы выявление и минимизация коррупционных рисков, условий и причин, сопутствующих их возникновению. В качестве приоритетных направлений работы по снижению уровня коррупции в судах названы система подбора и подготовки судейских кадров, укрепление независимости и справедливости правосудия, совершенствование законодательства. В этой связи целесообразно расширение международного сотрудничества по предупреждению коррупции в судах, взаимодействие со средствами массовой информации, социологические исследования по изучению общественного мнения о деятельности судов, использование в судах современных информационных технологий.

Суды республики в целом на достойном профессиональном уровне обеспечивают соблюдение верховенства права, - отметил Кайрат Маами - О росте доверия граждан к судебной системе свидетельствует неуклонный рост количества обращений в суды. Согласно статистике, в 2014 году рассмотрено более 1 млн 200 тысяч дел, при этом 98 процентов судебных решений признаны законными и обоснованными.

В минувшем году число жалоб граждан на действия судей уменьшилось на пять процентов. Судебным жюри в отношении судей рассмотрено материалов на 20 процентов меньше рассматриваемого периода. К уголовной ответственности привлечены трое судей (в 2013 году было восемь). Все это - свидетельства повышения качества отправления правосудия по всем основным параметрам.

В обсуждении вопросов Антикоррупционной стратегии приняли участие помощник Президента - секретарь Совета безопасности Н. Ермакбаев, зам. руководителя Администрации Президента Т. Донаков, председатель Комитета национальной безопасности Н. Абыкаев, первый зам. председателя партии «Нур Отан» Б. Байбек, Генеральный прокурор А. Даулбаев, председатель Агентства по делам госслужбы и противодействию коррупции К. Кожамжаров, председатель Высшего судебного совета Р. Тусупбеков, депутат Сената Парламента С. Акылбай, депутат Мажилиса Парламента Р. Мукашев, ректор Академии государственного управления при Президенте Б. Абдрасилов, а также представители судебной системы Казахстана.

Акылтай КАСИМОВ,

председатель надзорной судебной коллегии
по уголовным делам Верховного Суда

***Об отправлении правосудия
по делам о коррупционных
преступлениях и вопросы взаимо-
действия заинтересованных органов***



В истекшем году судами республики с вынесением приговора рассмотрено восемьсот семь дел о коррупционных преступлениях, что составляет около четырех процентов от всех уголовных дел (в 2013 году - 886). Анализ показал, что в прошлом году сместились акценты в общей структуре коррупционной преступности: в большинстве случаев обвинительные приговоры судами были вынесены за злоупотребление должностными полномочиями - каждый четвертый осужден по ст. 307 УК, в предшествующие годы больше осуждались за получение взятки.

В целом в республике наблюдается позитивная тенденция по снижению индекса «тюремного населения». Удельный вес осужденных к лишению свободы за все преступления по вступившим в законную силу судебным актам составил примерно 36 %. При назначении наказания по всем рассмотренным коррупционным преступлениям судами страны соблюдались требования закона об индивидуализации наказаний.

2014 год войдет в историю такими громкими судебными процессами, как так называемое «Хоргосское дело», дело по обвинению бывшего первого заместителя акима Атырауской области Б.Даукенова и чиновников различного уровня этой области, бывшего акима Павлодарской области Е. Арына и других должностных лиц.

Вы были свидетелями того, что судебная система рассмотрение этих и других сложных, многоэпизодных дел осуществила

в строгом соответствии с законом и при этом продемонстрировала максимальную объективность, открытость и оперативность.

Не вызывает сомнения, что успешное применение силы уголовного закона в борьбе с коррупцией зависит от его правильного понимания всеми субъектами уголовного процесса. Судами страны проведена в целом большая работа, сложилась положительная практика, но имеются отдельные недостатки и проблемы.

В этой связи обращаюсь к судебно-следственной практике. Так, по уголовному делу Б. Даукенова и других оказалось, что в подтверждение обвинения по ряду эпизодов органы уголовного преследования не представили никаких доказательств. Предъявляя К.Алимову обвинение в хищении бюджетных денежных средств на сумму свыше 187 млн. тенге, в основу положили заключение специалиста инспекции финансового контроля.

Алимов с первых допросов показывал, что цокольные и мансардные этажи восьми домов на более чем 187 млн. тенге (по блоку ТОО «Атырау Курман Курылыс») он построил за счет собственных средств, но на следствии не проверялись и не исследовались вопросы о стоимости и объеме выполненных работ.

В результате вся эта работа переложена на суд. Судом назначены судебно-экономическая и судебно-бухгалтерская экспертизы, которые полностью опровергли предъявленное обвинение. Государственные обвинители вынуж-

дены были отказаться от обвинения в суде.

Такое же положение по блоку «ТОО Азия Маркет С»: прокуроры также отказались от обвинения.

В целом по делу для устранения пробелов предварительного следствия судом было назначено пять экспертиз, что существенно повлияло на сроки и длительность рассмотрения уголовного дела.

Из 435 уголовных дел, направленных на доследование, коррупционные составляют десятую часть (40 дел). Необходимо отметить, что некоторые из них больше в суд не поступили.

Определение коррупции, данное в п.1 ст.2 Закона «О борьбе с коррупцией», подразделяет правонарушения на две группы, как создающие условия для коррупции и связанные с противоправным получением благ и преимуществ. Между тем, уголовный закон такого подразделения правонарушений не усматривает и не определяет, какие общие признаки объединяют преступления в группу коррупционных, лишь перечисляя в п. 29) ст. 3 УК двадцать одно преступление, называя их коррупционными. Данные составы коррупционных преступлений относятся по родовому объекту посягательства к разным группам, обозначенным разными главами Особенной части Уголовного Кодекса.

Наряду с этим в главе 13 УК «Коррупционные и иные уголовные правонарушения против интересов государственной службы и государственного управления» указано только 11 составов, влекущих уголовную ответственность.

Сопоставление же перечней правонарушений, указанных в Законе «О борьбе с коррупцией» и в главе 13 УК, показывает их несовпадение. Например, в главу 13 УК, объединяющую коррупционные преступления, не включен ряд составов, которые в соответствии с пунктом 29 ст. 3 УК, определены как коррупционные.

В этой связи, когда нормы законов по разному определяют коррупционные преступления, обоснованно возникает вопрос о том, какая из них приоритетна и какой перечень преступлений следует считать приемлемым в правоприменительной практике при оценке деяний как коррупционных.

Это далеко не праздный вопрос, так как только само отнесение преступления к коррупционному автоматически повышает общественную опасность и влечет наступление уголовно-правовых последствий.

Верховным Судом при разработке проекта закона о внесении изменений в уголовное, уголовно-процессуальное законодательство было внесено большое количество предложений. К сожалению, наши предложения по систематизации норм о коррупционных преступлениях не были приняты.

Новеллой уголовного законодательства является установление за коррупционные преступления штрафов в качестве основного наказания наряду с лишением свободы. Так, в санкциях статей, предусматривающих ответственность за дачу, получение взятки, посредничество во взяточничестве, размер штрафа исчисляется в кратном размере к сумме взятки. В реальности - это очень большая сумма, уплатить которую для осужденного будет затруднительно либо вовсе невозможно, если еще будет применена конфискация имущества.

Первые дни применения нового законодательства потребуют от

правоохранительных и судебных органов создания продуманной судебной практики, над чем мы работаем совместно с Генеральной прокуратурой.

Вызывает неоднозначное понимание содержание дополнительного наказания в виде запрета заниматься определенной деятельностью. Например, может ли быть лишен права пожизненно заниматься педагогикой - директор школы, прокурор - юриспруденцией, главврач - медициной? Наверное, нельзя так трактовать. Тогда что понимается под словом «деятельность»?

Судебная практика рассмотрения уголовных дел о коррупционных преступлениях выявляет различные вопросы, которые мы разрешаем в тесном взаимодействии с уполномоченными государственными органами. Многие вопросы должны найти свое разрешение в нормативных постановлениях Верховного суда, над чем мы сейчас активно работаем.



Моряк ШЕГЕНОВ,

судья Верховного Суда, председатель Судебного жюри

Деятельность Судебного жюри как мера профилактики правонарушений в судебной системе

Конституция Республики Казахстан провозгласила судебную власть одной из трех основополагающих ветвей государственной власти и, обеспечивая её самостоятельность, установила конституционно-правовой статус судей. Судья – носитель судебной власти. В силу этого он призван выступать в качестве гаранта прав и законных интересов, законности и правопорядка.

Законодательно провозглашены независимость судей и подчинение их только Конституции и закону, их несменяемость и неприкосновенность. Установлены

квалификационные требования к судьям и порядок их назначения. Государство предоставляет судье широкие права при осуществлении его профессиональных полномочий. Охраняя его, предполагает наличие достаточной профессиональной подготовки, необходимого набора деловых качеств, требует наличия определенных высоких морально-этических принципов. В случае их нарушения государство имеет достаточно оснований лишить его статуса.

Дисциплинарная ответственность и дифференциация дисциплинарных санкций призвана

способствовать укреплению в судебском корпусе правового и нравственного порядка. Институт дисциплинарной ответственности судей Казахстана характеризуется такими принципами, как законность, целесообразность, справедливость и неотвратимость.

Соблюдение этих принципов – непреложное требование в работе Судебного жюри.

Учитывая важность значения системы дисциплинарной ответственности судей в достижении целей и задач судопроизводства, обеспечении независимости судей, в нашей стране уделяется особое

внимание совершенствованию её правового регулирования. Так, в феврале 2012 года был упразднен институт дисциплинарно-квалификационных коллегий судей, функции рассмотрения дел о дисциплинарной ответственности судей с местного уровня были переданы единому органу – Судебному жюри.

Целью такого реформирования было усиление независимости судей, установление единой практики применения дисциплинарных взысканий. В состав Судебного жюри вошли представители всех уровней судебной системы: судьи районных, областных судов и Верховного Суда. Члены Жюри – квалифицированные и опытные судьи, имеющие более 10 лет судейского стажа, «изнутри» знающие особенности работы, а также проблемы всех судебных инстанций. Нужно отметить, что передача рассмотрения вопросов дисциплинарной ответственности судей Судебному жюри в целом положительно сказалась на дисциплинарной практике.

Улучшение судебно-дисциплинарной практики было отмечено Главой государства на VI съезде судей.

Преодолено давление руководства местных судов на рядовых судей, что значительно усилило их независимость. Установилась единая практика применения дисциплинарных взысканий по аналогичным нарушениям. Существенно (в 3,5 раза) уменьшилось количество судей, ежегодно привлекаемых к дисциплинарной ответственности. Это стало возможным вследствие более объективного рассмотрения, всестороннего анализа и проверки обстоятельности совершения дисциплинарного проступка. Уже истощены требования к качественному содержанию представлений председателей областных судов о возбуждении дисциплинарного производства в отношении судьи, а также подтверждающих материалов. Неукоснительно соблюдается принцип соразмерности наказания совершенному проступку.

Основной упор сделан на проведение целенаправленной работы по предупреждению дисциплинарных проступков со стороны судей. В этом плане Судебное жюри нами

рассматривается сегодня как эффективный институт предупредительно-профилактической антикоррупционной деятельности.

Судебное жюри главную свою задачу видит не в карательных мерах. Мы считаем, что наказание должно иметь предупредительный характер для судьи, допустившего нарушение, и профилактическое воздействие на других судей. Наметились положительные динамика по снижению количества судей, ежегодно привлекаемых к дисциплинарной ответственности. Так, если в 2013 году к дисциплинарной ответственности было привлечено 56 судей, в отчетном году – 52 судьи. Считаем, что это результат, в том числе и проводимой нами профилактической работы среди судейского сообщества, а также разъяснительной работы среди руководства областных судов по необходимости отказа от практики инициирования вопросов о возбуждении дисциплинарного производства в отношении судей по формальным основаниям.

Из 52 судей, привлеченных к дисциплинарной ответственности, в отношении 11 судей Судебным жюри принято решение о необходимости освобождения от должности за совершение дисциплинарного проступка. Считаем прекращение полномочий судьи крайней мерой дисциплинарного воздействия. При наличии виновного поведения, но недостаточности оснований для прекращения его полномочий, к судьям применяются иные, предупреждающие виды взысканий: замечание, выговор. Это соответствует принципу соразмерности наказания.

В то же время Судебное жюри проявляет принципиальность и нетерпимость к грубым нарушениям судьями законности при рассмотрении судебных дел, а также норм судейской этики. Самые строгие меры дисциплинарного воздействия на судей применяются именно по данным категориям проступков. Так, в 2014 году было принято 11 решений об освобождении судьи от должности: 7 – за нарушение норм судейской этики; 4 – за нарушение законности при рассмотрении судебных дел.

На сегодняшний день, Судебное жюри является важным звеном в системе обеспечения надлежащего качества отправления правосудия, должного поведения и предупреждения противоправных проступков среди судей. Нарушение норм закона при отправлении правосудия, волокита при рассмотрении судебных дел, ущемление прав и законных интересов граждан, нарушение судейской этики серьезно подрывают доверие общества к правосудию и дискредитируют всю судебную систему, создают предпосылки и условия для совершения коррупционных деяний.

В этой связи, приоритетным направлением деятельности Судебного жюри должно стать проведение профилактической работы среди судей, повышение его роли как предупредительного органа. Мы считаем главной задачей добиваться нравственной чистоты и высокой квалификации судейских рядов.

Президентом страны на VI Съезде судей была отмечена необходимость повышения профессионализма судейского корпуса посредством совершенствования работы Судебного жюри. В этом плане мы пересматриваем подходы к организации деятельности. Так, стало традицией подводить итоги работы Судебного жюри по полугодиям с подробным анализом поступивших и рассмотренных материалов по категориям, по принятым решениям, в разрезе областей. На постоянной основе составляются соответствующие обзоры, информации о результатах работы, которые направляются в областные суды для изучения и обязательного ознакомления с ними судей на местах. Стали шире практиковать проведение лекций и специальных семинаров по вопросам дисциплинарной ответственности судей. Запланировано онлайн-совещание членов Судебного жюри с руководством местных судов, молодыми судьями, имеющими стаж работы до 3-х лет. И эта работа в наступившем году будет продолжена.

В то же время забота о престиже судебной власти – в первую очередь, задача самих судей, при-

званных осуществлять правосудие беспристрастно и в точном соответствии с законом, не допуская противоправных проступков, порочащих авторитет судебной власти. В связи с этим деятельность Судебного жюри направлена на повышение ответственности судей за допущенные нарушения норм закона, судейской этики, усиление профилактической работы среди судей по предупреждению коррупционных и иных противоправных действий.

В части улучшения судебно-дисциплинарной системы полагаем необходимым законодательно

закрепить понятие дисциплинарного проступка как основания для привлечения судей к дисциплинарной ответственности. Это необходимо для принятия решения о досрочном прекращении полномочий судьи, т.к. его правовой статус, конституционные гарантии независимости, несменяемости и неприкосновенности свидетельствуют о том, что юридическая сущность рассматриваемого вида ответственности судей не соотносится с признаками родового понятия дисциплинарной ответственности, а представляет собой вариант конституционной ответственности.

Основания и порядок привлечения судей к дисциплинарной ответственности, одним из видов которой может быть досрочное прекращение полномочий, должны отвечать конституционно-правовым гарантиям несменяемости и независимости судьи. Необходимость четкого правового регулирования вопросов дисциплинарной ответственности судей продиктована важностью и актуальностью обеспечения их независимости. Правильное решение данного вопроса будет способствовать повышению профессионализма судейского корпуса, укреплению доверия к судебной системе в обществе.



Нуржан КАЙЫПЖАН,

судья Верховного Суда, председатель Комиссии по судейской этике при филиале Союза судей Верховного Суда

Укрепление нравственности и морально-этического облика судьи.

Модернизация деятельности Комиссий по судейской этике филиалов Союза судей Республики Казахстан

Одной из важнейших мер по реализации поручений Главы государства является достижение независимости и укрепление авторитета судебной власти путем пресечения нарушений норм судейской этики. Основные функции контроля над соблюдением судьями данных норм осуществляют Комиссии по судейской этике.

В 2014 году в Комиссии по судейской этике поступило 259 обращений на действия судей (2013 г. - 333). Рассмотрено по существу - 164. Полностью подтвердились доводы по 51 обращению, частично - 6 (2013 г. - 53). В сравнении с 2013 годом количество подтвержденных обращений увеличилось на 7 %.

По результатам рассмотрения обращений: в отношении 18 судей вынесено судейское порицание; в отношении 24 судей ограничили обсуждением; 8 судей привлечены к дисциплинарной ответственности, из них выговор - 2, освобо-

ждены от занимаемой должности - 6. Доводы по 105 обращениям не нашли своего подтверждения.

В глазах общества судебная власть должна олицетворять справедливость. Каждый, чьи интересы затрагивает производство по судебному делу, рассчитывает на защиту в суде его прав, удовлетворение своих притязаний. И именно в зале суда сталкиваются противоположные интересы того, кто нарушил закон, и общества, интересы обвиняемого и потерпевшего, других лиц. Судья действует в сфере конфликтов и межличностных, и социальных. Именно в таких условиях к судьям предъявляются повышенные нравственные требования. Судьи должны противостоять возможным попыткам воздействия на них со стороны различных сил, руководствоваться только законом, быть справедливыми, обладать высокими деловыми и нравственными качествами.

Особенность профессии судьи состоит в постоянном самоограничении не только на службе, но и за пределами работы. Судьи обязаны неукоснительно соблюдать Кодекс судейской этики, который наставляет, что судья не вправе причинять ущерб престижу профессии в угоду личным интересам или интересам других лиц, он должен избегать любых личных связей, которые могут причинить ущерб репутации, затронуть его честь и достоинство. За нарушение Кодекса судейской этики судью в отдельных случаях могут лишиться полномочий. Поэтому необходимо строго определить полномочия Комиссии по судейской этике.

На VI Съезде судей Республики Казахстан Председатель Верховного Суда подчеркнул, что важным направлением работы является не только искоренение в судейской среде коррупции, но и условий ее возникновения. Каждому случаю

Из выступлений на расширенном совещании

нарушения судейской этики должна быть дана принципиальная оценка.

Вместе с тем, было отмечено, что работа Комиссии по судейской этике в настоящее время носит в некоторой степени формальный характер и требуется перенесение акцента на профилактические меры. Важным направлением работы Комиссии является именно проведение профилактических мероприятий, не ограничиваясь рассмотрением фактов уже допущенных нарушений (постфактум), необходимость принятия действенных мер по их предупреждению, недопущению, искоренению условий их возникновения.

Как показал анализ, в результате недостаточной работы Комиссий в данном направлении в 2014 году были возбуждены и привлечены к уголовной ответственности за нарушение коррупционного законодательства 3 судьи местных судов республики.

В этой связи считаем, что одним из основных направлений работы Комиссии должны быть профилактика и предупреждение.

В целях профилактики и предупреждения нарушений судейской этики, целесообразно представляется практика взаимодействия представителей гражданского общества с комиссиями по судейской этике при участии на конференциях, семинарах. Также считаем целесообразным Комиссиям по судейской этике публиковать материалы о своей деятельности в средствах массовой информации.

Принятие Кодекса этики судьи является исключительной компе-

тенцией Съезда судей, поэтому до следующего съезда у нас есть время, чтобы новый проект Кодекса широко обсуждался общественностью, государственными органами и неправительственными организациями.

Как известно, в последнее время у нас появился новый термин «непроцессуальный контакт», за совершение которого судью привлекают к дисциплинарной ответственности вплоть до увольнения. Эти непроцессуальные контакты в основном совершаются по инициативе граждан, должностных лиц. Для пресечения незаконного обращения указанных лиц к судьям, на наш взгляд, необходимо законодательно установить административную ответственность за совершение указанных действий, то есть за обращение к судье с просьбой помочь при рассмотрении судебных дел без вознаграждения. В настоящее время установлена уголовная ответственность за дачу взятки и незаконное вмешательство в деятельность суда, однако, не установлена грань между преступлением и таким проступком как за обращение к судье с просьбой помочь без предложения какого-либо вознаграждения.

Таким образом, для судьи законом установлены границы его поведения, однако не установлена административная ответственность граждан и должностных лиц за незаконное обращение к судье с просьбой без вознаграждения, то есть со стороны государства в должной мере не приняты соответствующие меры по защите судей от другой стороны непроцессуального контакта. Данный вопрос сле-

дует решить путем внесения соответствующих дополнений в КоАП.

Считаю нужным еще раз отметить, что судья обязан противостоять любым проявлениям коррупции и попыткам незаконного вмешательства в судейскую деятельность. Одно только правонарушение может подорвать веру в правосудие и бросить тень на весь судейский корпус. Поэтому необходимо на постоянной основе продолжать работу по профилактике и устранению причин, порождающих почву для коррупционных проявлений.

Хотел бы обратить внимание председателей областных судов на следующее немаловажное обстоятельство. В прошлом году судейский корпус страны дополнительно получил 450 штатных единиц, которые полностью были перераспределены по районным и приравненным к ним судам. Таким образом, суды первой инстанции были обновлены на 25 процентов молодыми судьями. Таких изменений в нашей истории раньше не было. Работе с молодыми судьями всегда уделялось должное внимание, и в этом направлении проводится определенная работа. Но в данной ситуации нам необходимо удвоить внимание работе с молодыми судьями, чтобы они не допускали нарушений закона, в том числе норм судейской этики. Поэтому предлагается председателям областных судов совместно с областными комиссиями по судейской этике и Общественным Советом составить отдельный план работы с молодыми судьями с отражением конкретных мероприятий в отношении каждого молодого судьи.



Подводя итоги обсуждения, Кайрат Маами отметил, что в рамках Антикоррупционной стратегии Верховный Суд РК разрабатывает проект Комплексного плана по противодействию коррупции в судебной системе на 2015 год. Реализация намеченных мер позволит судам республики внести свой вклад в повышение эффективности антикоррупционной политики, создание атмосферы «нулевой» терпимости к любым проявлениям коррупции и снижение ее уровня в стране.

Тәуелсіз сот – мемлекеттің алтын діңгегі

Жақында Жоғарғы Сотта 2014 жылы республика соттары атқарған жұмыстың қорытындысы шығарылды. Шара шеңберінде ауқымды жиындар өтті. Соның бірі – халықаралық сарапшы Пим Альберстің қатысуымен өткен «Соттар қызметінің тиімділігіне мониторинг жүргізу және оны бағалау» атты семинар-тренинг болса, екіншісі – «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын» іске асыру шеңберінде сот органдарында сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың негізгі бағыттары талқыланған Жоғарғы Сот судьяларының кеңейтілген кеңесі.

Қазіргі билердің құрылтайшылық алаңына айналған Судьялардың алтыншы съезінде Елбасы судьяларға қарата айтқан сөзінде: Қазақта «билік айту оңай, біліп айту қиын» деген сөз бар. Әділ қазылық ету – кезкелген судьяның қасиетті парызы. Ол үшін заңды бес саусақтай білу жеткіліксіз. Ең бастысы, би адал, әділ болуы керек. Қазы – халықтың ожданы. Ол қара қылды қақ жарған әділ болса, даугерлер төреліктің дұрыстығына күмән келтірмейді. Айыпкер заң бұзғанға зауал бар екенін түсінеді.

Біз Мәңгілік Ел боламыз деп, кемел мемлекет құруды көздеген халықпыз. Сот төрелігінің әділдігі мен жедел, әрі толық орындалуы – кезкелген елдің кемел болмысының көрінісі. Сот жүйесінің дамуы тоқтап қалатын құбылыс емес, оны үздіксіз жетілдіріп отыру керек. Біз бұл бағыттағы жұмыстарды жалғастыра береміз. Ал, судьялар, сіздерден әрқашан жоғары біліктілік пен әділдік, адалдық талап етіледі.

Халқы заңын сыйлайтын, со-

тына сенетін қоғам – ең дамыған қоғам. Біздің мақсатымыз – дәл сондай қоғам құру. «Қазақстан – 2050» стратегиясының басты межелерінің бірі – осы. Ендеше, міндеттеріңіз айқын, бағыттарыңыз белгілі. Өздеріңізге артылған үмітті ақтап, адал жұмыс істейтіндеріңізге сенемін», - деген болатын.

Судьялар Елбасы артқан сенім үдесінен шығып жүр ме? Міне, осы заңды сауалға жақында өткен халықаралық семинар барысында жауап берілді.

2015 жылғы 21 қаңтарда өткен семинарға Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдар-лаамасының Қазақстандағы тұрақты өкілі Стивен Тулл және Сот органдарымен ынтымақтастық жөніндегі Халықаралық консорциумның сарапшы-кеңесшісі, Нидерланды Корольдігінің Қауіпсіздік және Әділет министрлігінің сот саясаты мәселелері жөніндегі аға кеңесшісі Пим Альберс қатысты. Семинар-тренингте сот қызметіне мониторинг жүргізу және оны бағалау мәселелері талқыға түсті.

Іс-шараның ашылу рәсімінде Жоғарғы Сот Төрағасы Қайрат Мәми: «Кез келген ұлттық құқықтық жүйенің алдында сот төрелігін халықаралық стандарттарға сәйкестендіру және оның сапасын бақылаудың тиісті жүйесін қалыптастыру секілді іргелі міндеттердің туындайтыны белгілі. Бүгінгі семинар осы саладағы жинақтаған білім мен шетелдік озық тәжірибенің негізінде ұлттық сот мониторингі жүйесін тағы бір рет пысықтап, оны жетілдіру жөнінде нақты ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік береді», – деп атап өтті.

Тренинг аясында халықаралық сарапшы П.Альберс соттар қызметінің тиімділігін бағалаудың

халықаралық тәжірибесіне тоқталды. Атап айтқанда, Нидерланды, Сингапур, АҚШ, Финляндия секілді дамыған елдерде сот төрелігін жүзеге асыру және оны бағалаудың әдіс-тәсілдері кеңінен сөз болды.

Халықаралық сарапшы семинарға қатысушыларды сот қызметтерінің сапасын ұсыну стандарттарының халықаралық моделімен, соттар қызметі туралы әлеуметтік сауалнама жүргізу әдістемесімен және соттар жұмысының сапасын бағалау тәжірибесімен таныстырды.

Өз кезегінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті Талдау және жоспарлау бөлімінің басшысы Лаура Құрмантаева соттар жұмысын бағалаудың негізгі сегіз өлшемінен тұратын жаңа әдістемеге сәйкес жүргізілген соттардың 2014 жылғы жұмысын бағалау қорытындысын таныстырып өтті.

Айта кету керек, отандық соттар қызметіне мониторинг жүргізу 2000 жылы басталғанымен, оның әдістемесіне соңғы жылдары өзгерістер енгізілген болатын. Отандық мониторинг мынадай 8 критерийге сәйкес жүргізілді:

1) аудандық және оған теңестірілген соттардың, облыстық және оған теңестірілген соттар алқаларының сот төрелігін іске асыру сапасы;

2) сот істерін қарау бойынша облыстық сот төрағасының, апелляциялық сот алқалары төрағаларының жүктемелері;

3) өңірде бірыңғай сот практикасын қалыптастыру;

4) судья әдебінің нормаларын сақтау, атқарушылық және еңбек тәртібінің жай-күйі;

5) көпшілікпен және бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл деңгейі;

6) өңірдегі соттарда істерді автоматты түрде бөлу ережелерінің сақталуы;

7) соттарда қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың пайдаланылуы;

8) судьялардың кәсіби деңгейін арттыру жөніндегі шаралар, облыстық соттардың оқу орталықтарының жұмысы.

Міне, осы аталған өлшемдер негізінде әзірленген рейтингте 2014 жылдың қорытындысы бойынша Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және Жамбыл облысы соттарының қызметі үздік деп бағаланса, ал Астана, Алматы қалалары мен Әскери Соттың жұмысы әлі де болса жетілдіруді талап ететіндігі анықталды.

Семинар-тренингте сөз алған Қазақстан Республикасы Судьялар Одағының хатшысы Сансызбай Райымбаев мамандандырылған экономикалық соттар жұмысының сапасына сыртқы бағалау жүргізудің қорытындысын жариялады. Бұл зерттеуді жүргізу үшін Дүниежүзілік экономикалық форумның бизнес құрылымдар субъектілерінің сот процестеріне қатысушыларының экономикалық соттар ұсынатын сот қызметтеріне қанағаттанушылық деңгейі туралы сұрақтарды қамтитын сауалнамалар әзірленген.

Естеріңізге сала кетейік, Елбасы Судьялардың алтыншы съезінде: «Судьялардың осының алдындағы V съезінен бері өткен төрт жылда Қазақстанның сот жүйесі «Соттардың тәуелсіздігі» өлшемі жөнінен Бәсекеге қабілеттіліктің жаһандық рейтингіндегі өз көрсеткішін бірден 23 орынға күрт жақсартты. Бұл жақсы. Бірақ соған қарамастан, біз әзірше әлемде 88-орын аламыз. Демек, 30-дың қатарында болу үшін бізге тағы 60 орынға көтерілу керек. Сондықтан құқық жүйесін, әсіресе оның өзегі – сот төрелігі жүйесін реформалау жөніндегі жұмысты екі есе арттыру қажет» - деген тапсырма берген болатын.

Міне осы тапсырманың қалай орындалып жатқанын білу үшін қоғамның пікірін білу қажет. Осы мақсатта Қазақстан Республикасының Судьялар Одағы Жоғарғы Сот жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментімен бірлесіп, 2014 жылдың шілде және желтоқсан айларының аралығында әлеуметтанулық зерттеу жүргізуді ұйымдастырды.

Сауалнама сот процестеріне қатысқан шағын, орта және ірі бизнес субъектілерінің мамандандырылған ауда-наралық экономикалық соттардың қызметіне берілетін қоғамдық бағаны зерделеу мақсатында жүргізілді.

Сауалнама нәтижесінің объективті болуы әрі респонденттерді барынша қамту мақсатында сұрау салудың неғұрлым қарапайым әрі қол-жетімді тәсілі таңдап алынған.

Мамандандырылған экономикалық соттардың фойесінде сауалнамаларды жинақтау үшін арнайы, мөрленген жәшіктер орнатылып, сауалнама бланкілері сот процесіне қатысқан кәсіпкерлерге таратылған.

Әлеуметтанулық сауалнама жүргізу туралы ақпарат жергілікті соттардың сайттары мен ақпараттық тақтайшаларына алдын-ала орнатылып, Ұлттық кәсіпкерлер палатасы арқылы да хабарландырылған.

Жүргізілген зерттеулер қорытындысы бойынша сұрау салынған респонденттер саны 6 878 адамды құрады.

Жалпы алғанда, талдау қорытындысы мамандандырылған экономикалық соттар қызметінің жағымды бағаланатындығын дәлелдейді.

Сауалнама нәтижесіне жасалған талдау барлық респонденттердің 5 938-інің немесе 86,4% экономикалық соттар судьяларының кәсіби біліктілік деңгейіне қанағаттанатындықтарын көрсетті.

Семинарда осы сұрау салудың нәтижелері талқыланып, қорытындысы бойынша соттар жұмысының сапасын бағалаудың

қазақстандық моделінің тетіктерін одан әрі жетілдіру жөнінде ұсынымдар әзірленді.

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан судьяларының VI-съезінде сөйлеген сөзінде: «XXI ғасырдағы ұлттық дамуының маңызды өлшемі – мінсіз және тиімді ұлттық сот төрелігі жүйесі. Тәуелсіз және әділетті сот – құқықтық мемлекеттің негізі. Онсыз әлемнің бірде-бір елінде, тіпті ең дамыған мемлекеттерде қолайлы инвестициялық ахуалдың да, азаматтардың әл-ауқатының жоғары деңгейінің де, қоғамның табысты дамуының да болуы мүмкін емес» - деген болатын. Иә, шындығында егер де азаматтардың құқықтары мен мүдделері қорғалатын сот билігі тәуелсіз болмаса, онда әділдік туралы сөз қозғаудың өзі артық. Міне, осы қағидатты басшылыққа алған отандық сот жүйесі 2014 жылы бірқатар ауқымды істер атқарды. Бұл туралы осы жылдың 23 қаңтарында Жоғарғы Сотта өткен кеңейтілген кеңесте айтылды.

Жоғарғы Сот Төрағасы Қ.Ә. Мәмидің төрағалығымен өткен кеңес тақырыбы «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын» іске асыру аясында сот органдарында сыбайлас жемқорлықтың алдын-алудың негізгі бағыттары» деп аталды.

Кеңеске Президенттің көмекшісі – Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы Н.Б. Ермекбаев, Президент Әкімшілігі Басшысының орынбасары Т.С. Донақов, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы Н.Ә. Әбіқаев, «Нұр Отан» партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары Б.Қ. Байбек, Бас Прокурор А.Қ. Дауылбаев, Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Қ.П. Қожамжаров, Жоғары Сот Кеңесінің төрағасы Р.Т. Түсіпбеков, Парламент Сенатының Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы С.Б. Ақылбай, Парла-

мент Мәжілісінің Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің төрағасы Р.Ж. Мұқашев, Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының ректоры Б.С. Әбдірәсіпов және т.б. қатысты.

Іс-шараға сот жүйесінен Жоғарғы Соттың алқа төрағалары мен судьялары, облыстық және оған теңестірілген соттардың төрағалары, Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің басшылығы мен бөлім меңгерушілері, облыстық және оған теңестірілген соттардың кеңсе меңгерушілері қатысты.

Елбасы судьялардың соңғы съезінде: «Судьялардың тәуелсіздігін арттыру үшін олардың тәртіптік жауапкершілігін қарау жөніндегі өкілеттіктер тек қана Сот Қазыларына берілді. Бұл судьяларға кез келген түрдегі қысым жасаудың ықтималдығын азайтып, соттардың тәуелсіздігін нығайтты. Соңғы төрт жылда тәртіптік жауапкершілікке тартылған және ұнамсыз себеп бойынша лауазымнан босатылған судьялар 4 есе дерлік азайды» - деген болатын. Мемлекет басшысы бұл межемен тоқтап қалмай, сот жүйесіндегі жемқорлықты түбірімен жоюды тапсырған болатын. Міне, осы тапсырманы орындау бойынша сөз сөйлеген Қайрат Мәми: «Мемлекет басшысы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Партиялық бағдарламаны бекіте отырып, жемқорлық – ұлттық қауіпсіздікке төнген жойқын қатер екендігін айта келе, қоғам назарын осы мәселеге аударған болатын. Жемқорлықпен күрес – барша Қазақстан қоғамының маңызды міндеті. Сот төрелігінің мінсіз жүйесі мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді саясатының шешуші құралы – құқық үстемдігін қамтамасыз ету жүйесінің негізгі діңгегі болып табылады», - деп атап өтті.

Осы орайда, сот жүйесіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерін қатысушылардың кеңейтілген

құрамында талқылап, бұл бағыттағы жұмыстың тиімділігін арттыру шараларын айқындап алу жөнінде шешім қабылданды.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес бағытында сот корпусы қол жеткізген жетістіктер аз емес. Соның ең бастысы, қазақстандықтардың сотқа жүгінуге деген сұраныстарының тұрақты түрде қарқын алып отырғанына қарамастан, республика соттары сот төрелігін жүзеге асыруда құқық үстемдігін кәсіби лайықты деңгейде сақтауды қамтамасыз етіп келеді. Айталық, өткен жылы соттар 1 млн. 200 мыңнан астам істі қарады. Осы ретте шығарылған сот актілерінің 98,7% заңды әрі негізді болып саналады.

Өткен жылы судьялардың қызметіне қатысты азаматтар тарапынан түскен шағымдардың саны 253-ке немесе 5%-ға азайды. Сот Жюриінің судьяларға қатысты қараған істер саны 20%-ға, ал тәртіптік шара қолдану жөнінде іс қозғау жағдайларының саны 14,3%-ға азайды.

Сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыстық істерді қарау мәселелері туралы Жоғарғы Соттың қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы А.Қасымов хабардар етті. 2014 жылы сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша үкім шығарыла отырып, 807 іс немесе қылмыстық істердің жалпы санының 4% қаралды (2013 жылы – 886). Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның басты себептері мен жағдайларын болдырмау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жіктеу мәселелері бойынша құқық қорғау және арнайы органдармен өзара іс-қимылды жетілдіруге айрықша көңіл аударылып келеді.

Судьялардың адамгершілік болмысы мен моральдік-әдеп нормаларын сақтауы, сондай-ақ Судьялық әдеп жөніндегі комиссия қызметін жаңғырту туралы Жоғарғы Сот судьясы, Судьялық әдеп жөніндегі комиссия төрағасы Н. Қайыпжан айтып өтті. Сот Жюриі жұмысының сот жүйесіндегі

құқық бұзушылықтардың алдын алуының негізгі бағыттары мен нәтижелерін Жоғарғы Сот судьясы, Сот Жюриінің төрағасы М. Шегенов таныстырды.

Сыбайлас жемқорлық пен өзге де құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған сот жүйесіндегі инновациялар туралы Жоғарғы Сот жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің басшысы І. Испанов баяндады. Атап айтқанда, ол қазіргі таңда «Төрелік» деп аталатын сот органдарының автоматтандырылған ақпараттық талдамалық жаңа жүйесін құру жұмыстарының аяқталғанына тоқталды. Орталықтандырылған архитектурадан тұратын бұл жүйе ақпараттық деректермен алмасуға жылдам қол жеткізуді, сенімділіктің жоғары деңгейін, статистикалық және талдамалық есептерді қалыптастыруда автоматтандырудың неғұрлым жоғары деңгейін қамтамасыз етеді.

Жоғарғы Сот Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны іске асыру аясында Сот жүйесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың 2015 жылға арналған Кешенді жоспарының жобасын әзірледі. Кеңесте айтылған барлық ұсыныстар аталған Жоспарға енгізілетін болады.

Көзделген шаралардың іске асуы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігін арттыруға республика соттарының өз үлестерін қосуына, елдегі сыбайлас жемқорлық деңгейін азайтуға және оның кез келген көріністеріне «нөлдік» тәзімділік жағдайын құруға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, жыл басында Жоғарғы Сотта өткен алқалы жиындар еліміздің сот жүйесінің қызметі әрдайым азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделерін қорғауға бағытталатынын тағы бір рет дәлелдеп берді.

«ЗАҢГЕР-АҚПАРАТ»
қызметі



НАЗНАЧЕНИЯ

Суды ЮКО пополнились вновь назначенными судьями.

Председатель областного суда Н.Шарипов представил судьям областного суда нового председателя Сайрамского районного суда Б.Тыныбекова и судей Абайского, Аль-Фарабийского районных судов г.Шымкента М.Тиметова и Е.Оспанова.

Председатель областного суда официально представил коллективу Сайрамского районного суда вновь назначенного председателя. Б.Тыныбекову предстоит руководить

районным судом одного из густонаселенных районов области.

Назначенного на должность судьи Абайского районного суда М.Тиметова представил коллективу председатель апелляционной судебной коллегии по уголовным делам ЮКО суда З.Пирнияз, а назначенного на должность судьи Аль-Фарабийского районного суда Е.Оспанова коллективу суда представил председатель апелляционной судебной коллегии по гражданским и административным делам ЮКО суда М.Балкен.

На должность судьи Атырауского областного суда назначен Жайдарбек Дияров с освобождением от должности председателя Жылыойского районного суда, на должность председателя Жылыойского районного суда назначен Асхат Саудабаев с освобождением от должности судьи Специализированного административного суда г.Атырау.

На должность председателя Курмангазинского районного суда назначен Ерболат Амангалиев с освобождением от должности председателя Индерского районного суда. Председателем Индерского суда назначена Дина Тухфатова с освобождением от должности председателя Курмангазинского районного суда. Айтжан Досмаганбетова назначена судьей Махамбетского районного суда.

Председателем военного суда Усть-Каменогорского гарнизона назначен Даниал Баймакулов. До назначения председателем был судьей военного суда Алматинского гарнизона.

Даниал Баймакулов был представлен коллективу, руководителям правоохранительных органов, командирам воинских частей Усть-Каменогорского гарнизона председателем апелляционной судебной коллегии по гражданским и административным делам Военного суда РК Е. Мырзабековым.





НАЗНАЧЕНИЯ

В Специализированном межрайонном суде по делам несовершеннолетних Карагандинской области - новый председатель.

Председатель Карагандинского областного суда Мусабек Алимбеков официально представил коллективу Специализированного межрайонного суда по делам несовершеннолетних Карагандинской области нового председателя суда – Даурена Сайханова, назначенного Указом Президента РК от 24 декабря 2014 года.

Ранее занимавший должность председателя Аскар Марданов этим же Указом освобожден от занимаемой должности в связи с уходом в почетную отставку. Председатель Карагандинского областного суда М. Алимбеков отметил заслуги А. Марданова в судебной системе и поблагодарил его за проделанную работу, а также пожелал новому председателю успехов и благополучия в дальнейшей работе.

Председатель апелляционной судебной коллегии по уголовным делам Карагандинского областного суда Ерден Арипов официально представил коллективу Бухар-Жырауского районного суда Карагандинской области нового председателя суда – Рафаила Дурдыева.

В собрании приняли участие представители государственных структур района, а также коллектив суда. Рафаил Дурдыев родился 9 мая 1971 года в г.Сарань Карагандинской области. Судейский стаж - 12 лет. В 1994 году окончил Карагандинский государственный медицинский институт им. Поспелова по специальности «Лечебное

дело». В 1998 году окончил Карагандинский государственный университет имени Е. Букетова по специальности «Правоведение». В период с 1994 по 1998 год, с 1999 года по 2002 год работал врачом-хирургом хирургического отделения, заместителем главного врача по юридическим вопросам ЦГБ г.Сарани Карагандинской области. С 1998 по 1999 год - заместитель директора департамента судебных исполнителей и приставов Восточно-Казахстанской области РК. С 2002 года - судья районного суда №2 Актогайского района Карагандинской области. В 2003 году - судья Шахтинского городского суда.

В Атырауском областном суде состоялось представление вновь назначенного председателя Атырауского городского суда Алмата Ерманова. В торжественном собрании приняли участие представители судейского корпуса и правоохранительных органов. А.Ерманов трудовую деятельность начал следователем Государственного следственного комитета по Кызылординской области. Занимал должность судьи в Кызылординском областном суде.





Проводили в почетную отставку

Председатель Северо-Казахстанского областного суда Мұратғали Өкетай в ходе торжественного собрания поздравил судью Северо-Казахстанского областного суда Капустину Лидию Федоровну с почетной отставкой.

Поздравляя Лидию Федоровну в торжественной обстановке, председатель суда М.Өкетай поблагодарил коллегу за многолетний добросовестный труд, отметив, что за годы работы в должности судьи, Лидия Федоровна проявила себя профессиональным и грамотным юристом, несколько лет возглавляла институт наставничества. Ее знания, умение глубоко вникнуть в существо любого дела, любовь к своей профессии позволяли осуществлять правосудие на высоком уровне.

Л.Ф. Капустина имеет большой практический опыт работы – общий стаж в судебной системе Республики Казахстан составляет более 40 лет, из них судейский стаж - более 32 лет.

За проработанный период в должности судьи Северо-Казахстанского областного суда Л.Ф. Капустина зарекомендовала себя как очень грамотный судья, ее отличает высокий профессионализм и принципиальность. К отправлению правосудия относится профессионально и ответственно, постоянно совершенствуя свои знания и опыт.

Активно принимала участие в общественной работе суда, являлась членом областной Комиссии по судейской этике. Возглавляла Совет наставников, и как наставник оказывала действенную помощь молодым судьям в освоении профессии судьи.

В адрес Лидии Федоровны было сказано много добрых слов и пожеланий, в частности, звучали слова благодарности и признательности за добросовестный и безупречный труд, высокий профессионализм, глубокие знания и опыт. Коллектив суда пожелал коллеге крепкого здоровья, успеха во всех делах и новых начинаниях.

В свою очередь Лидия Федоровна поблагодарила всех за совместный труд, пожелав дальнейших успехов в деле служения правосудию председателю суда Мұратғали Өкетай, который вносит новые креативные идеи в целях улучшения организации работы областного суда, уже приносящие результаты, подтверждением чему служит занятое 1 место по итогам конкурса на лучшую организацию работы суда.

В завершение мероприятия коллектив суда вручил Лидии Федоровне от имени судей Северо-Казахстанской области цветы и ценный подарок.

**Пресс-служба
Северо-Казахстанского
областного суда**



Мұратғали ӘКЕТАЙ
Председатель
Северо-Казахстанского
областного суда

ДОСЬЕ

Мұратғали Әкетай, кандидат юридических наук, доцент. Окончил Казахский национальный университет им. Аль-Фараби г.Алматы.

Ранее занимал должности ведущего специалиста, главного специалиста, заместителя начальника, начальника отдела регистрации юридических лиц, заместителя начальника Управления юстиции г.Алматы; председателя Урджарского районного суда Восточно-Казахстанской области, председателя коллегии по уголовным делам Восточно-Казахстанского областного суда, первого заместителя прокурора Восточно-Казахстанской области /классный чин – старший советник юстиции/, председателя апелляционной судебной коллегии по уголовным делам Восточно-Казахстанского областного суда.

С декабря 2013 года - председатель Северо-Казахстанского областного суда.

*Счастье –
жить в эпоху
перемен*



В соответствии с Распоряжением Председателя Верховного Суда № 15 от 20 января 2014 года и Постановлением Центрального совета Союза судей от 9 января 2014 года был объявлен республиканский смотр-конкурс на лучшую организацию работы областного и приравненного к нему суда. Северо-Казахстанский областной суд признан победителем, удостоившись звания «Лучший суд-2014».



Участие в конкурсе стало стимулом для повышения уровня работы, усиления ответственности судейского коллектива, канцелярии и специалистов судов Северо-Казахстанской области в деле своевременного, качественного и оперативного отправления правосудия, внедрения передовых методов работы. Основой успешного отправления правосудия является правильная организация деятельности суда, предполагающая сокращение бумажного документооборота, переход к электронной переписке с государственными органами, юридическими и физическими лицами, активное сотрудничество со СМИ. Все эти меры, направленные на улучшение имиджа судов, стали приоритетными в работе судейского сообщества области в истекшем году.

Главой государства уделяется особое внимание судебной системе, создаются все условия для работы. Именно Президент страны стоял у истоков создания судебной системы суверенного Казахстана, соответствующей передовым международным стандартам.

Благодаря усилиям Председателя Верховного Суда Республики Казахстан, всего судейского корпуса судебная система республики являет собой развитую модель, способную обеспечить быстрое и качественное отправление правосудия. Всё большее число людей обращается за помощью в суды, что свидетель-

ствует о росте доверия к судебной системе. Принимаются кардинальные меры по дальнейшему укреплению судебной власти, в деятельности судов активно используются современные информационные технологии.

МЕДИАЦИЯ

Северо-Казахстанским областным судом в течение всего года уделялось особое внимание вопросам пропаганды института медиации. В разработанной нами брошюре мы разместили Закон «О медиации», реестры профессиональных медиаторов. Была открыта рубрика «Медиация» на сайте, в фойе зданий областного суда, и всех без исключения судов оформлены информационные стенды. Дважды в неделю на областном ТВ-канале «Казахстан-Петропавл», на экране большого дисплея в центре города и в общественном транспорте областного центра транслируются видеоролики о судебной медиации, также разработанные областным судом. На оживленных проспектах города и в аэропорту установлены баннеры на соответствующую тематику. Получить информацию граждане могут и из буклетов, рассказывающих об осуществлении примирительных процедур ОО «Центр Медиации и Права «Содружество». Руководство Северо-Казахстанского областного суда инициировало обсуждение вопросов медиации на Координационном совете прокуратуры СКО.

Все эти меры дали результаты - судами области с применением процедуры медиации окончено 146 уголовных дел, 187 гражданских дел и 1003 дела об административных правонарушениях. В порядке судебной медиации с участием судьи рассмотрено 51 гражданское дело. Для сравнения - за 2013 год с применением Закона РК «О медиации» было рассмотрено 1 гражданское дело.

ИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ

Конкурс помог выявить положительные тенденции в работе судов Северо-Казахстанской области, провести мониторинг внедрения передовых технологий во имя искоренения бюрократии, срывов судебных процессов по вине судей, сотрудников аппарата, сотрудничества и открытости судов в работе со СМИ, повышения качества служебных документов.

Большинство залов судебного заседания оснащено системами аудио-видеозаписи судебных процессов. Внедрение СМС-сообщений сократило бумажный документооборот. В ходе смотра-конкурса активно заработал электронный информационный сервис «Судебный кабинет». Принцип одного окна дает возможность не только подавать заявления в электронном виде, но и отслеживать движение дела, получить уведомление, ознакомиться с судебными актами и распечатывать их. В целях разъяснения порядка

Впервые в истории областного суда на заседании кассационной судебной коллегии с использованием видеоконференцсвязи было рассмотрено уголовное дело в отношении троих осужденных. Из-за отдаленности пребывания одного из них возникла необходимость обеспечить его участие в судебном заседании, этапировав в помещение суда № 2 г. Усть-Каменогорска. Заседание кассационной судебной коллегии прошло в режиме «он-лайн», показав возможность успешного применения новых технологий, обеспечивающих экономию средств и безопасность

подачи документов в формате нового сервиса проведены круглые столы, семинары, дни открытых дверей с участием представителей всех заинтересованных органов, аппарата акима области, Налогового департамента. Для использования в работе раздаются диски с роликами и инструкцией. На телеканалах, сайте областного суда, в информационных киосках, общественном транспорте подается рекламный видеоматериал о работе сервиса «Судебный кабинет». Благодаря широкой пропаганде в СМИ достигнут рост электронного документооборота – с момента реализации проекта в суды поступило 2892 заявления через «Судебный кабинет». С помощью электронного информационного киоска посетители суда могут ознакомиться с базой судебных актов, имиджевыми и обучающими видеороликами о новых технологиях.

Впервые в истории областного суда на заседании кассационной судебной коллегии с использованием видеоконференцсвязи было рассмотрено уголовное дело в отношении троих осужденных. Из-за отдаленности пребывания одного из них возникла необходимость обеспечить его участие в судебном заседании, этапировав в помещение суда № 2 г. Усть-Каменогорска. Заседание кассационной судебной коллегии прошло в режиме «он-лайн», показав возможность успешного применения новых технологий, обеспечивающих экономию средств и безопасность. Это стало возможным

благодаря целенаправленной работе Верховного Суда Республики Казахстан по обеспечению всех судов новыми технологиями, а также проявленному содействию руководства Восточно-Казахстанского областного суда.

УЧЕБНЫЙ ЦЕНТР

На базе Учебного Центра областного суда проводятся практические занятия и семинары, лекции, круглые столы, семинары-тренинги, организуются стажировки судей, наставничество, обучение по индивидуальному учебным планам в дистанционном режиме. В 2014 году в подобном формате прошло 425 мероприятий. 169 из них было направлено на разъяснительную работу в рамках реализации Единого государственного плана перехода на новую модель уголовного закона и уголовного судопроизводства, модернизации законодательства об административных правонарушениях и системы исполнения уголовных наказаний.

В целях повышения эффективности работы и качества отправления правосудия организованы конкурсы «Лучший судебный акт», «Лучший секретарь судебного заседания».

По итогам проведенных образовательных мероприятий областной суд разрабатывает методические рекомендации по формированию единообразного применения закона и исключения судебных ошибок. Доступ к образовательным мероприятиям обеспечивается видеоконференцсв

зью для просмотра видеолекций, проводимых Верховным Судом РК, семинаров, круглых столов, тренингов, организуемых Северо-Казахстанским областным судом.

В разработанные нами методические рекомендации и образцы процессуальных документов следственного судьи легли положения нового УК и УПК РК.

РАБОТА С КАДРАМИ

Чтобы упорядочить и активизировать работу с кандидатами в судьи, был принят ряд организационных мер. Заведены личные дела со всей необходимой информацией на судей, состоящих в кадровом резерве, кандидатов на должности судей. В план стажировки включены вопросы противодействия коррупции.

Обретению организаторских навыков и опыта в исполнении обязанностей председателя районного и приравненного к нему суда помогает направление на место временно отсутствующего руководителя судьи, состоящего в резерве на данную должность. Профессиональным становлением вновь назначенных судей занимается Совет наставников, возглавляемый до 2015 года опытным судьей Л.Ф.Капустиной, с 40-летним стажем работы в судебной системе страны.

Адаптации в профессии судьи, соблюдению Кодекса судейской этики, составлению судебных актов способствуют разработанные нами Методические рекомендации. При Северо-Казахстанском областном суде функционирует Общественный совет, в состав которого входят судьи, находящиеся в почетной отставке, члены партии «Нұр-Отан» - экс-депутаты Мажилиса Парламента РК, почетные граждане области.

Это позволяет исключить формальный подход к формированию качественного судебного корпуса области. Стажеров-кандидатов привлекаем на семинары, круглые столы, тренинги, пленарные заседания областного суда, посвященные обсуждению судебной практики.

В ходе собеседования с судьями, состоящими в резерве, обращается внимание на опыт

в рассмотрении сложных и резонансных дел, позицию по дальнейшему совершенствованию судоустройства и судопроизводства, повышению эффективности работы, профилактике коррупции в судах, соблюдению Кодекса судейской этики во внеслужебное время и т.д.

Итоги стажировки кандидатов в судьи, их личные дела обсуждаются на пленарном заседании областного суда. С учетом мнения руководителя стажировки каждому кандидату дается объективная оценка. При наличии отрицательных моментов с профессиональной либо морально-этической стороны это указывается в соответствующем заключении суда. Эти факты становятся предметом обсуждения на совещаниях с доведением в качестве информации до районных и приравненных к ним судов.

Кандидаты в судьи обучаются основам ведения судебного процесса, делопроизводства в суде по уголовным, гражданским и административным делам, вопросам этики и психологии поведения, культуре проведения судебных процессов.

Данные, предоставленные кандидатами в судьи, заносятся в систему «Стажировка кандидатов в судьи». При поступлении от них заявления запрашивается необходимая информация для контроля достоверности биографических данных, сведений об образовании. Для всестороннего изучения морально-нравственных качеств кандидатуры лиц, претендующих на должность судьи, обсуждаются на заседаниях Общественного совета при Северо-Казахстанском областном суде.

НА ПРИНЦИПАХ ОТКРЫТОСТИ

В обеспечении доступности, открытости и прозрачности правосудия Северо-Казахстанский областной суд стремится тесно взаимодействовать с республиканскими и региональными СМИ. На страницах печатных изданий за 12 месяцев 2014 года опубликовано 2050 статей, осуществлено 455 выступлений на ТВ. На сайте областного суда размещено 312 новостных материалов. По иници-

ативе журналистов опубликовано 860 статей, посвященных работе судебной системы. Многие сюжеты связаны с проводимыми для населения днями открытых дверей – их суды области провели 240.

С 2014 года суды СКО организовали выпуск ежемесячного издания «Вестник суда». Задачи проекта - повышение положительного имиджа судебной системы, открытости судов, правовой культуры населения. На данный момент увидели свет 180 выпусков вестника – доступ к изданиям свободный, они размещаются в фойе судов. Оперативно освещались материалы с проведенных 78 брифингов и 55 пресс-конференций. По всем общественно-резонансным делам пресс-служба областного суда готовит пресс-релизы для сайта областного суда. Своевременная реакция на актуальные дела позволяет избежать искажения информации, однобокого освещения судебного дела.

Благоприятные условия, созданные областным судом для осуществления качественной работы СМИ, находят у них положительный отклик. В числе первых нами была поддержана инициатива Верховного Суда и Союза Судей РК о проведении творческого конкурса. В канун его проведения состоялась встреча председателя областного суда с журналистами, на которой были подчеркнуты задачи - повышение имиджа судебной системы, уровня информированности граждан о деятельности судов. Это вызвало всплеск телесюжетов, публикаций. Изучив представленные на конкурс работы, мы приняли решение разделить номинации на лучшее освещение судебной деятельности в телевизионных и отдельно – в

печатных СМИ. Символично, что итоги конкурса были подведены на торжественном мероприятии, посвященном Дню Первого Президента РК. Представители журналистского корпуса выразили благодарность Председателю Верховного Суда РК, Союзу Судей за проведенный конкурс, отметив его роль в укреплении взаимодействия судов и СМИ.

СОЦИАЛЬНЫЙ РАКУРС

Мы бережно относимся к людям старшего поколения, ветеранам судебной системы, стараемся уделять внимание их социальному обеспечению. В преддверии Дня пожилых людей делегация областного суда посетила дом-интернат для престарелых и инвалидов в п. Смирново Аккайынского района, поздравив его жителей с праздником и вручив подарки – плазменный телевизор и продуктовые наборы.

Ветеранов судебной системы мы поощрили бесплатной подпиской на периодические юридические издания. Судьи в отставке для нас дорогие гости на всех торжественных мероприятиях, мы поддерживаем добрую традицию всем коллективом тепло провожать заслуженных коллег в почетную отставку или при назначении в другой суд.

Много мыслей мы, судьи, почерпнули из статей Председателя Верховного Суда Республики Казахстан К.А.Мами в «Казахстанской правде» - «Гарант стабильного развития государства и общества» и «Сот ашықтығы – қоғам айнасы» в газете «Егемен Қазақстан». Это размышления о роли VI Съезда судей страны и реализации задач, поставленных Главой госу-

С 2014 года суды СКО организовали выпуск ежемесячного издания «Вестник суда». Задачи проекта - повышение положительного имиджа судебной системы, открытости судов, правовой культуры населения. На данный момент увидели свет 180 выпусков вестника – доступ к изданиям свободный, они размещаются в фойе судов

дарства по совершенствованию законодательных и процессуальных норм деятельности судов, судоустройства, внедрению альтернативных способов разрешения споров, обеспечению доступности правосудия, повышению профессионализма судей страны. Как отмечено Председателем Верховного Суда, за последний год осуществлен целый ряд эффективных мер по совершенствованию судебной системы, обеспечению качественной оценки деятельности судов, ускорению и упрощению судопроизводства.

Важнейшие общественно-политические вопросы, роль судебных и правоохранительных органов, вытекающих из Посланий Президента РК народу Казахстана, Северо-Казахстанский областной суд обсудил на встречах с депутатами Сената Парламента и Мажилиса РК А.Б.Тасболатовым, М.А.Казбековой, Г.В.Ким и С.С. Биляловым. Своими мнениями по приоритетам в реализации Послания обменялись принявшие участие руководители Департамента по делам государственной службы и противодействию коррупции, Департамента государственных доходов, прокуратуры, юстиции, филиала партии «Нұр-Отан», регионального филиала «Палата предпринимателей по СКО», правоохранительных и государственных органов.

Депутаты законодательного органа выразили благодарность Председателю Верховного Суда РК за предоставленную возможность проведения конструктивного диалога в здании Северо-Казахстанского областного суда, высокий формат организованной встречи. Подобные мероприятия повышают имидж судебной системы, правовую культуру граждан, демонстрируя открытость и доступность судебных органов.

РАБОТА В НОВОМ ФОРМАТЕ

Сегодня, с введением в действие с 1 января 2015 года новых Уголовного, Уголовно-процессуального, Уголовно-исполнительного Кодексов, Кодекса РК об административных правонарушениях,

деятельность судов перешла на качественно новую ступень. Необходимость принятия новых Кодексов была обусловлена изменившимися экономическими и социально-политическими условиями, сложившимися в нашей стране за годы независимого развития, требовавшими адекватного реагирования, на что своевременно обратил внимание Президент нашей страны.

Новый Уголовный Кодекс РК войдет в историю, как документ, который укрепил процессы дальнейшей гуманизации уголовной ответственности, введения альтернативных мер наказаний за преступления, не представляющие большой общественной опасности, что позволит значительно уменьшить «тюремное население». Нормы Уголовно-процессуального Кодекса РК существенно расширяют судебный контроль в уголовном процессе, направлены на полную реализацию процессуальных полномочий участников процесса, максимальную защиту конституционных прав и свобод человека и юридических лиц.

В настоящее время Верховным Судом РК ведется разработка нового Гражданского, Гражданского процессуального и Административного процессуального кодексов РК. В рамках подготовки проектов данных законов, Верховный Суд страны проводит колоссальную работу. Систематизировано огромное количество законодательных предложений, проведено множество научно-практических конференций, «круглых столов» с приглашением ведущих отечественных и иностранных ученых, работников соответствующих государственных органов и учреждений.

Нам повезло стать очевидцами и участниками грандиозных перемен, идущих во всех сферах нашей жизни, в том числе и в сфере судоустройства и судопроизводства. Мы можем гордиться, что в Республике Казахстан состоялась полноценная судебная система, отвечающая всем требованиям правового государства, способная выполнять возложенные на нее задачи по обеспечению норм Конституции и законов по защите прав, свобод и законных интересов граждан.





Ақан ЖҰМАҒҰЛОВ

Шығыс Қазақстан облысы
Семей қалалық сотының
төрағасы

АНЫҚТАМА

Ақан Жұмағұлов Е.А.Бекетаев атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін тәмамдаған.

Бұрын Өскемен қаласы Октябрь аудандық прокуратурасының аға тергеушісі, Өскемен қалалық прокурорының көмекшісі, Шығыс Қазақстан облысы прокуратурасының тергеу басқармасының прокуроры, Қатон-Қарағай аудандық прокурорының орынбасары, Семей аймағы бойынша қаржы полициясы басқармасының анықтау бөлімінің бастығы, Шығыс Қазақстан облысы бойынша қаржы полиция Департаментінің анықтау бөлімінің бастығы, ШҚО бойынша экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Департаментінің экономикалық және салық қылмыстарын ашу бөлімінің бастығы, Өскемен гарнизоны Әскери сотының судьясы, Риддер қалалық сотының төрағасы лауазымында қызмет атқарған.

2013 жылдың шілде айынан - Шығыс Қазақстан облысы Семей қалалық сотының төрағасы.

*Семей
қалалық соты –
республикадағы
аудандық
соттардың
ішіндегі ең үздігі!*



Сот жұмысын дұрыс ұйымдастыра білу – сот төрелігін сәтті жүзеге асырудың негізі. Жұмыста озық технологияларды енгізу, қағаз жүзіндегі құжат айналымын қысқарту, мемлекеттік органдар, заңды және жеке тұлғалармен электрондық хат алмасуға көшу, бұқаралық ақпарат құралдарымен белсенді ынтымақтастықта болу, әуре-сарсаң мен кеңсе рәсімдерін жою, ұжымда тұлғаларлық қарым-қатынасты дұрыс құру соттардың жұмыс сапасы мен беделін анағұрлым арттыруға мүмкіндік береді.

Осы мақсатпен 2014 жылғы 20-қаңтарда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты төрағасының өкімімен және Қазақстан Республикасы Судьялар Одағы Орталық кеңесінің №15 қаулысымен «Аудандық және оған теңестірілген соттардың жұмысын үздік ұйымдастырушы байқау-конкурсының Ережесі» бекітілді.

Байқау-конкурстың мақсаты – аудандық соттардың жұмысын ұйымдастыру деңгейін арттыру, төрағалар мен кеңсе басшыларының жауапкершілігін күшейту сынды нақты талаптар болды.

Конкурстың қорытындысы бойынша 2014 жылғы 29-желтоқсанда жеңімпаздар салтанатты жиында Жоғарғы Соттың төрағасы Қайрат Мәмидің өз қолымен табыс еткен дипломдармен марапатталды.

Жоғарғы Соттың төрағасы Қайрат Мәмидің өткізілген конкурста деген ерекше назары, берген жоғары бағасы және сенімі, болашақта сот басшыларына сот төрелігін жүзеге асыру мен жұмыс сапасын арттыруға ұмтылуға, халықтың сот жүйесіне деген сенім деңгейін жоғарылатуға үлкен жауапкершілік жүктейді.

Соттар жұмысын ұйымдастыру 8 негізгі ұстаным бойынша бағаланып, Семей қалалық соты сол ұстанымдарға толық қанды сай келді. Нәтижесінде республикадағы 360 аудандық және оған теңестірілген соттардың ішінде Семей қалалық соты топ жарып, ең алдыңғы қатардан орын тепті.

Семей қалалық сотының сот жұмысын дұрыс ұйымдастыруы мен республика деңгейінде



жоғары көрсеткіштерге қол жеткізуі - Шығыс Қазақстан облыстық сотының төрағасы Абай Жамбылұлы Рахметулиннің тұрақты түрде жұмысты бір жүйеге келтіре білуінің нәтижесі.

Облыстық сот төрағасымен облыс соттарының жұмысын ұйымдастырудың негізгі 18 ұстанымдары мен бағыттары айқындалды. Бұл ұстанымдарға:

- 1. сот төрелігін жүзеге асыру сапасы;**
- 2. істерді қарау мерзімі мен жеделділігі;**
- 3. сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарын сақтау;**
- 4. бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыс;**
- 5. қаралмаған қалдық істердің санын азайту;**
- 6. қараусыз және қозғалыссыз қалдырылған арыздардың заңдылығы,**
- 7. соттың профилактикалық жұмыстары және т.с.с. кірді.**

Облыстық сот басшысының тарапынан келіп түсетін – хаттамалық тапсырмалар, ұсынымдар, оқыту семинарлары және басқа да барлық іс-шаралар Семей қалалық соты жұмысын ұйымдастыру деңгейін арттыруға оң нәтижесін бергені сөзсіз.

2014 жылдың басынан-ақ Семей қалалық сотымен жоспарланған жұмыс атқарылды. Байқау-конкурста дайындық бойынша жұмыс жоспары бекітіліп, жауапты судьялар мен маман-

дар анықталды. Жоспардың әрбір тармағы бойынша апта сайын талдау мен мониторинг жүргізілуге тиіс жинақтау папкалары әзірленді. Осыған қоса, соттың әрбір жедел кеңесінде сот төрелігін жедел әрі сапалы жүзеге асырудың мәселелері талқыланып, апта сайын жүргізілетін мониторинг барысында анықталған кемшіліктерді жою жолдары анықталып отырды.

Сот қызметінің барлық бағытын тұрақты түрде мұқият есептеу мен талдау – құқық қолдану тәжірибесінде туындайтын ахуалды мәселелерді уақытылы анықтап, сот жұмысын ұйымдастыру жүйесін оңтайландырып, тиісті шешімін табуға әсерін тигізді.

2014 жылдың қорытындысына келетін болсақ, өткен жылы Семей қалалық сотына 15 215 арыз, 145 іс түсіп, өндірісі бойынша 14 130 іс аяқталған. Судьяларға орта есеппен 49,4 істен тиесілі жүктеме түскен.

Апелляциялық және кассациялық сатыларда өзгертіліп, күші жойылған сот актілері қаралған істер санының 0,9 пайызын құрады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотымен атап өтілгендей, Семей қалалық сотының жұмысын ұйымдастырудың аса маңызды және оң сәті – жоғары жүктемеге қарамастан істердің 90 %-ының бірінші отырыстан қаралуы. Бұған атқарылып жатқан бірқатар ша-

ралар мен факторлар – тараптарды хабардар ету бойынша жүйеге келтірілген жұмыс, сот процестеріне қатысушылардың келуін қамтамасыз ету, сотқа құрметтемеушілік білдірген тұлғаларға қатысты уақытылы шара қолдану, әрбір судьяның сот процесін дұрыс және саналы ұйымдастыруы, тиісті сотқа дейінгі дайындық жұмыстары, өзіндік тәрбиелеу, өзіндік білім деңгейін жоғарылату, қаралуы кейінге қалдырылған істер себептерінің апталық талдауы, олардың әрқайсысын жеке талқылау және т.б. әсерін тигізеді.

Сотпен азаматтардың сотқа деген сенімін арттыруға, сотқа келушілерге тиісінше жағдай жасауға бағытталған жан-жақты шаралардың қолданылып жатуы – маңызды факт. Сот ғимаратының бірінші қабаты сыйымдылығы 80 адамға арналған күту залымен, күз-қыс мерзімінде қызмет ететін гардеробпен қамтылған. Соттың тағы бір қол жеткізген жетістігі – Семей қалалық соты мен «Сбербанк России» АҚ ЕБ-мен сот ғимаратының кіреберісінде мемлекеттік баж бен басқа да төлемдерді төлеуге мүмкіндік беретін терминал орналастыру бойынша бірлескен жобасы.

Бүгінгі таңда сот мәжілістерінің барлық залдары дыбыс-бейнежазба құрылғыларымен қамтылып, барлық азаматтық істер 100% осы құрылғыларды пайдаланумен өткізілетінін атап өту қажет. Сот жұмысының озық технологияларға көшуі заман талабына сай, үкіметтің қаржысын үнемдеуге, судьялардың, сот мәжілісі хатшылары мен мамандардың жұмысын әлдеқайда жеңілдетуге бағытталған, ең бастысы бұл – сот төрелігін қарапайым азаматтарға қол жетімді етеді, жүйені айқындай түседі.

Сөйтіп, 2014 жылы «Сот кабинеті» интернет порталы арқылы 4 590 талап арыз (арыз) түсіп, электронды-бақылау өндірісі бойынша 2 415 пароль ұсынылып, электронды үкімет порталы арқылы 1 559 талап арыз түсті, 16 478 СМС-хабарлама жолданып, олар бойынша сот мәжілістеріне 14 896 қатысушы келген.

Судьялар мен сот мәжілісі хатшыларының арасында өткізілетін «Айдың ең үздік қызметкерлері» атты конкурс ерекше назар аударуға лайық. Бұл конкурстың алдыңғы конкурстан ерекшелігі – судьялар мен сот мәжілісі хатшыларының жұмысты бірігіп ұйымдастыра алуының сыналуды. Өйткені, сот төрелігін сапалы жүзеге асыру судья мен сот мәжілісі хатшысының ұйымдасқан жұмысының нәтижесі екені барлығына мәлім

Соттың оң жаңалықтарының бірі - жұмысты дұрыс ұйымдастыруға, мамандардың еңбегін оңтайландыруға, дұрыс тұлғааралық қызметтік қарым-қатынас құруға септігін тигізетін жеке Ереже негізінде қызмет атқаратын жұмыс топтарын құру болып табылады.

Топтар туралы Ереже іс жүргізуді ұйымдастыру мен жүргізуді, сот статистикасын жүргізуді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы соттар қызметін қамтамасыз ету Департаменті басшысының № 351 өкімімен бекітілген «Аудандық және оған теңестірілген соттарда іс жүргізу Ережесі» негізінде әзірленген.

Ұйымдастырушылық топтар штаттық кеңсе мамандарынан құрылып, ұйымдастыру-талдау тобы, есеп және статистика тобы, сот актілерін орындау тобы, мұрағат істерін есепке алу және сақталуын қамтамасыз ету тобы, құжат айналымы мен бақылау тобы, қауіпсіздікті қамтамасыз ету тобы, материалдық-техникалық қамтамасыз ету тобы болып бөлінеді. Топтардың басшылары мен мүшелері жұмыс сапасын, үлкен ұжымдағы сот мамандарының тұлғааралық қарым-қатынастарын арттыруға себін тигізетін жаңа қадамдарды іздеу мен енгізуді, атқарушылық және еңбек тәртібін сақтауды қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ, бекітілген мамандандыруға байланысты судьялар арасынан құрылған 4 судьядан тұратын жұмыс топтары да бар. Жұмыс топтарының отырыстарында жеке іс санаттары бойынша заңнама нормаларын

қолдануда туындайтын сұрақтар талқыланып, судьялардың ойлары мен нәтижелі ұсыныстары қарастырылады. Отырыстардың қорытындысы бойынша әрбір топтың ұсыныстары апта сайынғы оқу семинарларының күн тәртібіне енгізіледі. Бұл тәжірибе сот төрелігін жүзеге асыру сапасын арттыруға, істерді қарау мен жалпы сот жұмысын дұрыс ұйымдастыруға мүмкіндік берді.

Семей қалалық сотының 24 судья мен 60 маманнан тұратын үлкен ұжымында ұжым арасындағы моральдық күй-жайға ерекше көңіл бөлінген. Өйткені тек қана тұлғааралық қызметтік қатынастың дұрыс ұйымдастырылуы нәтижесінде сот төрелігінің сапалы жүзеге асырылуы мүмкін. Осы мақсаттарды жүзеге асыру негізінде «Айдың ең үздік маманы», «Айдың ең үздік қызметкерлері» атты қосымша көтермелеу түрлері көзделген.

Аталған конкурстардың өткізілу мақсаты – сот билігінің беделін күшейту, сот жұмысын ұйымдастыру деңгейін арттыру, кеңсе қызметкерлерінің өз лауазымдық міндеттерін сапалы және тиімді орындау, жағымды тәжірибені анықтап, тарату екені сөзсіз.

Конкурстың жеңімпазына үміткердің лауазымдық қызметтерін мінсіз орындауы, сот басшысы, судьялар мен кеңсе меңгерушісінің, сондай-ақ заңды және жеке тұлғалардың тарапынан сын-ескертулердің орын алмауы, сонымен қатар, жұмысты ұйымдастырудағы оң тәжірибесі, атқарушылық және еңбек тәртібін сақтауы, ұжымда дұрыс қарым-қатынас құра білуі, жұмыстың

озық әдістері мен нысанын енгізе алуы да қарастырылады. Конкурста жеңіске қол жеткізген үздік қызметкерді сот төрағасы өтпелі «Фемида» нышаны және Құрмет грамотасымен салтанатты түрде марапаттайды.

Судьялар мен сот мәжілісі хатшыларының арасында өткізілетін «Айдың ең үздік қызметкерлері» атты конкурс ерекше назар аударуға лайық. Бұл конкурстың алдыңғы конкурстан ерекшелігі – судьялар мен сот мәжілісі хатшыларының жұмысты бірігіп ұйымдастыра алуы сыналады. Өйткені, сот төрелігін сапалы жүзеге асыру судья мен сот мәжілісі хатшысының ұйымдасқан жұмысының нәтижесі екені барлығына мәлім. Сондықтан жеңімпаздарды анықтау барысында судья мен сот мәжілісі хатшысының арасындағы микроклиматқа аса көңіл бөлінеді. Сонымен бірге, бірқатар басқа да өлшемдер: сот төрелігін жүзеге асырудағы судьяның сапалы көрсеткіштері, сотқа құр-меттемеушілік білдірумен байланысты алдын алу шаралары, істерді қарауда медиация институтын қолдану, бұқаралық ақпарат құралдарымен байланысы, лауазымдық міндеттерін мінсіз орындауы және т.б. бағаланады. Конкурстың нәтижесі бойынша жеңімпаз судья мен оған бекітілген сот мәжілісінің хатшысына грамота мен өтпелі «Үш би» құрмет нышаны табыс етіледі.

Семей қалалық сотының бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз байланысы да реттелген. Мәселен, ең ірі қалалық басылымдардың бірі – «Спектр» газетінде соттың «Ваше право» ақпараттық бюллетені, «Ертіс өңірі» газетінде «Әділет айнасы» ақпараттық парағы, «Орман дауысы» газетінде «Орман және заң» айдары, «Вести Семей» газетінде «Заң аймағы» айдары басылып шығарылады. Ай сайын таралымы 99 дана басылыммен шығарылатын «Әділет айнасы» журналы – Семей қаласы соттарының бірлескен жобасы болып табылады. Сондай-ақ,

«Орман дауысы» газетінің «Сот жаршысы» қосымшасының таралымы 1000 данадан тұрады. Судьялар мен сот қызметкерлерінің мақалалары аталған жергілікті, сонымен қатар республикалық газет және журнал басылымдарында жарияланады. Семей қалалық сотының судьялары апта сайын теле және радио бағдарламаларда сұхбат беріп, БАҚ өкілдерінің қатысуымен сан алуан тақырыптарда семинарлар, брифингтер, дөңгелек үстелдер мен дәрістер өткізеді.

Сөйтіп, 2014 жылдың қорытындысы бойынша баспасөз басылымдарында 921 мақала жарияланып, 459 телеарналарда сөйлеу, 16 баспасөз маслихаттары, 52 брифинг, 36 дөңгелек үстел, 423 семинар-тренингтер ұйымдастырылып, 6 беделдік бейнелер шығарылды.

Барлық мәліметтер Ережемен бекітілген 8 ұстаным бойынша бөлінген 8 бөлімнен тұратын кітапта жинақталған.

Шығыс Қазақстан облысы Семей қалалық сотының тарихи-құқықтық, тәжірибелік және статистикалық қызметінің аспектісіне арналған кітап – соттың ілгері дамуының маңызды кезеңінің фото-шежіресі.

Кітап альбомының жарыққа шығуының нәтижесі – сот судьялары мен мамандарының тынымсыз еңбегінің жемісі. Фотосуреттерде бейнеленген сәттер – куәгерлері де, қатысушылары да біз болып келетін сот тарихын, сот қызметкерлерінің күнделікті өмірін жаңғыртқандай болды. Күнделікті еңбектің жылдары мен онжылдықтарынан құралған өмірдің ұмытылмас жарқын сәттері де қайта жанданғандай.

Сот билігінің әрбір қызметкерінің жұмысы жоғары білімділікті, ерікжігерді, белсенділікті талап етеді, және адамдардың тағдырын тек қана білікті заңгерлер емес, сонымен қатар жоғары адамгершілік қасиеттері тән парасатты адамдар шешуі тиіс. Ал бұл қасиеттер Семей қалалық сотының әрбір қызметкеріне тән!





Нұрғазы ӘБДІҚАНОВ
Ақмола облыстық сотының
төрағасы



ТАРИХТЫ ТҰЛҒАЛАР ЖАСАЙДЫ

Құқықтық мемлекеттің тірегі – сауатты заңнамалар. Бұл талассыз шындық. Үлкен ізденіспен, әлемдік тәжірибе ескеріліп, халықтың менталитеті не сай жазылған заңнамалардың болашағы зор. Және олар ел тұрғындарының құқығын қорғап, бостандығына шек келтірмеудің кепілі болып табылады. Бүгінгі күнге дейін қабылданған заңдар мен кодекстердің, қаулылар мен нормативтік құқықтық актілердің мақсаты бір. Ол елдегі құқықтық теңдікті қалыптастыру, әділдікті сақтау, қауіпсіздікті қамтамасыз етуді мақсат еткен. Мұндай толымды іске үнемі Елбасының бастамашылық жасап келгенін жоққа шығаруға болмас.

Қазіргі егемен Қазақстанның тарихы дағдарыстан басталды. Бұл әлеуметтік қысымдарға толы кезең еді. XX ғасырдың 80-ші жылдарының соңында қоғам тұрақсыздығымен ерекшеленді.

Бұған жарияланған қайта құру үдерістері себеп болды. Өйткені, жедел даму үдерістері саяси институттардың ескі құрылымдарын қақырата қиратып кетті.

Кеңес адамдарын жұмылдырған идея оның мақсаты да еді – ол коммунизм болатын. Бірақ, коммунизм КСРО ыдырамай тұрып-ақ өмір сүруін тоқтатты. Бұрынғы Кеңес Одағының көптеген республикаларында әлеуметтік және ұлтаралық жанжалдар бой көрсетті. Дегенмен, Қазақстан халқы «дамыған социализмнен» нарықтық экономикаға көшкен өтпелі шақта жоғарыдағыдай теріс сценарийлерден айналып өте алды. Қазақстандықтар бейбітшілік пен ұлтаралық келісімді көп жағдайда «туннельдің ар жағынан сәуле көріп», халықты ұйымдастыра білген Елбасының арқасында сақтауға қол жеткізді.

Х.Аволян өзінің «Патриотизм туралы» мақаласында былай деп жазды: «Орманда дәу емен ағашын кездестіруге болады, бірақ оның дәулігі еменнің өзіне емес, ол өсіп тұрған жердің құнарына байланысты... Тап келген қауіп-қатерге қарсы тұрып, өзінің өміршеңдігін сақтап қалған, бәрін бұзып қирататын несер жаңбыр, дауыл секілді дүлей күштердің құрбанына айналмаған халық ұлы». Бұл сөздерді толық көлемінде қазақ халқына қатысты қолдануға болады.

Тарих бірде-бір тап, бірде-бір әлеуметтік күш егер өзінің саяси көшбасшыларын ілгерілетпесе, үстемдікке қол жеткізе алмайды деп үйретеді. Бір кездері Николай Карамзин I Петр туралы былай деген болатын: «Халық жолға жиналды, көсемін күтті және көсем келді!». Қазақстан үшін сондай көсем 1991 жылдың 1 желтоқсанында қазақстандықтар

өзінің Президенті атаған қазақ халқының ұлы – Нұрсұлтан Назарбаев болды.

Мемлекет басшысының күші – оның артында тұрған қоғамдық қозғалыстың күші, халықтың күші. Әлемдік-тарихи тұлғалар – тек практикалық және саяси қайраткерлер ғана емес, сондай-ақ, не қажет екенін дер кезінде түсінетін, өзінің соңынан жалпыны ерте білетін ерекше ойлайтын адамдар, рухани жетекшілер.

Ондай адамдар тарихи қажеттіліктің не екенін түсінеді, алыстағыны көреді, оның үстіне, халықтың нені қалайтынын сезіне біледі. Саяси көсемнің қыз-меті ішкі және халықаралық жағдайды, қоғамдық практиканы, ғылым мен мәдениеттің тұтастай алғандағы жетістіктерін терең теориялық електен өткізу, әлеуметтік өмірдің өте күрделі жағдайында қарапайымдылық пен ой ашықтығын сақтау, алға қойған жоспарларын орындау қабілетімен өлшенеді. Саяси көшбасшысының даналығы тарихи үдерістердің перспективаларын қаншалықты түсіне алатынына да тікелей байланысты. Ол сол тарихи шындықтың ішінде құпиясы әлі ашылмаған жаңа нәрсеге негізделген мақсат қалыптастыра алуы тиіс.

Дана мемлекет қайраткеріне оқиғалардың жалпы желісін ғана емес, сондай-ақ, оның көптеген ұсақ-түйектеріне дейін – бір мезгілде орманды да, жеке ағашты да көре білу қажет. Көшбасшы әлеуметтік күштердің қатарындағы өзгерістерді басқалардан бұрын түсініп, қандай жол қажет екенін таңдап, әлі пісіп-жетілмеген тарихи мүмкіндікті шындыққа айналдыра білуі де керек. Ол өзіне жаңа қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру жауапкершілігін де алады. Ұлы адамның күші де осында.

Өткен ғасырдың 90-шы жылдарының басында саясаттағы, экономикадағы дағдарыстар кезінде Нұрсұлтан Назарбаевтың тұлғасы айқындалушы рөл атқарды. Ол Қазақтан халқының мүддесін түсінді. Президент халықтың болашағы үшін жауапкершілікті өзіне саналы түрде алды. Жан-

Мемлекет басшысы осы мәселені мұқият зерттегендіктен, әділ соттың шешуші сәті тәуелсіздікте жатқанын жақсы білді. Президент тиімді сот жүйесінсіз қазіргі заманғы тәуелсіз Қазақстанды қалыптастыру мүмкін емес екенін тереңнен түсінді. Нарықтық экономика жұмыс істемесе, әлеуметтік мемлекет те орнамайды. Осыны Нұрсұлтан Назарбаев биліктің үшінші тармағы – сот жүйесін құру жұмысында да басшылыққа алды және мұны мемлекеттік аппараттан да талап етті

жақтан анталаған қазақтардың ешқашан өз мемлекеті болмаған деген дауыстарға қарамастан, Елбасы бұрын халыққа жүздеген жылдар айырылып қалған мемлекеттілігін қайтарды.

...1995 жылғы Конституцияға сәйкес тәуелсіз мемлекеттің өміріндегі соттың рөлі құқықтық болуы тиіс еді. Мұны Мемлекет басшысы тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен-ақ нақты айқындап берген болатын.

Жоғарғы Сот Төрағасы Қайрат Мәми «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған мақаласында Президенттің сот жүйесін дамытудағы рөлін атап өте келіп, былай деп жазған еді: «Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап биліктің сот тармағы Мемлекет басшысының ұдайы назарында болып келді». Сол тұста көптеген шенеуніктер Нұрсұлтан Әбішұлының нақты не нәрсеге ұмтылғанын түсінбегендіктен, сот реформасын тежеді. Бірақ мұндай іс-әрекеттер Президент тарапынан қағидатты түрде кесіліп отырды.

Мемлекет басшысы осы мәселені мұқият зерттегендіктен, әділ соттың шешуші сәті тәуелсіздікте жатқанын жақсы білді. Президент тиімді сот жүйесінсіз қазіргі заманғы тәуелсіз Қазақстанды қалыптастыру мүмкін емес екенін тереңнен түсінді. Нарықтық экономика жұмыс істемесе, әлеуметтік мемлекет те орнамайды. Осыны Нұрсұлтан Назарбаев биліктің үшінші тармағы – сот жүйесін құру жұмысында да басшылыққа алды

және мұны мемлекеттік аппараттан да талап етті.

Өткен ғасырдың соңында көпшілікке экономикалық қиындықтарға байланысты мүмкін емес болып көрінген (майға, азық-түліктің басқа да негізгі түрлеріне кәртішкелерді еске түсірейікші), жанама (бұдан да маңыздырақ мәселелер бар), керексіз нәрселерді (қалайша сот тәуелсіз болады, ал судьялар ешкімнің бақылауынсыз қалады?) Президент қажетті деп санады. Мемлекет басшысы биліктің сот жүйесін қалыптастыру бірінші кезектегі міндет екеніне сенімді болды. Елбасының басқаларға қарағанда алысты көре білетін қасиеті осыдан байқалды. Конфуций айтқандай, алысты көрмейтін адамды міндетті түрде жақындағы қиындықтар кескестейді. Көптеген қиындықтардан қоғамымыз өзінің Көшбасшысының арқасында айналып өте алды.

Тәуелсіздігін жариялаған сәтте Қазақстанда бір ғана заң – 1990 жылғы «Қазақ КСР-індегі сот құрылымы туралы» Заң ғана жұмыс істеді. Ол мемлекеттің әміршіл-әкімшіл құрылысы мен сол кездегі адамдардың психологиясына сәйкес декларативті сипатқа ғана ие еді. 1993 жылы тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Конституциясы қабылданды. Алғаш рет мемлекеттің емес, адам құқы басымдығының қағидаттары конституциялық деңгейде бекітіліп, билік тармақтары заң, атқарушы және сот тармақтары болып бөлінді.

«Сот билігі» сөз тіркесі қазір, тіпті, заңгер еместер үшін де әдеттегі сөз тіркесіне айналды. Бұл терминді алғаш рет ел Президенті 1993 жылғы Конституцияның 95-бабына енгізді. Осы түсінікке азкем тоқтала кетейік. Конституционалист А.Черняковтың жұмысына сүйенген Е.Киминчижи сот билігі теориясының қоғамдық қатынастарға қатысты үш түрін атап көрсетті: сот жүйесін ұйымдастыратын құқықтық нормаларға негіз болатын сот құрылымы; іс жүзіндегі сот қызметіне қатысты сот өндірісі; сондай-ақ, сот актілері мен сот шығармашылығын шығарумен байланысты қалыптасатын қатынастар. Аталған қоғамдық қатынастар жиынтығы сот билігінің заңдық мазмұнын құрайды.

90-шы жылдардың басында елімізде осы үшеудің сот құрылысы жүйесінен басқа ешқайсысы болған жоқ. Ал ол бізге КСРО-дан мұраға қалған болатын. Мемлекет басшысы сот билігін барлық бағыттарда бір мезгілде дамытты. Солардың кейбіреулерін айтып өтейік. Бұл – заңнаманы өзгерген экономикалық қатынастарға сәйкес келтіру.

Сондай-ақ, 1995 жылы «Қазақстан Республикасындағы соттар мен судьялардың мәртебесі туралы» Жарлық қабылдануымен сот құрылымы өзгеріп, Жоғары төрелік сот Жоғарғы сотқа қосылды. Сөйтіп, экономиканың тұрақсыз жағдайында соттың түріне тәуелді түрлі сот тәжірибесі алынып тасталды.

Өзгеріс соттардың материалдық қамтамасыз ету жағын да назардан тыс қалдырмады. Қазір Кеңес Одағының судьялары қандай орындарда отырып жұмыс істегенін еске түсірудің өзі қиын. Әдетте олар ешқандай жағдай жасалмаған, жөндеу жүргізілмеген ескі ғимараттардың бір бұрышын паналар еді. Сондай жерлерде орналасқан билік органын құрметтеудің өзі мүмкін еместін.

Экономикалық қиындықтарға қарамастан, 1993 жылдың өзінде-ақ Қазақстан Президенті «Қылмысқа қарсы күрес бойынша кезектен тыс шаралардың мемлекеттік бағдарламасы және 1993-1995 жылдары Қазақстан

Республикасында құқық тәртібін сақтау туралы» Қаулы қабылдады. Құжат 35 халық соттарының ғимараттарын салуды және судьялар штатын 1540 бірлікке көбейтуді қарастырса, сонымен бір мезгілде, судьяларды әлеуметтік қамтамасыз ету мәселелері шешіліп жатты. Жаңа арнайы ғимараттар салу бүгінде судьялар үшін әдеттегі нәрсеге айналды.

Осы және басқа да көптеген шаралар жұртшылықтың биліктің үшінші тармағына деген көзқарасын өзгертуі тиіс болды. Егер КСРО-да сотқа көзқарас азаматтардың мүддесін кері ысырып тастап, тек мемлекеттің мүддесін қорғайтын репрессивті органға көзқарас сияқты қалыптасса, жаңа мемлекетте халық сотқа биліктің тәуелсіз, өздерінің құқын қорғайтын органы ретінде қарауы тиіс болды. Яғни, халықтың психологиясын өзгерту қажеттігі туындады.

Қазақстан Президентінің Қазақ КСР-інің орнында қандай мемлекет пайда болуы тиістігін алдын ала көре білуі оның құрылысын іс жүзіндегі тәуелсіз сот билігін құрумен тығыз байланысты жүргізуге алып келді. Қазіргі кезде соттарда қаралатын істер санының арта түсуі адамдардың психологиясында өзгеріс жүзеге асқанын айғақтайды. Азаматтардың сотқа көзқарасы өзгерді. Ол жазалаушы органнан Қазақстан азаматтары өздерінің құқықтарын қорғау үшін қайырылатын құрылымға айналды.

Сот реформасы жалғасып жатыр. Бүгінде Қазақстан азаматтарының құқықтарын, бостандығы мен заңды мүдделерін қорғайтын тәуелсіз сот биліктің үшінші тармағы ретінде қалыптасты деп нық сеніммен айта аламыз. Және де еліміздегі сот жүйесінің жұмысы жыл өткен сайын жетілдіріліп келеді. Мұнда Мемлекет басшысының жеке еңбегі бар екені талассыз.

Әлемдегі аса дамыған 30 елдің қатарына кіретін мемлекет құру тиісті сот жүйесінсіз мүмкін емес. Сондықтан Президент сот жүйесі іс жүзінде ашық та қолжетімді болуы тиіс, барлық таластарды

қарапайым әрі тез шешуі керек деген талап қойды.

Аса алыстағыны көре білетін Президент Елбасы ретінде жетекші мемлекет құрудың жолын нұсқауды жалғастыруда. Бұл жол – «Нұрлы Жол». Бұл жол – Президенттің Қазақстан халқына Жолдауында көрсеткеніндей, нақты бағытты нұсқайтын жол. Осы бағдарламалық құжатында Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Үкіметке нақты тапсырмалар берсе, олардың әрқайсысында бүкіл халықтың әл-ауқатын жоғарылату, қазақстандықтардың өмір сапасын жақсарту бағытындағы көкейкесті мәселелерді шешу бойынша көптеген нақты міндеттер көрсетілген. Ел тәуелсіздігінің баянды болуы мен болашақтың кемелділігін қамтамасыз ету жолындағы Тұңғыш Президентке артылар жүк те ауыр. Сол ауыр міндетті абыроймен көтеру, халық сенімін ақтау, тәуелсіздікті тұғырлы ету, әлемдік қауымдастыққа терезесі тең елдер қатарында болуды жүзеге асыру, одан да қиынырақ істерді атқаруды, батыл шешімдер қабылдауды қажет етеді. Ол үшін ең алдымен елде тыныштықтың болуы шарт. Ынтымақ қашанда ырыс пен берекенің қазығы.

Кешегі Қаблица бабамыз да

Бақыт, қайда барасың?

- Соғысқа құмар ойы жоқ,

Ұлан асыр тойы көп,

Бейбіт елге барамын, – деп ауызбіршіліктің баға жетпес байлық екенін айтпап па еді?! Береке-бірлігіміз салтанат құрса, еліміздің болашағы жарқын, тұғыры берік болары даусыз. Мәңгілік ел болу үшін әрқайсымыз аянбай еңбек етуіміз, ішкі бірлігіміздің бекемдігін сақтауымыз қажет.

Елбасы 2014 жылдың 17 қаңтарында жариялаған «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында жаңа жүзжылдықтың алғашқы жартысында қол жеткізілетін мақсаттарға қарай нық қадам басудың алғашқы адымын жасаған болатын. «Мен қоғамда «қазақ елінің ұлттық идеясы қандай

Экономикалық қиындықтарға қарамастан, 1993 жылдың өзінде-ақ Қазақстан Президенті «Қылмысқа қарсы күрес бойынша кезектен тыс шаралардың мемлекеттік бағдарламасы және 1993-1995 жылдары Қазақстан Республикасында құқық тәртібін сақтау туралы» Қаулы қабылдады. Құжат 35 халық соттарының ғимараттарын салуды және судьялар штатын 1540 бірлікке көбейтуді қарастырса, сонымен бір мезгілде, судьяларды әлеуметтік қамтамасыз ету мәселелері шешіліп жатты. Жаңа арнайы ғимараттар салу бүгінде судьялар үшін әдеттегі нәрсеге айналды

болуы керек» деген сауалдың жиі талқыға түсіп жүргенін естіп жүрмін, біліп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар етіп ұлтты ұйыстыра ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – мәңгілік ел идеясы. Тәуелсіздігімізбен бірге халқымыз мәңгілік мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі мәңгілік елордамызды тұрғыздық. Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ – мәңгілік қазақтың перзенті. Ендеше, қазақ елінің ұлттық идеясы – «Мәңгілік ел» деген еді Елбасы.

Ал былтырғы жылдың 11 қарашасындағы «Нұрлы жол – болашаққа бағыт» деп аталатын кезекті жолдауында «Мәңгілік ел» идеясын жалғастырды «Мәңгілік Ел» идеясының бастауы тым тереңде жатыр. Осыдан 13 ғасыр бұрын Тоныкөк абыз «Түркі жұртының мұраты – Мәңгілік Ел» деп өсиет қалдырған. Біз Жалпыұлттық идеямыз – Мәңгілік Елді басты бағдар етіп, тәуелсіздігіміздің даму даңғылын Нұрлы Жолға айналдырдық. Ол «Қазақстан 2050» стратегиясының ғана емес, XXI ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры! Жаңа Қазақстандық Патриотизм дегеніміздің өзі – Мәңгілік Ел! Ол – барша Қазақстан қоғамының осындай ұлы құндылығы» деп атап көрсетті.

Тамыры тереңге тартқан ағаштың өмірі ұзақ болады.

Осы тұрғыдан алғанда тәуелсіз мемлекетіміздің ғұмыры да мәңгілікке ұласарына сенім мол. Биылғы 2015 жыл Қазақстан үшін аса маңызды жыл болғалы тұр. Елбасымыз да бұл жылды өзінің жоғарыдағы Жолдауында «...ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі биіктерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы» деп бағалады. Өйткені біз 2015 жылы Қазақ хандығының 550 жылдығын, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституциямыздың 20 жылдығын, Ұлы Жеңістің 70 жылдығын атап өтпекпіз. Оған қоса 2015 жыл – Қазақстан халқы Ассамблеясы жылы деп жарияланған. Сонымен бірге, тәуелсіздігіміздің 25 жылдық мерейтойын және халықаралық ЕХРО-2017 көрмесін табысты өткізу, сөйтіп Қазақстан әлеуетін әлемге паш ету – биылғы қой жылының еншісіндегі елеулі міндет болып отыр.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың жүргізіп отырған оңтайлы саясатының нәтижесі – бүгінгі еліміздің даму барысынан анық байқалады. Күні кеше орындалмайтын арман сияқты көрінген мақсаттар бүгінде шындыққа айналуда. Елбасымыздың Ұлытау төрінде айтқанындай: «Біз ешбір елге тиісіп көрген халық емеспіз. Ешбір елге жау емеспіз. Осылай төңірегіміз бейбіт, өзіміз бейбіт, ішіміз бүтін, бірлігіміз берік болса, ұтылмаймыз. Қазақтың бірлігі – мына көпұлтты халықтың бірлігі.

Біз бірте-бірте жарқын болашаққа жетеміз деп санаймын».

Құқықтық реформаның басында тұрған Президент Н.Назарбаевқа деген халықтың құрметі бөлек. Елімізде осыдан бар-жоғы екі жыл бұрын ғана Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні бекітілуі соның дәлелі. Оның үстіне, осы мереке бірден халық жақсы көретін мейрамға айналды. Мұның өзі біздің Елбасы беделінің тағы бір айқын айғағы болып табылады.

АҚШ-та осындай мереке ресми түрде 1880 жылдан бастап тойлана бастаған. Ол Вашингтон күні деп аталады және елді күрделі де өтпелі кезеңдерде басқарған Джордж Вашингтон мен Авраам Линкольнге байланысты тағайындалған. Бір атап өтерлік жайт, аталған екі президент те ақпан айында туғандықтан, аталған мереке сол айдың екінші дүйсенбісінде аталып өтеді.

Еліміздегі Президент күні Мемлекет басшысының туған күніне байланысты емес. Бұл күн ел тұрғындарының басым бөлігі қатысқан 1991 жылдың 1 желтоқсанында өткен президенттік сайлауға қатысты таңдалған. Сол күні Нұрсұлтан Назарбаев сайлаушылардың 98,7 пайыз дауысын алып, Мемлекет басшысы болды. Сол тамаша күннен бастап біздің республикамыздың тарихы тек Елбасымен байланыстырылып келеді.

Бірде Марк Твен айтқандай, тарихи тұлғаларды әлеуметтік жағдайлар туғызады. Бұл шындықты көптеген басқа да белгілі ғалымдар талай мәрте айтқан. Мәселен, Александр Спиркин өзінің 2006 жылы басылған философия оқулығында көрнекті тұлғалардың тарих сахнасында пайда болуын белгілі бір қоғамдық сұраныс туындататын объективті себептер дайындайды деп жазған болатын. Мұндай сұраныс, әдетте, елдер мен халықтардың дамуындағы өтпелі кезеңдерде пайда болады. Міне, бұл тарихты тұлғалардың жасайтынын растайды.



Нұрлан ҚАЙЫРБЕКОВ
 Қызылорда облыстық
 сотының төрағасы:



ЖАҢА КОДЕКСТЕРДІҢ МІНСІЗ ОРЫНДАЛАТЫНЫНА ШҮБӘ ЖОҚ

– Нұрлан Мұратұлы, жаңа жылдың 1-қаңтарынан бастап қолданысқа енген жаңа Қылмыстық және Қылмыстық-процессуалдық, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстер төңірегіндегі пікіріңіз қандай?

– Қазіргі таңда сот саласындағы жетілдіру жұмыстары Елбасының республика судьяларының VI съезінде жүктеген тапсырмаларына сәйкес жүзеге асырылуда. Заң қоғам қажеттілігінен туады. Уақыт талабына сай өзгертілген жаңа кодекстердің сот саласына қосар үлесі зор. Өйткені заң елдегі құқықтық түйткілдерді шешуге пәрменді болуы керек. Осы тұрғыда алғанда жаңа кодекстер өзіне жүктелген міндетті мінсіз орындайтынына шүбә жоқ.

Қылмыстық кодекстің ерекше маңызды жаңалығы, қылмыстық жазалау әрекетінің екі буыннан

болуында, жаңа заңда ол қылмыспен қылмыстық теріс қылықтан тұрады. Қылмыстық процестің бастапқы сатысы одан тергеуге дейінгі тексерулерді және қылмыстық іс қозғауды алып тастау жолымен түбегейлі өзгертілді, ол азаматтардың конституциялық құқықтарын сақтауға оң әсерін тигізеді және қылмыстық іс қозғауға дейінгі іс-шаралардың үлкен көлемін өткізуді болдырмайды.

Кодекстің бөлімдеріндегі өзгерістерге жекелей тоқталсақ. Соның ішінде, жалпы бөлімдегі бұрынғы 96 баптың үшеуі өзгертіліп, екеуі жаңадан енгізілген. Сөйтіп, бұл бөлім 98 баптан тұратын болды. Ерекше бөлімдегі 326 баптың 4 нормасы жойылып, төртеуі басқа баптармен бірікті, жаңадан 50 бап енгізіліп, қорытындысында бұл бөлім 369 баптан тұрады. Сонымен бірге, Қылмыстық кодексте жеңіл жазаларды қолданудың

аса кең спектрі қарастырылғаны белгілі болды. Мұнан қылмыстық жазалаудың ізгілендірілгені айқын көрініс тапқанын көруге болады. Сондай-ақ, кодекс жобасында бірінші рет жасалған немесе елеуметтік тұрғыдан осал адамдар жасаған қылмыстарға қатысты толеранттық ұстаным кеңейтіліп отыр. Алайда, бұрын Әкімшілік кодекс бойынша жазаланатын 9 түрлі қылмыстық істерді қарау осы Кодекске ауыстырылды. Енді жаңа кодекс бойынша мас күйінде автокөлікке отырып, адам өліміне себепкер болған жүргізушіге 7 жылға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалатын болады. Жол-көлік апатында адам қаза тапса, ал оған кінәлі азаматтың мас күйінде рульге отырғаны анықталса, ауыр қылмыс түрінде қаралатын болады. Яғни, ауыр қылмыс жасағандарға 5 жылдан 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған.

Жаңа Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс барлығы 920 баптан тұрса, қазіргі уақыттағы қолданыстағы Кодекс 733 баптан тұрады. Сондықтан қазіргі уақытқа сай жасалған өзгертілген кодекстердің сотсала-сына қосар үлесі елеулі. Демек, кодекстегі өзгерістер ең алдымен мемлекеттік мүддені сақтауға негізделіп отыр.

Тағы бір айта кететін жайт, «тергеу судьясы» деген ұғым енгізілуде. Оның өзінің құқықтық жауапкершіліктері заңда анық жазылған. Ол тергеудегі іске қадағалау жасайды. Мәселен жәбірленуші немесе күдікті жағы қандайда бір шешімге келіспеген жағдайда тергеу судьясы араласа алады. Сондай-ақ, бұрын ұсақ-түйек ұрлық жасағандар әкімшілік құқық бұзушылық болып саналатын, енді мұндай жағдайда қылмыстық іс қозғалатын болады.

– Мемлекет басшысы соттарда істерді қарау тәртібін әрі қарай жетілдіруге және сот төрелігінің қолжетімділігін арттыруға бағытталған заңға қол қойды. Ол заңдағы ерекшеліктер туралы да сіздің ойыңызды біле отырсақ.

– Азаматтық іс жүргізу кодексіне татуласу келісімін жасау рәсімін егжей-тегжейлі регламенттеуді көздейтін жаңа тарау, сотқа дейінгі бітімгершілікті іске асырады. Сонымен бірге дауды міндетті түрде алдын ала сотқа дейінгі тәртіппен шешетін істер тізбесінің бекітілуі де сот жүйесі жұмысының жандануына сеп беретіні анық. Алдағы уақыттарда бұл өзгерістердің азаматтар үшін де тиімділігі зор болмақ. Демек, заңда істерді қарау тәртібін жеңілдету, жетілдіру мәселелері одан әрі дамытыла түскені аңғарылады.

Заңдағы тағы бір басымдық, сот рәсімдерін жеңілдету бойынша қосымша шаралар ретінде бейнебайланыс құралдарының көмегімен дәлелдемелерді қашықтықтан зерттеу және іске қатысатын тұлғалардың түсініктемелерін тыңдау мүмкіндігін көздеу шаралары енгізілді. Тараптардың уақыты мен қаржысын үнемдеу мақсатында жасалып

жатқан мұндай шаралар сотқа қолжетімділікті арттырудың бірден бір жолы. Заңның басты артықшылығы осында.

– Елбасы Н.Назарбаевтың соңғы Қазақстан халқына арнаған жолдауында сот жүйелерін жаңғырту тұрғысында біршама міндеттерді атап көрсетті. Сіздің бұл мәселедегі көзқарасыңыз қандай?

– Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында «сот жүйесі іс жүзінде ашық және қолжетімді, қарапайым және барлық дауды тез шеше алатындай болуға тиіс. Барлық құқық қорғау жүйесі жұмысының сапасын арттыру қажет. Зор өкілеттілік пен құқық иеленген шенділер мінсіз мінез-құлқымен және жоғары кәсіби деңгейімен ерекшеленуге тиіс» - деп сот билігінің алдында тағы да тың міндеттер қойды.

Аса маңызды міндет - сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегияны қалыптастыру және іске асыруды жалғастыру. Әкімшілік реформа қажетсіз қағазбастылық пен құжат айналымының қолайсыз үдерісіне айналмауға тиіс екендігіне ерекше назар аударды. Халық алдында есептілігін арттырып, нәтижеге деген жауапкершілігін күшейте отырып, жергілікті жерлердегі басқару органдарына көбірек дербестік беру керектігі жайлы ой айтты. Сондай-ақ, Үкіметке Президент Әкімшілігімен бірлесіп, айтылған барлық мәселелер жөнінде кешенді ұсыныстар енгізуді тапсырды.

Мемлекетіміз бен қоғамымыз алдында тұрған әлемнің дамыған 30 елінің қатарына қосылу жолындағы нақты жүктелген тапсырмалар осындай. Біздің алдымызда оларды заң жүзіне және нақты шешімдерге айналдыру міндеті тұр.

– Ал, өткен жылдың қараша айында Ұлт Көшбасшысы еліміздің барлық салалары бойынша дамудың әрі әлемдік дағдарыстан алып шығудың

стратегиялық бағытын жария етті. Бұл тұрғыда пікіріңіз қандай?

– Елбасы Жолдауларының қайсысын алып қарасаңыз да, стратегиялық маңыздылығы мен белгілі бір мерзімде нақты міндеттер мен мәселелердің шешілуін қамтамасыз етуге бағытталғанын айқын аңғарамыз. Биылғы Жолдау да осы тұрғыдан сипатталған. Ол бәрімізді «Нұрлы Жолға» жұмылдырып отыр. Бұл «Нұрлы Жол» табыстарымызға ұйытқа болып, елімізде әділдіктің орнауына, демократияның салтанат құруына жол ашып, ғаламдық өркениет өрісіне шығармақ. Президент Қазақстан халқына арнаған өткен Жолдауында Мәңгілік Ел идеясын – Қазақ елінің ұлттық идеясы ретінде жарияласа, оның жалғасы есебінде «Нұрлы Жол» атты дәстүрлі жолдауын жолдап отыр. Онда мемлекет басшысы барша азамат баласының алдында тұрған келелі мәселелерді айтып, өткен жылдардағы дағдарыстың салқыны мен ел экономикасына тигізіп отырған залалынан елімізді аман-есен алыпөтудің стратегиялық жолын көрсетті. Мемлекеттің алға даму межесін белгілеуге арналған тың шешімдер қабылдады. Демек «Нұрлы Жол» - «Мәңгілік Ел» идеясының жалғасы болып табылады. Сондықтан Нұрлы болашағымыз осы нұрлы жолдан бастау алмақ.

Еліміз бүгінде «Нұрлы Жол» деген мұратын алға қойды. Осы мұратқа жету жолында атқарылуға тиісті іс-шаралардың бәрі де ең әуелі халқымыздың санасына терең сіңірілуі қажет. Сонда ғана әркімнің ел алдында, өз ұлты мен болашағы алдындағы міндеттері айқындалып саралана түседі. Демек, Елбасының өзі тағайындайтын судьялар корпусына жүктелер жауапкершілік те салмақты. Өйткені жауапкершілікпен атқарылған әр іс оң нәтижесін берері анық. Ата заңымызда әркім өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар екені қамтылған. Республика соттары сот билігін Қазақстан Республикасының атынан жү-

зеге асырады. Конституция бойынша сот төрелігін тек сот қана жүзеге асыра алады. Соттың ең басты мақсаты – азаматтар мен ұйымдардың құқын, бостандықтары мен заңды мүддесін қорғау, Конституцияның, конституциялық заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, халықаралық шарттардың орындалуын қамтамасыз ету болып табылады. Тәуелсіздік жылдары ішінде қазақстандық сот жүйесі биліктің белді бір тармағына айналды. Бұл мәселеде аз уақыт аралығында үлкен шаруалар атқарылды. Мемлекеттің қорынан сот саласына көп қаржы бөлініп, соттардың материалдық-техникалық жабдықтармен қаржыландырылуына, судьялар мен сот қызметкерлерінің жұмыс істеуіне көп көңіл бөлінді. Қазақстан соттарына бірыңғай автоматтандырылған ақпаратты талдау жүйесі енгізіліп, сол жүйе бойынша жұмыс жүргізіліп, соттың жұмысы біршама жеңілдеді. Ал, сотқа келіп түскені судьяларға автоматты түрде бөлініп беріледі.

Судьялар мен сот қызметкерлерінің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жақсартуға мемлекет тарапынан көңіл бөлінуде. Судьялар қауымдастығы съезден съезге дейінгі атқарылатын жұмыстарының мақсат-мүддесін айқындап беретін жиында судьялар арасында моральдық тазалықты, парасаттылық пен әділдікті, кәсібибиліктілікті арттыруға ерекше назар аударылуда.

– Сыбайлас жемқорлық – қазіргі қоғамның көкейтесті мәселесінің бірі. Өзіңіз басқарып отырған сот саласында жемқорлыққа қарсы күрес бағытында қандай жұмыстар жүргізіліп жатыр?

Жемқорлық қоғамды жайлаған дертімізге айналып отырғаны рас. Оны жоққа шығара алмаймыз. Алайда ондай келеңсіз жағдайлар тек сот саласында ғана орын алды деу қиянат. Алдағы уақытта мұндай келеңсіз жәйттерді болдырмау бағытында Жоғарғы Сот тарапынан қыруар шаруалар атқарылу үстінде. Сондай-ақ, Елбасымыздың Жолдауында ай-

тылған тапсырмаларды орындау барысында облыс соттары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оған жол бермеу мақсатында түрлі шараларды өткізіп келеді. Мәселен, алқа төрағалары аудандық және оған теңестірілген соттарға арнайы іссапармен барып, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында кездесулер өткізіп тұрады. Жуырда Байқоңыр қалалық сотында Қызылорда облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасының төрағасы Е.Қарабаевтың жетекшілік етуімен «Сыбайлас жемқорлыққа қатысты және судьялар мен мемлекеттік қызметшілердің әдебі» тақырыбында жедел кеңес өтті.

Сондай-ақ, аудандық соттарға Қызылорда облыстық соты кеңсесінің ішкі қауіпсіздік және соттардағы сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу бөлімінің қызметкерлері жиі-жиі жедел кеңестер өткізіп, аудандық соттардың хал-ахуалымен жете танысып жүргенін айту ләзім. Одан бөлек, облыстық соттың аймақтық оқу орталығының ұйымдастыруымен жемқорлықтың алдын-алу мақсатында түрлі семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізіледі. Түптеп келгенде бұл шаралардың бәрі өз кезегінде нәтиже беретініне сенімім кәміл.

Тағы айта кетерлігі, жаңадан қолданысқа енген ҚР Қылмыстық Кодекстінде сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу үшін жаза түрлері қылмыстың сипаты мен қоғамға қауіптілігіне қарай қолданылады. Соның ішінде мүлкі тіркелеу немесе өмір бойы белгілі бір лауазымды немесе атқарған қызметінен айналысу құқығынан біржолата айырылады. Салынатын айыппұл мөлшері де бірнеше есеге көбейіп отыр. Оған қоса, қамауға алу жазасы да қарастырылған.

Бұрынғы Кодексте сотталушы соттың үкімімен 2 айдан 2 жылға дейін түзету жұмыстарына тартылып, тапқан табысының 5-тен 20 пайызына дейін мемлекет кірісіне ұстап қалу көзделген еді. Жаңа кодексте жаза айыппұл төлеумен ауыстырылған. Билікті не қызметтік өкілеттілікті асыра пайдаланғандар ҚР ҚК 308 бабы

1 Заң қоғам қажеттілігінен туады. Уақыт талабына сай өзгертілген жаңа кодекстердің сот саласына қосар үлесі зор. Өйткені заң елдегі құқықтық түйткілдерді шешуге пәрменді болуы керек. Осы тұрғыда алғанда жаңа кодекстер өзіне жүктелген міндетті мінсіз орындайтынына шүбә жоқ.

2 Қылмыстық кодекстің ерекше маңызды жаңалығы, қылмыстық жазалау әрекетінің екі буыннан болуында, жаңа заңда ол қылмыс пен қылмыстық теріс қылықтан тұрады. Қылмыстық процестің бастапқы сатысы одан тергеуге дейінгі тексерулерді және қылмыстық іс қозғауды алып тастау жолымен түбегейлі өзгертілді, ол азаматтардың конституциялық құқықтарын сақтауға оң әсерін тигізеді және қылмыстық іс қозғауға дейінгі іс-шаралардың үлкен көлемін өткізуді болдырмайды.

бойынша жазаланып, 200-ден 500 айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл салынады. Жаңа кодексте ҚР ҚК 362 бабы бойынша айыппұл мөлшері 3 мыңнан 6 мың айлық есептік көрсеткішке дейін көбейіп отыр.

– Облыстық соттың қазіргі таңдағы ахуалы қандай? Жылды қалай қорытындыладыңыздар?

– 2014 жылдың 12 айында аудандық және оған теңестірілген соттарының өндірісіне азаматтық істер бойынша 23 366 талап арыз түскен (2013 ж. 12 айы – 20 248), яғни өткен жылмен салыстырғанда арыздар 3 118-ге немесе 13,34 пайызға өскен. Электронды түрде облыс соттарына барлығы 2963 талап арыз және «Сот кабинеті» арқылы – 1130 талап арыз түскен. Негізінен облыс бойынша 21 302 іс өндірісі аяқталған. Ал, өткен жылы 16874

іс негізінен қаралған болатын, яғни 21 пайызға көбейген. 2014 жылы барлық қаралған 21 302 істер бойынша қабылданған сот актілерінің 93,8 пайызына (2013 ж.–95,6%) апелляциялық шағым немесе наразылық келтірілмеген. Апелляциялық тәртіпте қаралған 226 ұйғарымның 145-і өзгеріссіз, ал 2013 жылдың 193 ұйғарымның 145-і өзгеріссіз қалдырылған. Өндіріске түскен арыздардың санының өсуі сот билігінің қолжетімділігін және сот актілерінің заңды әрі негізді қабылдануы халықтың сотқа деген сенімінің жылдан-жылға артып келетінін көрсетеді. Қаралған азаматтық істердің санаттарына қарай бөліп қарағанда, талап қою өндірісіндегі басқа да істер – 190, шарттан туындаған даулар – 456, жұмысқа қайта орналастыру – 77, жер дауларына байланысты – 71, мемлекеттік сатып алу заңнамасынан туындайтын даулар бойынша – 79, мемлекеттік органдардың шешімдеріне дау айту – 71 іске жеткен. 2014 жылдың 12 айында аудандық және оған теңестірілген соттарға 15 507 әкімшілік іс түсіп (2013 ж. – 21 238 іс), өткен жылмен салыстырғанда 5 731 іске немесе 37 пайызға азайған. Әкімшілік жауаптылыққа 12 233 адам тартылып, 2 302 адамға қатысты іс қысқартылған, қалдықта 3 іс қалған.

2014 жылдың 12 айында жергілікті соттарда қылмыстық істер бойынша 84 қылмыстық іс өткен жылдан қалған, одан бөлек 1742 қылмыстық іс түсіп, 1903 адамға қатысты 1703 қылмыстық іс аяқталған. Оның ішінде 976 адамға қатысты 777 қылмыстық іске үкімдер шығарылған. 916 адамға қатысты 821 іс өндірістен қысқартылған. 5 адамның қатысы бар 1 іс қосымша тергеуге жолданған, заңмен тыйым салынған әрекеттерді есі дұрыс емес халде жасаған 11 адамға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылған. 2013 жылдың 12 айымен (2013 ж. 12 айда - 1936 іс 2137 адам бойынша қаралған), салыстырғанда қаралған істердің саны 233 іске азайған.

«Медиация туралы» Заң қолданысқа енгеннен бастап

облыс соттарында медиаторлармен 224 (аяқталған істердің 13,1%) қылмыстық іс қаралды. Аса ауыр қылмыстар бойынша есептік кезеңде 38 адам сотталса, барлығы да бас бостандығынан айыруға кесілген. Сыбайлас жемқорлыққа байланысты қаралған қылмыстық істер жөнінде айтар болсам, 2014 жылдың 12 айында аудандық және оған теңестірілген соттарда 51 адамға қатысты 47 (3%) іс аяқталған. Есірткінің заңсыз айналымына байланысты 2014 жылдың 12 айында 74 адамға қатысты 62 іс қаралған, оның ішінде бас бостандығынан айыруға - 67 адам, шартты түрде – 7 адам сотталған.

– Азаматтық сот өндірісіне енгізілген «Сот медиациясы» пилоттық жобасының қазіргі кездегі қолданылу аясы қандай?

– Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты мен Біріккен Ұлттар Ұйымы Даму Бағдарламасының «Қазақстан Республикасында медиация институтын енгізу» бірлескен жобасын іске асыру шеңберінде «Судьяларға арналған медиация мәселелері» бойынша жаңа пилоттық жобасы өткен жылдың сәуір айынан бастап іске қосылды. «Сот медиациясы» тараптардың келісімімен бітімгершілік рәсімдерді жүзеге асыратын судья арқылы жүргізіледі. Бүгінде Қызылорда қалалық сотында жоба ретінде қолданылуда. Біршама уақыт аралығында «Сот медиациясы» пилоттық жобасы аясында 77 іс судьяның қатысуымен бітіммен бітті. Аталмыш жоба бітімгершілік рәсімдерді қолдану аясын кеңейту, судьялардың жүктемесін азайту және істерді қарау мен шешу бойынша процеске қатысушылар мен соттардың шығындарын азайту, азаматтық айналымға қатысушылардың дау-шарларды және дауларды соттан тыс реттеуге мүдделілігін анықтау міндеттері қойылып отыр. Былай қарағанда бітімгершілік біздің қазақы болмысымызға табиғатымызға жат емес. «Сот медиациясы» - бітімгершілік рәсімдерді жүзеге асыратын судьяның тәуелсіздігі

мен бейтараптылығы, медиация рәсіміне араласуға жол бермеушілік, құпиялылық, қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес келу қағидаттары негізінде іске асырылады. Өйткені бітімгершілік – дауды шешудің озық әдісі болып табылады. Ұсақ – түйек келіспеушіліктердің бітімгершілікпен шешілуі, қиын істердің сапалы қаралуына ықпал етіп, азаматтардың уақытын үнемдеп, сот барысында орын алатын түрлі қиындықтардан құтқарды.

– Заңды халыққа жеткізуде, қоғамның тынысын көрсетуде БАҚ-тың алатын рөлі зор. Бүгінгі баспасөздің бағыты қалай?

– Қоғамда БАҚ-тың рөлі күшейіп келе жатыр. Бүгінгі күні мемлекеттік қызметкер болсын, жеке кәсіпкер болсын баспасөздің көмегіне сүйенеді.


Газеттер биліктің сөзін халыққа жеткізуші ғана емес, сонымен бірге, халықтың мұңын, сөзін де жеткілікті деңгейде жариялап отырса, биліктің сапалы шешімдер қабылдауына оң ықпал жасайтыны анық. Өйткені халықтың ой-пікірімен санаспаған елдің болашағы болмайды. Мемлекеттік қызметкер әкімшілік жауапқа тартылса, қылмыстық іс бойынша жауап берсе, айыппұлын төлеп, қылмысын өтеуі мүмкін. Ал, БАҚ-та жарияланған бір материал арқылы қаншама халық құлағдар болады. Сондықтанда БАҚ-тың әлеуеті зор. Облыс аумағындағы соттарда қарапайым халық пен сот арасын жалғастырудың ықпал ету тетігі болып табылатын БАҚ өкілдерімен бірлесіп отырып, жүйелі түрде ай сайын «Ашық есік» күні өткізіліп жүр. Ол күні алдында қабылдауға жазылған кез келген азаматтың арыз-шағымы тыңдалып, жіті бақыланады. Ал, ең маңыздысы, БАҚ өкілдері халықтың қойған сұрақтарына берілген жауаптарды мұқият тыңдай отырып, ақпараттың шынайылығына көзін жеткізе алады. Осылайша баспасөз өкілдері халық пен сот билігі арасындағы байланысты көре отырып, өздерін толғандырып жүрген сауалдарын да жолдауға мүмкіндік алады.

– Өңгімеңізге рахмет.



Булытбай МАМЫТОВ

Председатель Специализированного межрайонного суда по уголовным делам г. Алматы, кандидат философских наук, старший советник юстиции



ПРОБЛЕМНЫЕ ВОПРОСЫ ПО ПРИМЕНЕНИЮ НОВОГО УПК РК

Первые недели работы по новому уголовному законодательству показали ряд вопросов, которые требуют уточнения с учетом практики правоприменения.

Так, негласные следственные действия, предусмотренные главой 30, п.п. 1-6 ст. 231 нового УПК Республики Казахстан (далее УПК), проводятся с санкции прокурора, порядок которых установлен ст. 234. По новому закону по другим негласным следственным действиям, предусмотренным п.п. 7-10 ст. 231 УПК, как-то: негласное наблюдение за лицом или местом, негласная контролируемая поставка, негласный контрольный закуп, внедрение и (или) имитация преступной деятельности получение санкции прокурора области не требуется.

Между тем, на практике негласные следственные действия, предусмотренные ст. 234 УПК нового УПК, такие, как контрольный закуп, внедрение и имитация преступной деятельности, негласное наблюдение, всегда проводились с санкции прокурора области в связи с тем, что они сопровождаются, как правило, с применением аудио- и видеозаписи и других средств, то есть с использованием возможности технических средств (ранее ОРМ и СОРМ №1 и №2). Также оперативно-розыскные мероприятия, как негласное наблюдение за лицом (к примеру, фиксирование факта передачи и возврата взятки, приобретения, перевозки, сбыта наркотических средств), внедрение сотрудника в преступную среду (имитация роли должностного лица, кото-

рому передается взятка, приобретателя наркотиков в крупном и (или) особо крупном размере, контрольный закуп наркосредств у сбытчика через других лиц), также проводились с санкции прокурора области, материалы которых использовались в качестве доказательств после их легализации.

В связи с этим, полагаем, что вышеуказанные негласные следственные действия также должны быть санкционированы полномочным прокурором. В противном случае не исключены возможности допущения нарушений, ущемляющих права участников уголовного процесса и иных (третьих) лиц. Эти превентивные нормы (меры) в последующем должны быть законодательно закреплены.

Кроме того, все мероприятия, проведенные под негласным

следственным действием, должны быть легализованы вместе с постановлением о санкционировании этих действий прокурором. Эти материалы должны быть представлены следователю для приобщения к основному уголовному делу, и при том, каждое очередное процессуальное действие следователя подобного характера после вынесения постановления, санкционироваться прокурором, что соответствовало бы требованию нормативного постановления Верховного Суда по соблюдению прав человека в уголовном процессе.

Процессуальное соглашение в форме сделки о признании вины допускается по преступлениям

в ходе главного судебного разбирательства по уголовному делу также вправе заявить ходатайство о заключении процессуального соглашения о признании вины. При поступлении такого заявления судья прерывает судебное разбирательство и предоставляет сторонам разумный срок для его заключения. При недостижении согласия сторонами по условиям процессуального соглашения или отказе суда в удовлетворении ходатайства прокурора, рассмотрение дела судом продолжается в общем порядке.

В отличие от указанного, законодатель предусмотрел другую форму процессуального соглашения в форме сотрудничества по

ваемому судом делу в отношении самого себя и других подсудимых по его же делу, не является основанием для удовлетворения ходатайства прокурора о сотрудничестве по рассматриваемому делу.

Тем не менее, при поступлении такого ходатайства дело должно быть направлено прокурору для установления правоохранительными органами доказательств о факте совершения вышеуказанных преступлений другими лицами с участием или без его участия. При этом надо иметь в виду, что желание подсудимого на сотрудничество в связи с его желанием давать признательные показания в отношении себя и соучастников по рассматриваемому делу должно быть воспринято судом как обстоятельство, смягчающее уголовную ответственность и наказание, а не основание для утверждения заключения о сотрудничестве. В противном случае, некоторые подсудимые с целью избежать уголовную ответственность за совершенное преступление или получение несоразмерного наказания за содеянное могут стать на путь лжепоказаний.

Кроме того, полагаем целесообразным, что все подсудимые, обратившиеся в суд с письменным заявлением о заключении процессуального соглашения, независимо от его формы, должны быть допрошены в суде с применением технических средств, и с занесением их показаний в протокол судебного заседания.

Судебное разбирательство дела по согласительному производству должно быть окончено в срок до десяти, а в исключительных случаях, до двадцати суток с вынесением приговора и определением вида и размера наказания, о котором ходатайствовал прокурор перед судом.

В нормах нового уголовно-процессуального закона при рассмотрении уголовного дела с участием присяжных заседателей в главном судебном разбирательстве, в дополнение к новому УПК предусмотрены порядок и последовательность рассмотрения

Негласные следственные действия также должны быть санкционированы полномочным прокурором. В противном случае не исключены возможности допущения нарушений, ущемляющих права участников уголовного процесса и иных (третьих) лиц. Эти превентивные нормы (меры) в последующем должны быть законодательно закреплены

небольшой, средней тяжести либо тяжким преступлениям при условии добровольного изъясления подсудимого и согласия с обвинением и размером причиненного им вреда в полном объеме по исковому требованию, согласия потерпевшего на такое заключение.

Такая форма сделки допускается, когда дело с обвинительным актом поступает в суд и при судебном разбирательстве прокурор, подсудимый и его защитник обращаются с ходатайством о заключении сделки о признании вины, и участники процесса не оспаривают относимость и допустимость доказательств, собранных по делу, не настаивают на их исследовании в судебном заседании. Этот вид рассмотрения дела, предусмотренный законодателем, называется согласительным производством.

Прокурор, участвующий в суде, подсудимый и его защитник

всем категориям преступлений, но лишь при содействии подсудимого в раскрытии и расследовании преступлений, совершенных преступной группой, особо тяжких преступлений, а также экстремистских и террористических преступлений, совершенных иными лицами или с участием подсудимого.

По нашему мнению, подобную форму сделки судебные органы должны удовлетворять только при условии, что подозреваемый, обвиняемый или подсудимый заявляет, что может помочь раскрыть преступления, указанные в ст. 612 ч. 1 п. 2 нового УПК РК, подготавливаемые или совершенные другими лицами с его или без его участия, о котором не знали или не могли знать органы уголовного преследования или же эти преступления не были раскрыты ранее. Поэтому его заявление в суде о том, что он желает давать признательные показания по рассматри-

ходатайства прокурора о заключении процессуального соглашения в форме сделки о признании вины с подсудимым за преступления средней тяжести либо тяжкое преступление (недонесение или укрывательство особо тяжкого преступления, кража чужого имущества, грабеж или разбой, совершенный без участия в особо тяжком преступлении, нанесение тяжкого вреда здоровью и другие) и в форме соглашения о сотрудничестве. Теперь новый УПК предоставляет прокурору и подсудимому с его адвокатом право на всем протяжении уголовного процесса заявлять ходатайство так же и по делам с участием присяжных.

Вместе с тем, допустим, с одной стороны, судом принято решение, что дело в отношении подсудимых будет рассматриваться с участием присяжных заседателей, постановление о котором обжалованию не подлежит. С другой стороны, подсудимый на судебном процессе с участием присяжных изъявил желание на совершение сделки в виде признания вины или сотрудничества (обе формы), пользуясь своим правом. Законодатель механизм этих нюансов почему-то не предусмотрел. Как быть в таких случаях?

Полагаем, что судья должен исходить, прежде всего, из нормы Конституции РК о том, что все равны перед законом, в связи с чем, подсудимый имеет право на защиту всеми доступными средствами, не противоречащими закону, в том числе и на право заключить с прокурором сделку на соглашение о признании вины или сделку о сотрудничестве, чтобы облегчить свою участь в совершенном или подготавливаемом особо тяжком преступлении, ибо это его неотъемлемое право на защиту. Кроме того, прокурор имеет право на такое ходатайство от имени государства, на снисхождение за совершенное преступление, что отвечает общечеловеческим нормам гуманизации права.

Поэтому судья при поступлении такого ходатайства должен

Законодатель предусмотрел другую форму процессуального соглашения в форме сотрудничества по всем категориям преступлений, но лишь при способствовании подсудимого в раскрытии и расследовании преступлений, совершенных преступной группой, особо тяжких преступлений, а также экстремистских и террористических преступлений, совершенных иными лицами или с участием подсудимого

тұлғаны, филиалды, өкілдікті қайта тіркемей, қызметті жүзеге асыру» әкімшілік құқық бұзушылық болып, айыппұл салуға әкеліп соғатынын ескеру керек.

Жалпы, еліміздің Азаматтық кодексінің 42-бабында заңды тұлға мынадай жағдайларда: жарғылық капиталының мөлшері азайтылған; атауы өзгергенде; шаруашылық серіктестеріндегі қатысушылардың құрамы өзгергенде қайта тіркелуге тиіс. Осы орайда жоғарыда мысал ретінде келтірілген «Сауда» ЖШС-інде осы өзгерістер болса, онда ол оны тіркеген әділет органына бір ай мерзім ішінде тиісті құжаттарды жолдап, серіктестікті қайта тіркеуден өткізуі керек. Аталған құқық талаптарын орындау заңды тұлғаларға ешқандай қиындық туғызбайды және Қазақстан Республикасының әр азаматының заңға бағынуы арқылы мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайының дамуына қосқан үлесі деп түсінген жөн.

Сонымен қатар, көпшіліктің назарына жеткізетін жайт, азаматтық хал актілерін тіркеу саласындағы әкімшілік жауапкершілік те арта түсті. Жаңа Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіндегі 491-бапқа сәйкес некеге тұруға кедергі келтіретін мәнжайларды жасырғаны немесе жалған мәліметтер бергені үшін азаматтық хал актілерін тіркеу органы – 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл төлеуді талап етеді. Ал, бұрынғы Кодекс нормаларына сәйкес аталған әкімшілік құқық бұзушылықты жасағаны үшін азаматтық хал актілерін тіркеу органы әкімшілік бұзушылық туралы хаттама толтырып, әкімшілік істі қарау үшін сотқа жолдап келді. Енді жаңа Кодекс нормаларына сай әділет органдары әкімшілік бұзушылық туралы хаттама толтырады және істерді өздері қарайтын болады. Яғни, осы Кодекстің 694-695 баптарымен Әділет органдарына осы Кодекстің 466 және 468-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау құзіреті берілді. Бұл өзгерістер азаматтық хал актілерін тіркеу

саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық үшін айыппұл мөлшерінің аздығымен (5 айлық есептік көрсеткіш) ерекшеленіп, сондай-ақ, қазіргі таңда соттарда азаматтық істерді қарау жүктемесіне өз әсерін тигізери сөзсіз.

Сонымен қатар, Кодекстің 695-бабына сәйкес, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу саласындағы уәкілетті органның, оның аумақтық бөлімшелерінің басшылары мен олардың орынбасарлары құқылы. Сондай-ақ, осы Кодекстің 466-бабына сай, заңнамада көзделген жағдайларда заңды тұлғаны, оның филиалдары мен өкілдіктерін қайта тіркемей, қызметті жүзеге асыру шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – он, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. Ал, тіркеуші органға заңды тұлғаның орналасқан жерінің өзгергені туралы уақтылы хабарламағаны үшін шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – бес, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – он, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

ҚАУЛЫЛАРДЫ ҚАЙТА ҚАРАУҒА МҮМКІНДІК БАР

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» жаңа Кодекс өмірдің қажеттілігінен туғаны анық. Сондықтан, оның мынадай тұстарына айрықша тоқталған артық болмайды. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға апелляциялық тәртіппен шағым, наразылық қаулының көшірмесі бұрынғыша тапсырылған күннен бастап он тәулік ішінде беріледі (45 тарау). 46 тарауда әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша заңды күшіне енген қаулыларды және оларға шағымдарды, наразылықтарды қарау нәтижелері бойынша қаулыларды қайта қараудың

Қоғамның санасында әкімшілік құқық атқарушы биліктің күштеу құралы ретінде қалыптасып кеткен. Алайда, әкімшілік құқықты мемлекеттің экономикада және басқа да қоғам өмірінің салаларында белсенді араласуы ретінде сыңаржақ түсінуге болмайды. Әкімшілік құқық мемлекеттің мүддесіне қызмет ете отыра, адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының заңды түрде жоғары тұруын қатаң сақтайды

кассациялық тәртібі белгіленген (ӘҚБТК-тің 847 бабы).

Кассациялық шағым немесе наразылық әкімшілік жауаптылыққа тартылған адамның не өзіне қатысты әкімшілік іс жүргізу тоқтатылған адамның жағдайын нашарлататын жағына қарай қаулы жарияланған күннен бастап алты ай ішінде берілуі мүмкін. Сот қаулыларына кассациялық шағымды, наразылықты олар түскен күннен бастап он тәулік ішінде облыстық және оған теңестірілген сот кемінде үш судьядан тұратын құраммен қарайды. 2001 жылғы Кодексте әкімшілік істердің кассациялық тәртіппен қаралуы мүлдем қарастырылмаған болатын.

Биылдан бастап әкімшілік істер бойынша шығарылған қаулылар шағымдар мен наразылықтар келтірілген жағдайда, заңды күшіне енген болса апелляциялық, заңды күшіне енген соң кассациялық тәртіппен облыстық деңгейдегі соттарда қаралады. Осы тараудағы 851 баппен заңды күшіне енген қаулыларды және оларға шағымдарды, наразылықтарды қарау нәтижелері бойынша қаулыларды қайта қараудың ерекше (қадағалау) тәртібі қарастырылған. Іс Жоғарғы Сотта Бас прокурор мен оның орынбасарларының наразылығы бойынша шағым жасаудың кассациялық тәртібі сақталған жағдайда қайта қаралады.

47 тараудың талаптарына сай, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қаулылар және шағымдарды, наразылықтарды

қарау нәтижелері бойынша қаулылар жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қаралуы мүмкін (ӘҚБТК-тің 852 бабы). Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша әкімшілік істі қаулы шығарған сот, уәкілетті орган (лауазымды адам) қайта қарайды.

Қаулыны жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы арызды әкімшілік жауаптылыққа тартылған тұлға, жәбірленуші немесе олардың заңды өкілдері немесе прокурор қаулы шығарған сотқа, органға (лауазымды адамға) мән-жайлар анықталған күннен бастап үш ай ішінде бере алады. Істі қайта қарауға құқық бұзушыға, жәбірленушіге белгілі болмаған және белгілі болуы мүмкін емес, іс үшін маңызды және басқа мән-жайлар негіз болып табылады.

Бұрын әкімшілік құқық бұзушылық ретінде танылған кейбір баптар «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» жаңа Кодекстен алынып тасталынып, жаңа Қылмыстық Кодекске қылмыс ретінде енгізілген. Мысалы, оның қатарында: денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру (Қылмыстық Кодекстің 108-бабы), тән ауруына ұшырататын, бірақ денсаулыққа жеңіл зиян келтіруге әкеп соқпаған ұрып-соғу немесе өзге де күш қолдану әрекеттерін жасау (ҚК-тің 109-бабы), өзінде соз ауруы бар екендігін білген адамның осы ауруды басқа адамға жұқтыруы (ҚК-тің 117-бабы), ұсақ-түйек жымқыру, яғни болмашы мөлшерде жасалған, бөтеннің мүлкін ұрлау, алаяқтық, иемденіп алу немесе талан-таражға салу (ҚК-тің 187-бабы), автомобильді, трол-

Қаулыны жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы арызды әкімшілік жауаптылыққа тартылған тұлға, жәбірленуші немесе олардың заңды өкілдері немесе прокурор қаулы шығарған сотқа, органға (лауазымды адамға) мән-жайлар анықталған күннен бастап үш ай ішінде бере алады. Істі қайта қарауға құқық бұзушыға, жәбірленушіге белгілі болмаған және белгілі болуы мүмкін емес, іс үшін маңызды және басқа мән-жайлар негіз болып табылады

лейбусты, трамвайды не басқа да механикалық көлік құралын басқаратын адамның жол жүрісі немесе көлік құралдарын пайдалану қағидаларын абайсызда адамның денсаулығына ауырлығы орташа зиян келтіруге әкеп соққан бұзуы (ҚК-тің 345-бабының 1-бөлігі), көлік құралдарын басқару құқығынан айырылған, алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйдегі адамның көлік құралын басқаруы, сол сияқты көлік құралын осындай адамның басқаруына беру немесе көлік құралын осындай адамның басқаруына жол беру (ҚК-тің 346-бабы).

Жаңа «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодекстің 820-бабына сәйкес, бірінші сатыдағы соттың сот отырысында хаттама жүргізіледі. Егер өзіне қатысты іс бойынша іс жүргізіліп жатқан тұлға әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау кезінде өз кінәсін толығымен мойындап, дәлелдемелерді зерттеу қажеттігі туралы мәлімдемесе, хаттаманың жүргізілуі міндетті емес.

Кодекстің 827-бабының талабына сай, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыратын органның (лауазымды адамның) әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жоғары тұрған органға (лауазымды адамға) және (немесе) мамандандырылған аудандық және оған теңестірілген әкімшілік сотқа шағым жасалуы мүмкін. Адам өз құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуы туралы өзіне белгілі болған күннен бастап екі ай ішінде жоғары тұрған органға (лауазымды адамға) және (немесе) сотқа шағыммен жүгінуге құқылы.

**ЖАҢА ЗАҢ ЖОЛ
ҚАУІПСІЗДІГІН
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ**

Жол жүрісі қауіпсіздігі саласындағы жағдай ауқымды дағдарыс сипатына ие болып отыр. Сараптап қарасақ, бұл автомобиль паркінің өсуінен, жүргізушілердің жол жүрісі қағидаларына немқұрайлы қарауынан және жол жүрісіне қатысушылардың жалпы құқықтық мәдениетінің жоқтығынан туындайды. Жол-көлік оқиғаларының (ЖКО) динамикасы 2001-2007 жылдар аралығында барлық жағынан апаттылықтың өскенін көрсетті. 2008 жылғы заңды қабылдау елдегі апаттылықты төмендетуге едәуір әсер етті. Соған байланысты заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге тура келді. Осы заңның шеңберінде Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне түзетулер мен жол қауіпсіздігі саласындағы құқық бұзушылықтардың барлық құрамдары бойынша әкімшілік жауапкершілік күшейтілді, қайталап жасалған және ұдайы құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік көзделді, сондай-ақ, әкімшілік жазаларды баламалық салу мүмкіндігі алынып тасталды. Осылайша, ресми деректерге сүйенсек, 2007-2011 жылдар аралығында ЖКО саны 15 942-ден 12019-ға дейін, қаза тапқандар саны 4 365-тен 2 707-ге және жарақат алғандар саны 18 951-ден 14 мыңға дейін төмендеді. Соңғы екі-үш жыл аралығында Жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтарды жасаудың күрт өсуі және осының салдары ретінде жол көлік оқиғалары, онда қаза тап-

қан және жарақат алған адамдар санының едәуір өсуі байқалды. Мысалы, алдыңғы жылды өткен жылмен салыстырғанда арнайы бақылау-өлшеу техникалық құралдары мен аспаптары тіркеген ЖЖҚ бұзушылықтардың саны 89,5 пайызға өсіпті. Бұл бұрын қабылданған шараларға адамдардың бейімделіп алғанын, ал көлік басқару мәдениеті бұрынғы деңгейде қалғанын көрсетеді. Сондықтан тәртіпті күшейту үшін заңға тағы да өзгерістер енгізу керек болды.

Соңғы кездегі сараптама нәтижелеріне қарағанда жүргізушінің кінәсінен 21 294 ЖКО болған, бұл жол бойындағы барлық оқиғалардың шамамен 90 пайызын құрайды. Оның ішінде мас күйдегі жүргізушінің кінәсімен 600 ЖКО жасалып, 106 адам қаза тауып, 867 адам жарақат алған.

Жүргізушілердің кінәсінен әрбір төртінші ЖКО жылдамдық режимдерін сақтамаудан болады. ЖКО-да зардап шеккендердің жалпы санынан осы себеп бойынша әрбір үшінші адам қаза табады және әрбір бесіншісі жарақат алады. Қарсы жүру жолағына шығу салдарынан биыл 1 659 ЖКО жасалды, бұл өткен жылға қарағанда 30 пайызға артық. Жол қауіпсіздігіне әсер ететін ЖЖҚ-ны елеулі бұзушылықтардың бірі – жол қиылыстары мен жаяу жүргінші өткелдерінен өту қағидаларын бұзу. Ресми деректерге сүйенсек, осы себептер бойынша биылғы жылы 4 513 ЖКО жасалып, онда 142 адам қаза тауып, 5 508 адам жарақат алған. Келтірілген деректер жол ережесін бұзған адамды тәрбиелеу және жаңа құқық бұзушылық жасаудың алдын алу бөлігіндегі әкімшілік жаза қолдану жазасы арқылы мүмкін емес екенін көрсетеді. Сондықтан мұндайларды қатаң жазалайтын заң керек болды.

«Жол жүрісі туралы» Заңның жаңа талаптарымен өзара байланысты үш жаңа бап қолданысқа енгізілді. Олар – «Жол жүрісі туралы» заңдағы оқу ұйымдарында көлік құралдарын жүргізушілерді даярлаудағы талаптардың күшейтілуі. Осы Заң арқылы Кодекске көлік

құралдары жүргізушілерін даярлау қағидаларын бұзғаны үшін оқу ұйымдарының жауапкершілігін көздейтін жаңа 464-2, 464-3-баптары енгізілді.

2008 жылғы заңда жол қауіпсіздігі саласындағы ереже бұзушылықтардың барлық түрлері бойынша әкімшілік жауапкершіліктер күшейтілген. Бүгінгі күні қалың бұқараны жаңа заңда айыппұл көлемі тым өсіп кеткен жоқ па деген сұрақ мазалайды. Бұл ретте, жаңа заңды әзірлеу кезінде айыппұл санкцияларының мөлшерін анықтау шеңберінде жолдарда апаттылық деңгейі төмен елдердің халықаралық тәжірибесі ескерілген. ЖЖҚ бұзғаны үшін ең жоғары айыппұл Финляндияда және Швейцарияда, өйткені бұл елдерде ең жоғары айыппұл сомасы шектелмеген, ол құқық бұзушының жылдық табысына сәйкес есептеледі. ЖЖҚ бұзғаны үшін қазақстандық айыппұлдар арттырылды, дегенмен де әлемнің басқа дамыған елдерімен салыстырғанда олар жеңіл.

Жаңа «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» заңның 19-бабына сәйкес, ішкі істер органдарының қызметкерлері Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында, атқаратын лауазымына, уақытқа қарамастан, оларға қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы арыз немесе хабар берілген жағдайда, ондай әрекеттердің жолын кесу, жәрдемге мұқтаждарға көмек көрсету, оқиға болған орынды күзету, сондай-ақ жақын жердегі ішкі істер органдарын хабардар ету жөнінде шаралар қолдануға міндетті. Бұл ретте Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес жол қауіпсіздігі саласындағы құқық бұзушыларға өз құзыреттері шегінде тек жол-патрульдік полициясының қызметкерлері ғана хаттама толтыра алады.

ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ЖӨНІНДЕ

Қазіргі таңда зияткерлік меншік мәселелеріне айрықша назар

аударылады. Ол дербес сала ретінде еліміздің инновациялық дамуының барлық стратегиялық құжаттарында және халықаралық келісімдерде қамтылды. Айталық, Қазақстан – Париж конвенциясының, Мадрид келісімінің, Патенттік ынтымақтастық туралы халықаралық келісімнің қатысушысы. Сондай-ақ, патенттер, тауар таңбалары туралы заңдарды қоса алғанда, зияткерлік меншік нысандарының құқыларын қорғаудың біртұтас жүйесі жасалды.

Міне, сондықтан, біз Президент Н.Ә.Назарбаев биыл 5 шілдеде қол қойған жаңа редакциядағы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте зияткерлік меншік құқығын бұзу, яғни, бөтен тауар таңбасын, қызмет көрсету таңбасын, тауар шығарылған жердің атауын немесе фирмалық атауды заңсыз пайдаланғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартатын заң талаптары қалай көрініс тапқанына тоқталсақ.

Жаңа редакциядағы кодекстің 158-бабына сәйкес, бөтен тауар белгісін, қызмет көрсету таңбасын немесе тауар шығарылған жердің атауын, біртектес тауарларға, көрсетілетін қызметтерге арналған, оларға ұқсас белгілеулерді, сондай-ақ бөтен фирмалық атауды заңсыз пайдалану, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын белгілер болмаса, тауар тәркіленеді. Ал, оны айналысқа енгізіп, пайда көздеген жеке тұлғаларға – 30, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – 40, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 50, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады.

1999 жылдың 26 шілдесінде қабылданған «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» заңға сәйкес, тауар таңбаларын қорғау құқы кәсіпкерлікпен айналысатын кез келген заңды тұлғаға немесе жеке тұлғаға берілуі мүмкін. Тауар таңбасына меншік құқығы куәлікпен расталады. Ескере кетсек, заңды түрде тауар таңбасын пайдалану құқығы лицензиялық

келісім бойынша басқа тұлғаға берілуі мүмкін. Ондай кезде зияткерлік шығармашылық жұмыс нәтижесінің иегері меншік құқын уақытша пайдалану жөнінде екінші тараппен келісімге келе алады.

Жаңартылған заңда зияткерлік меншік құқыларын қорғау саласында «Бөтен тауар таңбасын, қызмет көрсету таңбасын, тауар шығарылған жердің атауын немесе фирмалық атауды заңсыз пайдаланғаны үшін» деген 158-жалғыз ғана бап қалды. Алайда, жаңа редакцияда әкімшілік жауапкершілік іс-әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса ғана қолданылады. Яғни, заң шығарушы орган жауапкершілік шеңберін кең-ейтіп отыр. Осыған ұқсас заң бұзушылықтың бірнеше мәрте жасалуы немесе ірі залал келтіру сияқты жіктемелік белгілері кез келген заңды немесе жеке тұлғаны 222-бап бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартуға негіз болып табылады. Қылмыстық іс-әрекет үшін үш жүз АЕК дейінгі мөлшерде айыппұл салынады немесе 240 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға жегу, 75 тәулікке дейінгі мерзімге қамауға алу жазасы қолданылады. Сондай-ақ, 1700-ден аса әкімшілік құқық бұзушылық құрамы қарастырылған. Онда қолданыстағы Кодекстен 50-ден артық бап ҚР Қылмыстық кодексіне қылмыстық теріс қылықтар санатына ауыстырылған.

Кодекстердің қайтадан әзірленген нұсқасында қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштерді, хабарламаларды, шағымдарды және өзге де ақпаратты, қылмыстық істерді, оларды тергеу және прокурорлық қадағалау нәтижелерін бірыңғай, соның ішінде электрондық форматта карточкалық есепке алу көзделген. Кеңесте осы мәселелер жан-жақты талқыланды. Құжатта коллизияларды, қайшылықтарды және олқылықтарды болдырмау үшін Азаматтық іс жүргізу, Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы, Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодекстерге және бірқатар заңдарға түзетулер енгізілмек.



А. АҚПАНОВА

Петропавл қаласының мамандандырылған
әкімшілік сотының судьясы



ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚҰЖАТ ЖАЗАНЫ ІЗГІЛЕНДІРУДІ МАҚСАТ ЕТКЕН

«Бейбітшілік пен тұрақтылық, әділ сот төрелігі және тиімді құқықтық тәртіп – бұл дамыған елдің негізі. Біз «Қазақстан-2050» Стратегиясын темірқазық ете отырып, сот жүйесін жетілдіруді жалғастыра беруіміз қажет. Егер де біз реформа жасағанда экономикада, саясатта сот жүйесін, жалпы құқық қорғау жүйесін түземесек, көздеген мақсатымызға жете алмаймыз. Біздің азаматтар сот жүйесінде барлық мәселелерді шешуі керек, өзінің құқығын қорғай алуы керек. Мемлекеттің де, менің де сот жүйесіне көп көңіл бөліп отырғаным сондықтан». Нұрсұлтан Назарбаев. («Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Мемлекет басшысының 2014 жылғы Қазақстан халқына арнаған жолдауынан)

Дамыған елдің негізін құрайтын құқықтық тәртіп пен әділ сот төрелігін арттыру, заманға лайық

халық игілігіне қызмет ететін тетік есебінде жетілдіру өркениетті, зайырлы құқықтық мемлекет құруға ұмтылған ел мұраты. Заманына қарай заңын жетілдіру бұлжымайтын заңдылық. Осы ретте, қолданысқа жаңадан еніп отырған заңдардың өзгерістерімен толықтырулары үлкен түсіндірме мен ағартушылық, танымдық жұмыстарды көбейтуге сұранып тұрғандай. Әділ және адал сот – демократиялық, құқықтық мемлекеттің маңызды негізі дейміз. Ендеше, сот саласындағы рухани өзгерістердің тереңдеуіне кез келген құқық саласында жүрген маманның мән бергені абзал. Осы тұрғыда, бүгінгі таңда елдегі судьялар корпусына қатаң талаптар қойылып, танымдық-ағартушылық мақсаттағы жұмыстар тереңдетіле жүргізілуде. Қолданыстағы заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі де заман талабынан туып отыр. Ендеше, бұл тұрғыдағы бүгінгі үгіт-наси-

хат, танымдық-ағартушылық жұмыстардың қарқынды жүргізілуі де дер кезіндегі іс-шаралар деп ойлаймын.

Мемлекет басшысы 2014 жылдың 5 шілдесінде Қазақстан Республикасының әкімшілік құқықбұзушылық туралы Кодексіне қол қойған, онда әкімшілік құқықбұзушылыққа қатысты заңдылықтың жетілдірілуі мен жаңаруы сөз болып, Кодекстің азаматтардың құқықтарына қарсы қолсұғушылық болған жағдайда ол азаматтардың қорғалуын және мемлекеттің әділдік жолындағы мүддесін биіктетуге еңбек ететіні айтылған. Кодекс 920 баптан құралған. Онда уақыт сүзгісінен өткен қолданудағы әкімшілік құқықбұзушылық Кодексі мен Жалпы, Негізгі және Рәсімдік бөлімдеріне бөлінген құрылымы сақталған.

Кодекстің жаңа редакциясы бұған дейін кездескен кедергілерді жойып, азаматтардың құқық-

тарының жоғарғы деңгейде қамтылуын көздеген баптармен толықтырылып, өңделген. Құқықтық сауаттылыққа негізделген құжат елдің құқықтық тұрғыда сауаттанып, қоғам мүшелерінің білікті де білімді азаматтар ретінде қалыптасуына лайықталды.

Мұнымен бірге, әкімшілік құқық бұзушылық заңдылығын жетілдірудің бірден-бір себебі ретінде жазалаушылықтың азайғанын айтуға болады. Жазалау саясатының талай жылдардан бергі қолданыстары сүзгіден өтіп, бұл заңбұзушылықтар да бүгінгі таңда өркениетті, адам факторын алға шығаратын ізгелендіруге қарай жол тартты. Жеке жағдайларда қылмыстық-құқықтық санкциядан асатын әкімшілік өндіріп алудың шектен тыс жазалаушылығы болатын. Осы тұста, Жаңа Кодекстің бірнеше маңызды қосымшаларын атап өткен жөн. Әкімшілік қамау түрінде тұлғаға әкімшілік өндіріп алу арқылы айып салудың құқық бұзушылық құрамдары қысқартылған; бұл бөлімдегі ӘҚБК жаңаруы қылмыстық заңдылықтың реформалануымен байланысты. Қылмыстық кодекстің жаңа редакциясының қабылдануы ӘҚБК құрылымына әсерін тигізбеуі мүмкін емес, өйткені онда құқыққа қарсы әрекеттің «қылмыстық тәртіпсіздік» сияқты жаңа түрі енгізілген, ол әкімшілік құқық бұзушылық және қылмыс арасындағы аралық тізбекті көрсетеді.

Жаңа нұсқада медициналық сипатта мәжбүрлеу шаралары сияқты әкімшілік-құқықтық шаралар толығымен алынып тасталған. Заман талабы қоғамның ізгіленгенін қалайды. Осы ретте, ізгілендіру әкімшілік өндіріп алу түрі сияқты ескертуді қолданумен аясын кеңейтті. Шағын кәсіпкерлікке айыппұл мөлшерін кішірейтумен, әкімшілік қамаудың ұзақ мерзімін 30 тәулікке дейін қысқартуда атап өтуге тұрарлық тұс. Бұл өз кезегінде өзгеріске сұранып тұрған тұстар болатын.

Жаңа енгізілген қағидаттар енді судьяға, мекемелер мен

Жаңа енгізілген қағидаттар енді судьяға, мекемелер мен түрлі органдарға, лауазымды тұлғаға мән-жай жауапкершілігін жеңілдетуді қалыптастыру үшін айыпталушы жеке тұлғаға әкімшілік айыппұл сомасын жалпы соманың 30 пайызына дейін қысқартуға мүмкіндік береді. Берілген тетік айыппұлдың жартысын төлеу мүмкіндігі арқылы құқық бұзушының жағдайын жақсартады. Бұндай ізгілендіру негізіндегі қадамдар оңды өзгерістерге негіз болатыны анық

түрлі органдарға, лауазымды тұлғаға мән-жай жауапкершілігін жеңілдетуді қалыптастыру үшін айыпталушы жеке тұлғаға әкімшілік айыппұл сомасын жалпы соманың 30 пайызына дейін қысқартуға мүмкіндік береді. Берілген тетік айыппұлдың жартысын төлеу мүмкіндігі арқылы құқық бұзушының жағдайын жақсартады. Бұндай ізгілендіру негізіндегі қадамдар оңды өзгерістерге негіз болатыны анық. Сонымен қатар, мұндай амал әкімшілік айыппұлдарды мәжбүрлеп өндіріп алуда мемлекеттің шығындарын азайтады, ал, ең бастысы, мемлекет бюджетін дер кезінде толықтыруға мүмкіндік береді. Заңсыздықтардың жолын кеседі.

Жаңа кодексте әкімшілік құқықбұзушылық ісі бойынша өндірісті іске асыратын органның (лауазымды тұлғаның) іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым берудің жаңа 44 тарауы ескерілген, қазіргі қолданыстағы кодексте ол қағидалар жоқ. Көрсетілген тарау бойынша айыпталушы әкімшілік іс негізінде өндірісті іс қозғау сәтінен қаулыны шығаруға дейін іске асырылып жатқан органдар мен лауазымды тұлғалардың түрлі іс-әрекеттерімен келіспеуге болады.

Әкімшілік құқықбұзушылық кодексі мен Қылмыстық іс жүргізу кодекстерінде аз-кем ұқсастықтар бар. Әкімшілік құқық бұзушылық істері бойынша қайта қосылған мән-жайларға байланысты заңдық күшіне енген сот қаулыларын қайта қарау институты енгізілген. Кодекстегі қайта қарастыру негіздеріне құқық бұзушыға бұған дейін таныс болмаған іс жүзіндегі

жағдайлар, заңды күшіне енген сот шешімімен куәгерлердің жалған берген түсініктемелері, сарапшы қорытындысы, берілген әкімшілік құқық бұзушылық ісінде Қазақстан Республикасы Конституциялық Алқасымен танылған конституциялық емес заңның немесе басқа нормативтік құқықтық актінің қолданылуы және тағы басқаларын жатқызуға болады.

Ең негізгі қосымшалардың бірі ретінде әкімшілік құқық бұзушылық істері және өтініштерді қарастыру қорытындылары, оларға деген наразылықтар бойынша заң күшіне енген қаулылардың кассациялық тәртіппен қайта қарастыратын институты енгізілгендігін атауға болады. Қазіргі қолданыстағы кодексте шағым берудің кассациялық тәртібі жоқ.

Әкімшілік құқық бұзушылық ісі бойынша өндірістің қысқартылған институты енгізілген. Әкімшілік құқық бұзушылық ісі бойынша қысқартылған өндірісі әкімшілік өндіріп алу түрінде айыппұлмен, өз кінәсін мойындайтын және салынған айыппұл көлемімен келісетін жеке тұлға ескерілген болса, лауазымды тұлғамен құқық бұзушылық фактісі оны іске асыру кезінде табылса жүзеге асады. Мұндай жағдайда лауазымды тұлғамен әкімшілік құқықбұзушылық туралы хаттама оны іске асыру жерінде жазылды және тұлғаға жеті тәулік ішінде берілген айыппұл сомасының 50 пайызы көлемінде айыппұлды төлеу құқығы түсіндіріледі. Оның жұмыс істеу қағидасы көрсетілген тәртіп негізінде

жүзеге асады. Жеке тұлғаға айыппұлды салғаннан кейін жеті тәулік ішінде белгіленген айыппұлдың тек жартысын төлеу құқығы ұсынылады. Берілген тетік айыппұлдың жартысын төлеу мүмкіндігі құқықбұзушыға қарастырылған жеңілдік десек те болады. Сонымен қатар, мұндай амал әкімшілік айыппұлдарды мәжбүрлеп өндіріп алуға мемлекеттің шығындарын азайтады, ал, ең бастысы, бұл өзгерістердің бәрі мемлекет бюджетінің дер кезінде толықтыруына ықпал етіп, мүмкіндік береді.

Жаңа Кодексте әкімшілік құқық бұзушылық іс өндірісі бойынша қатысушыларды ескерту институты Әкімшілік құқықбұзушылық кодексіне ұқсас түрде жетілдірілген. Әкімшілік құқық бұзушылық іс өндірісі жүргізілетін тұлғаға ҚР ӨҚБК-нің арнайы 743-бабы, яғни, құқықбұзушы іспен танысу кезінде өзінің қолымен мекен-жайын, жұмыс орнын, ұялы телефонының абоненттік нөмірін, электрондық мекен-жайын растайды, ал, бұл байланыстарға жіберілген ескерту (хабарландыру) тиісті және жеткілікті болып есептеледі. Осындай жолдар арқылы жүзеге асатын жаңартылған ереже әкімшілік істерді қарастыруды жеделдеті түседі. Халықтың сот билігіне қолжетімділігі осындай жолдар арқылы жүзеге асады. Құжатта хаттаманы құрастырушы органға (лауазымды тұлғаға)

кемшіліктерді жою үшін әкімшілік құқық бұзушылық хаттамасы және басқа іс материалдарының қайтарылу қағидасы алынып тасталған. Берілген жағдайда қателер сот немесе әкімшілік іс қарауы кезінде және сәйкес түрде ескеріліп бағалануы тиіс, сонымен қатар, ол іс бойынша өндірістің тоқтау негізіне қызмет етуі қажет. Бұл тәсіл лауазымды тұлғаларды тиісті рәсімдеуде және құқығы жоқ тұлғалардың рәсімдеуіне тыйым салу арқылы құқықбұзушылықтың алдын алып, оған ниеттіні тәртіпке үйретеді.

Жаңа Кодексте дәлел және дәлелдеу институты күшейтілген. Мысалы, әкімшілік құқықбұзушылық ісі бойынша сарапшының қорытындысымен қатар маман қорытындысы да дәлел бола алады. Іс бойынша дәлелдер тізіміне ғылыми-техникалық құралдарды қолдану кезінде алынған материалдар енгізілген. Бұл дәлелдеу процесі кезінде автокөлік бейнерегистраторларда, қоғамдық жерлердегі бейнекамераларда тіркелген мағлұматты қолдануға мүмкіндік береді. Сот ісінде бұл қондырғылардың да маңызы ерекше, көмегі зор.

Кодексте төменгі шектер алынып тасталған және айыппұлдың анықталған абсолюттік мөлшері бекітілген. Бұл жағдайда сыбайлас жемқорлықтың құраушысы жойылады, белгіленген айыппұл мөлшері заңдылықтың жазалаушы ретіндегі рөлін ғана

төмендетіп қоймайды, сонымен қатар, жекелеген жазаның жағдайын төмендетеді. Атап айтсақ, ҚР ӨҚБК 820-бабында сот мәжілісінің хаттамасы енгізілген. Сот мәжілісінің бірінші инстанциясында хаттама жүргізіледі. Егер де әкімшілік құқықбұзушылық іс жүргізілетін тұлға өз кінәсін толығымен мойындаса, дәлелді зерттеу қажеттілігі туралы мәлімдемесе сот мәжілісінің хаттамасын жүргізу міндетті емес.

Кассациялық тәртіпте әкімшілік құқықбұзушылық істері бойынша заң күшіне енген қаулыларды қайта қарау тәртібі енгізілген. Қаулыларды қайта қарау әкімшілік жауапкершілікке тартылған тұлғаның, жәбірленуші немесе олардың заңды өкілдерінің өтініші бойынша мүмкін болады, ал, қолданыстағы Кодекс бойынша бұл тәртіп Бас прокурор және оның орынбасарларының наразылықтарын енгізу бойынша ескеріледі. Қолданыстағы және жаңа Кодексте Жоғарғы сотта қайта қарастыру негіздемесі Бас прокурор және оның орынбасарларының наразылығы бойынша іске асады.

Әкімшілік жауапкершілік құқық қорғаушы органдарымен қатар қарапайым азаматтарға да үлкен жауапкершілік артады. Жаңа өзгерістер мен толықтырулармен танысқан кез келген қоғам мүшесі еліміздің құқықтық мақсатының алға қарай ілгерлегеніне куә болған болар еді. Көптеген жазалардың ізгілендіріліп, түсінік аясын кеңейтуі де білікті мамандардың тынымсыз ізденісінен туды.

Кодекстің жаңа редакциясы болашақта құқықты қолданушы органдардың қызметіне негізделген көптеген институттар мен қағидаларды жүзеге асырады, бұл өз кезегінде әкімшілік-шетін заңдылықтың жаңа кезеңі болып саналады. Құқықтық даму жолындағы өркениетті мемлекеттің қашанда заңдық тұрғыда жетілдіріліп отыруы уақыт талабы. Адам құқығы мен азаматтар мүдесінің қорғалуы да осы заңдардың озықтығында, өркениет көшіне лайықтығында.

Жаңа Кодексте дәлел және дәлелдеу институты күшейтілген. Мысалы, әкімшілік құқықбұзушылық ісі бойынша сарапшының қорытындысымен қатар маман қорытындысы да дәлел бола алады. Іс бойынша дәлелдер тізіміне ғылыми-техникалық құралдарды қолдану кезінде алынған материалдар енгізілген. Бұл дәлелдеу процесі кезінде автокөлік бейнерегистраторларда, қоғамдық жерлердегі бейнекамераларда тіркелген мағлұматты қолдануға мүмкіндік береді. Сот ісінде бұл қондырғылардың да маңызы ерекше, көмегі зор



Нұргүлсім БЕСБАЕВА
Қызылорда облыстық сотының судьясы



ШАҒЫН МЕМЛЕКЕТТІҢ ШАТТЫҒЫ ШАЙҚАЛМАСЫН

Отбасы құндылығы – мемлекеттің ұстанып отырған басты саясаты. Шаңырақтың үйлесімді дамуы мемлекеттің іргетасының берік болуына қызмет етеді. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың әр жылда халыққа арнайтын жолдауында да отбасылық құндылықтарды сақтау, бала тәрбиесі мәселесін дәріптеу, ата-аналардың балаларын шынайы қамқорлыққа алу мәселелері тұрақты сөз болып келеді. Отбасы – сыйластық, жарастық орнаған орта, шағын мемлекет іспеттес. Онда ертеңгі елдің тұтқасын ұстайтын азамат тәрбиеленеді. Сондықтан одан берілетін тәрбие мен әдет-ғұрып, дәстүрдің сақталуы ерекше мәнге ие. Алайда, бүгінде түрлі жағдайлармен шаңырақтар шайқалып, бала тағдыры мен тәрбиесіне өз деңгейінде көңіл бөлінбей жатқандығы жасырын емес. Бұрынғы ата-бабамыз ерекше қастерлеген отбасылық құндылық мәселесі неге төмендеп кетті?

Әрқайсысының өз дәлелі бар. Бірі – тұрмыстық жағдайды алға тартса, енді біреулерінің мінездері сәйкес келмейді-мыс. Не десек те, ажырасудың аты – ажырасу. Одан қоғамға да, адамға да келіп жатқан пайда шамалы, зардабы көп. Басқасын айтпағанда, екі ортада шырылдап, түкке түсінбей, көздері жәудіреп бала қалады. Оған ата-анасының екі жаққа бөлініп кеткендігі оңайға тимесі анық. Ажырасу баланың психикасына салмақ салады. Әр бала мінезіне сай екі жаққа бөлінуін түрліше қабылдауы мүмкін. Кейбірі қасақана теріс жолға түсіп, қылмыс жасауға бейім тұрады. Бұл баланың «кек алудағы» бір тәсілі десек те болар. Кейбір балалардың күнделікті кикілжің мен ұрыскерістен шаршағандықтан өмірге қызығушылығы азаяды. Жуырда Қызылорда облыстық сотының азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына ажырасқан ерлі-

зайыптылардың ісі түсті. Талапкер сотқа берген талап арызында Жаңақорған аудандық сотының шешімімен азаматшасымен араларындағы некесі бұзылып, кәмелетке толмаған 3 баласы анасының тәрбиесінде қалдырылған. Үш баласы үшін айлық табысының $\frac{1}{2}$ бөлігінде алимент төлеп отырған, алайда, олардың 2002 жылы туылған баласы сот шешімімен анасына берілгенімен, анасына бармай, әкесімен бірге тұрып келген.

Сот отырысында талапкер баласы қазір де өзімен тұратынын, баласын асырап бағуға, тәрбиелеуге толық мүмкіндігі барын, баланың қалауы солай болғандықтан, соттан баласын өзінің тәрбиесіне қалдырып, алимент мөлшерін азайтуды сұрайды. Ал, жауапкер талапты мойындамай, үш баласы бірге, анасының бауырында өсуі тиіс екенін, баланы анасынан айырмауды, талапты қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Отбасы – сыйластық, жарастық орнаған орта, шағын мемлекет іспеттес. Онда ертеңгі елдің тұтқасын ұстайтын азамат тәрбиеленеді. Сондықтан одан берілетін тәрбие мен әдет-ғұрып, дәстүрдің сақталуы ерекше мәнге ие. Алайда, бүгінде түрлі жағдайлармен шаңырақтар шайқалып, бала тағдыры мен тәрбиесіне өз деңгейінде көңіл бөлінбей жатқандығы жасырын емес. Бұрынғы ата-бабамыз ерекше қастерлеген отбасылық құндылық мәселесі неге төмендеп кетті?

Екі жақтың да талаптарын, ұстанымдарын дұрыс емес деп көріңіз! Ананың үш бала да бірге, көз алдында болуын талап етуі табиғи, солай болуы тиіс жағдай. Ал, өзінен айырылмай тұрған баланы көкірегінен итермей, бауырына алғысы келген әкені қалай кінәлайсыз? Оның талабын қалай негізсіз дейсіз?! Оның үстіне Қазақстан Республикасының Неке /ерлі зайыптылық/ және Отбасы туралы кодексінің 62-бабының 1-бөлігінде – бала отбасында өз мүдделерін қозғайтын кез келген мәселені шешу кезінде өзінің пікірін білдіруге, сондай-ақ кез келген сот немесе әкімшілік ісін қарау барысында тыңдалуға құқылы. Бұл өз мүдделеріне қайшы келетін жағдайларды қоспағанда, он жасқа толған баланың пікірі міндетті түрде ескерілуге тиіс. Осы Кодексте көзделген жағдайларда, қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдар немесе сот он жасқа толған баланың және заңды өкілдердің қатысуымен өзі берген келісімімен ғана шешім қабылдай алады. Осы заңның аясында соттың шешімімен талап арыздың иесінің талап арызы қанағаттандырылып, он бір жастағы баласы әке тәрбиесінде қалдырылып, төлеп жатқан алимент мөлшері азайтылды. Бұл жерде баланың санасы дүбәра халге түскені айтпаса да түсінікті. Бала ата-әженің, әке мен шешенің тәлімін көріп бой түзейді. Жақсылықты да, жамандықты да отбасынан алады. Олар барлығын көзбен ұғады. Ата-ана ажырасып, оны-

мен қоймай, балаға таласып жүргенде бала тәрбиесі ақсай беретіні анық. Қоғамда ақ некеден аттап қосылған жастардың ажырасуы жиілеп барады. Тіпті, бір кездері қызыға да қызғана қарайтын ерлі-зайыптылардың ажырасып жатқандығына да етіміз үйренгендей. Ол түгілі 60 жастан асып, 70 жасты еңсергелі отырған ерлі-зайыптылардың ажырасуы заманның кері кеткенінің белгісі емес пе? Үлгі болар ересектеріміз осы болса, жастарға не өкпе айтуға болады?

Мәселен, жуырда 70-ке таққан шағында ажырасып, енді ортақ мүлікке таласып жатқан талапкер мен жауапкердің ісі Қызылорда облыстық сотының азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі апелляциялық сот алқасында қаралды. Ажырасуда есін жимаған олар мүлікке келгенде бітімге келді. Сондықтан сот бітім келісімін бекітіп, істі өндірістен қысқартты. Бұл жерде айтпағым, ақ жаулықты аже мен немересіне үлгі болар атаның ұрпағына беретін тәрбиесі, қалдыратын қазынасы ұрыс-керіс, қарашаңырақты күйрету болса, жастарға не айтамыз?

Шаңырақты шайқалтуға әкеп соғатын жағдайлардың бірі материалдық жетіспеушілік. Осындай себеппен отбасында шырғалаң туғанда үлкендердің жастарды қолдауы – зор көмек.

Тәрбие-талбесіктен басталады. Ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз етуде отбасы үлкен рөл атқарады. Ата-ананың мейірімін көріп өскен бала ертеңгі мемлекетіміздің абыройы. Шын-

дығында, ажырасу – өте қауіпті дерт. Ел боламыз десек, ең бірінші шағын мемлекетімізді түзеуіміз қажет.

Дәм-тұзы жараспаған ерлі-зайыптылар екі бөлек кетсе де, бала тәрбиесі мен оны бағып-қағу ортақ болып қалады. Өкінішке қарай, бұл жауапкершілікті бірігіп көтеретін ер-азаматтардың қатары да сирек. Соттар некені бұзу туралы істерді қарағанда 2011 жылы 26 желтоқсанда қабылданған Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексті басшылыққа алады.

Айта кетерлігі, судья үшін бұл санаттағы істер заңды дұрыс қолданумен қатар шыдамдылықты, байыптылықты, кәсіби шеберлікті талап етеді. Тараптардың дұрыс шешім қабылдауына бағыт-бағдар беріп, оларды бітістіру судьяның жоғарғы кәсіби біліктілігінің көрсеткіші.

Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодекстің 22-бабына сәйкес некені бұзу туралы шешім шығару кезінде сот төмендегі мәселелерді шешуі тиіс:

1. Кәмелетке толмаған балалары өздерінің қайсысымен тұратындығы туралы, балаларды және (немесе) еңбекке қабілетсіз мұқтаж жұбайын күтіп бағуға қаражат төлеу тәртібі, осы қаражаттың мөлшері туралы не ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу туралы келісімді соттың қарауына ұсына алады.

2. Ерлі-зайыптылардың арасында осы баптың 1-тармағында көрсетілген мәселелер бойынша келісім болмаған жағдайда, сондай-ақ, осы келісім балалардың немесе ерлі-зайыптылардың біреуінің мүдделерін бұзатындығы анықталған жағдайда, сот:

- неке (ерлі-зайыптылық) бұзылғаннан кейін кәмелетке толмаған балалар ата-анала-рының қайсысымен тұратындығын айқындауға,

- ата-аналардың қайсысы және қандай мөлшерде балаларды күтіп бағуға алименттер төлейтінін айқындауға,

- Кәмелетке толмаған балалардың және ерлі-зайыптылардың өздерінің мүдделерін ескере отырып, ерлі-зайыптылардың талап етуі бойынша олардың бірлескен

ортақ меншігіндегі мүлікті бөлуге,
- Жұбайынан ақша қаражатын алуға құқығы бар екінші жұбайдың талап етуі бойынша осы қаражат мөлшерін айқындауға міндетті.

3. Егер мүлікті бөлу үшінші бір адамдардың мүдделерін қозғайтын болса, сот мүлікті бөлу туралы жеке іс жүргізуді талап етуге құқылы.

Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодекстің 139 бабында көмелетке толмаған балаларды күтіп-бағуға сот тәртібімен өндіріп алынатын алименттің мөлшері бекітілген. Бір балаға-ата-анасы табысының, өзге де кірісінің төрттен бірі, екі балаға-үштен бір бөлігі, үш және одан да көп балаға тең жартысы өндіріп алынады. Заңда көрсетілген шектен өндірілетін алимент мөлшері көбейген жағдайда алимент төлеуші тарап алимент мөлшерін азайту жөнінде талап арыз береді. Соттар негізінен, алимент мөлшерін заңда қаралған мөлшерге дейін азайтады. Дегенмен, заңды теріс мүддесіне пайдаланып, бірге тұратын балалары үшін алимент өндіру туралы сот актісін шығартып алып, алимент мөлшерін азайтуға талап арыз берушілер көбейген. Мұндайда соттар заңда көзделгендей, тараптардың материалдық жағдайларын және назар аударарлық өзге де мән-жайларды ескере отырып, алимент мөлшерін кемітеді. Осы орайда Қызылорда қаласының № 2 сотының бір талапкерден жауапкерге бір баласы үшін төленетін алимент мөлшерін азайту туралы талап арызын қанағаттандырусыз қалдырған шешімі сот тәжірибесінде назар аударуға, қолдауға тұрады деп санаймыз.

Істің мән-жайына қарағанда талапкер бұрынғы әйелінің тәрбиесінде қалған 2001 жылы туған баласына сот бұйрығымен айлық табысының ¼ мөлшерінде алимент төлеуге тиіс болған. Алайда алиментті жүйелі түрде төлемеген. Алимент жөніндегі қарызы 566 166 теңге болған. Өзімен бірге заңды некеде тұратын әйелінің пайдасына қолындағы екі баласын асырауға айлық табысының 1/3 бөлігінде алимент өндіру туралы сот бұйрығы шыққан. Сөйтіп, талапкер үш

балаға айлық табысының 58 пайызы алимент төлеуге кететінін көрсетіп, өзінен бөлек тұратын балаға төленетін алимент мөлшерін азайтуды сұраған. Сот талапкердің екі баласы өзінің қамқорлығында екенін, ал өзінен бөлек тұратын баланың анасы еңбекке жарамсыз және жұмыссыз, отбасына келетін өзге табыстың жоқтығын ескеріп, әке қамқорлығынсыз қалған баланың материалдық жағдайын онан әрі төмендетудің әділеттік пен парасаттылық өлшемдеріне сай еместігін көрсетіп, алиментті азайту жөніндегі талапты қанағаттандырусыз қалдырған. Іс апелляциялық тәртіпте қаралып, сот шешімі өзгеріссіз қалдырылды.

Сот шешімі бойынша шыққан алиментті уақытында төлемей жүрген азаматтардың жеке меншігінде тіркелген жылжымалы және жылжылмайтын мүліктеріне тыйым салынады. Алайда ажырасқаннан кейін құлыққа көшетіндер де жетерлік. Туған баласынан табысын, дүние-мүлкін жасыратын, неғұрлым аз мөлшелерде алимент төлеудің сан түрлі амалын іздеп, барлық ауыртпалықты бұрынғы жұбайларына артып қоятын арысз әкелер де баршылық. Мысалға айтар болсақ, Қызылорда қалалық сотында қаралған істі айтып өтуіме болады. Талапкер жауапкерден мүгедек баласын күтіп-бағу үшін қосымша шығыстарға байланысты 30 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде алиментті баласы он алты жасқа толғанша өндіруді сұраған талап арызбен сотқа жүгінген. Арызда жауапкермен араларындағы заңды неке 2005 жылы бұзылып, ортақ некеден араларында үш балалары бар екенін көрсеткен.

Жауапкермен бірге тұрған кезінде баласының абайсыз-

да көзінен жарақат алып, сол жарақаттың салдарынан бір көз ұяшығы ағып кеткен. Кәмелет жасына толмаған баласын талапкер Ресей Федерациясының Орынбор қаласына бірнеше мәрте ем алуға апарған. Осы күнге дейін қаражат жағынан өзінің ата-анасы қол ұшын беріп келген екен. Осыдан екі жыл бұрын Алматы қаласындағы Қазақ Ұлттық көз аурулар институтында көмелетке толмаған баланың көзіне ота жасалып, көзінің орнына протез көз қойған және ол протез көзді алты ай сайын ауыстырып тұру қажет.

Сот мәжілісіндегі түсінігінде талапкердің талап арызын қуаттап, әкесі жауапкер тарапынан осы уақытқа дейін баласына мүгедек екендігін біле тұра, қаржылай көмек көрсетпейтінін, алайда, материалдық жағдайы жақсы екендігін, жауапкердің барлық жағдайының барын, байқуатты екендігін айтып, 30 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, баласы он алты жасқа толғанша алимент өндіруді сұраған.

Жауапкер алимент мөлшерін азайту мақсатында өзінің әкесінің шаруа қожалығына формальді тіркеліп, көзбояушылықпен балаларына айлық табысының тең жартысын төлеп келген.

Туған баласының несібесін аузынан жырып, қара басының қамын күйттеген мұндай әкелер ар алдында да, Алланың алдында да жауапты екенін сезіне ме екен? «Жаста берген тәрбие – жас шыбықты игендей», – деп Ы.Алтынсарин айтпақшы, ел басшысынан бастап даладағы еңбекшіге дейін ата-анадан тәрбие алып шығатыны белгілі. Ал, тәрбиеде кеткен қателікті түзеу оңай іс емес. Сондықтан да ажырасуға бел буған кезде, араларындағы балаларының құқықтарын да бір сәтке ескерген жөн.

Тәрбие-талбесіктен басталады. Ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз етуде отбасы үлкен рөл атқарады. Ата-ананың мейірімін көріп өскен бала ертеңгі мемлекетіміздің абыройы. Шындығында, ажырасу – өте қауіпті дерт. Ел боламыз десек, ең бірінші шағын мемлекетімізді түзеуіміз қажет



Сәуле БАЛТАБАЕВА
Астана қаласы Есіл аудандық
сотының судьясы

ДАЛА ЗАҢЫНАН ДАРА ЗАҢҒА ДЕЙІН

«Медиация туралы» заң дала даналығының дара заңдылыққа айналуының нақты көрінісі. Елімізде 2011 жылдың 28 қаңтарында шыққан және қолданысқа тамыз айында енген «Медиация туралы» заң сот жүйесіне жаңашыл өзгеріс енгізіп, дауды шешудің тағы бір тиімді жолын айқындап берді.

Бұл заң қолданысқа енгізілгенге дейін талай құқықтық сүзгіден өтті. Өзге елдердің тәжірибесі сараланып, оның өз еліміздің құқықтық негізімен ұқсастығы, айырмашылығы ескерілді. Қазақстандық құқықтану қоғамы дамыған мемлекеттерде дауларды шешу барысында сәтті қолданылып жүрген заңнамалық жаңалықтардан тыс қала алмады. Көптеген зерттеушілер сотқа дейінгі бітімге келу институттарының дамуын бақылап, оның халықаралық стандарттарға сәйкестігін басты назарға алып отыр. «Медиация туралы» Заң осы тынымсыз

ізденістің қорытындысы болды. Жаңа Заң ресми түрде 2011 жылғы 5 ақпанда жарияланды және сол арқылы азаматтардың құқықтарын қорғаудың балама нысандары дамуының жаңа кезеңін белгіледі. Медиация делдалдықтың нысаны ретінде біздің Республикада жеке іс жүргізу құқығы институты ретінде заңды түрде бекітілді, заңнаманың ойынша олар соттарға нақты және жүйелі бәсекелес болуы қажет.

Жалпы алғанда бітімгершілік біздің бітімшімізге, болмысымызға жат емес. Билер сотының қазақ қоғамында құқықтық мәдениеттің қалыптасуында атқарған рөлін тарихқа үңілген кез келген жанның бағамдары анық.

Билер – бүгінгінің судьялары. Билердің беделі халықтың мойындауымен, тануымен артып отырды. Өзі сыйлаған, өзі дәрiптeгeн, өзі мойындаған адамның билігін ешкімнің бұзбайтыны, бұл өз кезегінде тәуелсіз,

әділетті сот төрелігін жүзеге асыруға негіз болғаны даусыз. Билер халықтың сенімді өкілі, халықтың ары болып табылды. Олар қазақ құқығының басты жүктеушісі, мемлекеттің барлық құқықтық функцияларын іске асырушы: білгір, шешен, көреген, заңнамаларды қорғайтын және реформалайтын, сондай-ақ, хандардың және сұлтандардың кеңесшілері болды. Бұрын қазақ қоғамындағы әділетті, тура төрелікті қамтамасыз еткен де осы билер. Қазақ халқы үшін бітімгершілік – билік айтудың ең озық өнегесі. Тоқсан рулы елдің дауларын тоғыз ауыз сөзбен түйіндеп, татуластырып отырған дана бабаларымыздың бірегей дара тұлғалары – Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билер бастаған дана билер ел арасындағы кез келген дау-дамайды бітімгершілік жолмен шешіп, халқымыздың бірлігін, жеріміздің тұтастығын сақтап отырған.

Билер салған сара сүрлеуді жаңғыртып, әлемдік заңдылықтарды саралай отырып, оған соны толықтырулар қосып Қазақстанда «Медиация туралы» заңның дүниеге келуі ең алдымен қоғамның қажеттілігін өтеді. Екіншіден, бұл заң елдегі тыныштық пен татулықты сақтап, азаматтардың арасындағы дауды тым алысқа созбай шешімін табуымен құнды болды.

Медиация – (латын тілінен *mediatio* – делдалдық, ағылшын тілінде – *mediation*) – дауды шешу жолында тараптардың өзара әрекетке түсуін жүзеге асыратын кәсіби медиатордың көмегімен және ерекше іс жүргізу жағдайлары бойынша дауды шешудің мүмкіндігі мол, осы дауға қатысушылардың біріге отырып мәселелерді шешу процесі. Медиацияны кең тараған делдалдық және бітімге келу рәсімдерінің «жетілген нысандарымен» теңеуге болады, демек, медиацияның көп ғасырлар бойы бітімге келуге қызмет еткенін аңғаруға болады.

Медиация – үшінші бейтарап тұлға – медиатордың көмегімен іске асырылатын соттан тыс дау-жанжалды шешу рәсімі. Медиация дау-шарларды балама шешудің неғұрлым жұмсақ нысаны болып табылады. Медиацияның тиімділігі жөнінде тағы бір ескере кететін жайт мұнда екі тарап ортақ келісімге келетіндіктен, шешімнің орындалу деңгейі жоғары болмақ. Соттағы іс жүргізу процесінен айырмашылығы, медиация – еркін процесс. Заң қоғамдық қатынастарды реттеуді қамтамасыз етуге шақырады, жалпы ережелерді белгілейтін нормаларды қамтиды: медиацияның жүргізілуін қамтамасыз ететін ұйымдастыру және медиаторлардың құқықтық жағдайын бекітеді.

Заңға сәйкес медиация рәсімін медиатор жүргізеді, яғни ол тараптармен кәсіби және кәсіби емес негізде медиацияны заң талаптарына сәйкес жүргізуге тартылған тәуелсіз

Билер – бүгінгінің судьялары. Билердің беделі халықтың мойындауымен, тануымен артып отырды. Өзі сыйлаған, өзі дәріптеген, өзі мойындаған адамның билігін ешкімнің бұзбайтыны, бұл өз кезегінде тәуелсіз, әділетті сот төрелігін жүзеге асыруға негіз болғаны даусыз. Билер халықтың сенімді өкілі, халықтың ары болып табылды. Олар қазақ құқығының басты жүктеушісі, мемлекеттің барлық құқықтық функцияларын іске асырушы: білгір, шешен, көреген, заңнамаларды қорғайтын және реформалайтын, сондай-ақ, хандардың және сұлтандардың кеңесшілері болды. Бұрын қазақ қоғамындағы әділетті, тура төрелікті қамтамасыз еткен де осы билер

жеке тұлға. Жоғары білімі бар, жиырма бес жасқа толған, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен бекітілетін медиаторларды даярлау бағдарламасы бойынша оқытудан өткенін растайтын құжатты (сертификаты) бар және кәсіпқой медиаторлар тізілімінде тұрған тұлғалар медиатор қызметін кәсіби негізде жүзеге асыра алады. Қырық жасқа толған және кәсіпқой емес медиаторлар тізілімінде тұрған тұлғалар медиатор қызметін кәсіби емес негізде жүзеге асыра алады.

Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті және оған теңестірілген; заңда белгіленген тәртіппен сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған; оған қатысты қылмыстық қудалау жүзеге асырылатын; заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адам медиатор бола алмайды. Медиатордың негізгі функциясы: тараптардың бірыңғай көзқарасын қалыптастыру, бұл ретте медиатор мәселені шешу жолын өз көзқарасы бойынша тараптарды көндіруге құқылы емес, себебі бұл кезде тараптар жүргізілген рәсім нәтижесінің дұрыстығына

кәміл сенеді. Сонымен қатар, осылайша қол жеткізілген келісім олардың жеке қатынастарына да қатысты болуы мүмкін. Заңға сәйкес, медиация рәсіміне қатысудың шарты тараптардың өзара ерікті ниет білдіруінен көрініс табады. Дегенмен, екі тарап өзара ерікті ниет білдіріп отырса, олар медиатор іздемей-ақ мәселелерін өзара шешуге, ортаға араағайындарды салуға талаптанып жатады. Алайда, бұл заңға сай емес, ауызша келісімшарт болып табылады. Осы заңның 20 бабының 3 тармағында: «судьялардың және қылмастық қудалауды жүзеге асыратын органдар лауазымды тұлғалардың тараптарды қандайда болмасын нысанда медиацияға мәжбүрлеуге құқығы жоқ» делінген. Тарапқа медиацияға жүгінуге ұсынысты басқа тараптың өтініші бойынша, сот немесе қылмыстық қудалау органы жасауы мүмкін.

Жалпы, медиация тәсілімен дауды (дау-шарды) реттеу азаматтық іс жүргізуде кең көрініс алған. Тәжірибе, бұл заңды қылмыстық іс жүргізуде де қолдануға болатынын, тіпті, қолдану керектігін көрсетті. Ереже бойынша, көп жағдайларда,

жәбірленуші мен қылмыс жасауда айыпталушының арасында жағымсыз қатынас орнығып, жәбірленуші жақ байланысқа ауыр және өте сирек түседі. Айыпталушы, жәбірленушіден кешірім сұрап, келтірілген залалдың орнын толтырғысы келгенімен, жәбірленушінің көкейінде ұялаған реніштен, байланысқа шыға қоймайды. Осындай жағдайда, медиатор көмекке келуі мүмкін. Ол қылмыстық істің нәтижесіне қызығушылық танытпайтын, тәуелсіз жеке тұлға ретінде қарастырылады. Оның басты мақсаты екі жақты татуластыру.

Қылмыс жасауда кінәлінің өтініші бойынша медиатор жәбірленуші жақпен келіссөзге түседі, одан ол қандай жағдайда татуласуға келісетінін, оған кінәлінің жасаған қылмысына опық жеп жүргендігін, шын жүректен өкінетінін, шынымен кешірім сұрайтынын және жәбірленуші алдында кетірген залал үшін ерікті түрде орнын толтыруға іс-әрекет жасауға дайын екендігін жеткізеді. Екі жақпен мұндай келісімге келген жағдайда ҚР «Медиация туралы» Заңының 27 бабының 6 тармағы бойынша: «Қылмыстық

